

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРАЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор; **Михайлова Н.Б.** – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия); **Мархадаев Л.В.** – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Айталы А.** – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, филос.ғ.д., профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, геогр.ғ.д., профессор; **Бөлеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, пед.ғ.к., доцент; **Габбасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, филос.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – Қазақстан Республикасының Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі, фил.ғ.д.; **Қозыбаев І.М.** – Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында бас ғылым қызметкер, т.ғ.д., профессор; **Қалиев С.Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, пед.ғ.д., профессор; **Қойгелдиев М.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, ф.ғ.д., профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор; **Сарыбеков М.Н.** – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, пед.ғ.д., профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, пед.ғ.д., профессор; **Түрікпенов Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, пед.ғ.к., Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және докторантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Ізтілеуова С.Д.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, пед. ғ.к.; **Құрманғали А.К.** – педагогика ғылымдарының магистрі, жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор НИИ Формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – зам. директора НИИ Формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор; **Михайлова Н.Б.** – к.п.н., доцент, директор центра международного образования и научной информатизации (Германия); **Мардахаев Л.В.** – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества «Қазақ тілі», главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Айталы А.** – профессор Актюбинского государственного педагогического института, д.филос.н., профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, д.геогр.н., профессор; **Бөлеев К.** – зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского Государственного Педагогического Института, д.пед.н., профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», д.пед.н., профессор, академик НАН РК; **Берікханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Габбасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК; **Есім Г.** – депутат сената РК, д.филос.н., профессор, академик НАН РК; **Жарықбаев К.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т.Тәжібаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Қирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.Ауезова, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Қасқабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Қыдырәлиев Д.К.** – заведующий сектором Пресс-службы Президента РК, д.филос.н.; **Қозыбаев И.М.** – главный научный сотрудник Института стратегических исследований Казахстана, д.и.н., профессор; **Қалиев С.К.** – профессор кафедры «Общей педагогики» Казахского Государственного женского педагогического университета, д.пед.н., профессор; **Қойгелдиев М.К.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, д.и.н., профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, д.ф.н., профессор; **Мутанов Ғ.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры «Культурной антропологии» КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.; **Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.; **Нарибаев К.Н.** – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ректор Таразского государственного университета им. М.Х.Дулати, д.пед.н., профессор; **Сманов Б.О.** – начальник административного управления КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, д.пед.н.; **Туркпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Изтілеуова С.Д.** – ведущий научный сотрудник НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, д.ф.н.; **Шолпанқұлова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Құрманғали А.К.** – магистр педагогических наук, ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. –the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of RK, the professor, first deputy chief editor; **Seysenbaeva Zh.A.** – the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Mikhailova N.B.** – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany); **Mardahaev L.V.** – Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Kazak тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor, the academician of NAS RK; **Aytaly A.** –the professor of Aktobe State Pedagogical Institute, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of NAS RK; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M.Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – Head, Press Service of the President of Kazakhstan, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – chief research officer of the Institute for Strategic Studies in Kazakhstan, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketayeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the rektor of the Taraz State University named after M.H.Dulati, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Iztileuova S.D.** – the chief scientific collaborator of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doktor of philological sciences; **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K.** – Master of Pedagogical Sciences , the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



**«Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа,
шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін. Бұл жолда біздің ең басты
құндылығымыз – берекелі бірлігіміз»**

**ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы
Қазақстан халқына Жолдауынан**

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ



Темірхан Сақаулы ТЕБЕГЕНОВ –
филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып,
салт-дәстүр Академиясының академигі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың
лауреаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетіндегі
«Қазақ әдебиеті және журналистика»
кафедрасының меңгерушісі

Қазақстан – әлем өркениеті кеңістігіндегі танымал мемлекеттердің бірі. 1991 жылдың 16 желтоқсанның бастап Тәуелсіз мемлекеттер қатарында Қазақстан да материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша ұлттық және жалпы адамзаттық мәні зор игіліктерді игеруге белсене қатысып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіздігіміз жарияланған алғашқы күндерден бастап Отанымыздың әлем өркениеті кеңістігіндегі тұғырын нығайтуға арналған стратегиялық бағыттарды айқын белгілеп, жүзеге асыруға үкіметті, халықты жұмылдыру бағыттарын айқындай бастады. «Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты алғашқы Жолдауында Тәуелсіз елдің тұңғыш қадамдары басталған 1991-1995 жылдары арасындағы нәтижелеріне қорытындылар жасай келе, мемлекетіміз нығаюының нақты мақсаты мен міндеттерін атап көрсеткен еді: «Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күш-қуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды жөнсіз зая кетіруден сақтандырамыз.

Мықты стратегияға ие болып, әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере аламыз.

Бүгінгі таңда басымыздан кешіп отырған қиын жағдайлар бізді күш-қуатымыз бен үмітімізден айырмауы тиіс. Перспективаларымызды айқын ұғыну, жолымызда тұрған қиындықтар мен қауіп-қатерді бүкпесіз түсіндіру біздің

қоғамымыздың барша азаматтарын осынау ортақ міндетті шешу үшін жұмылдыруға жәрдемдеседі» (Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. Б. 5-6).

Нарықтық экономикалық қарым-қатынастар жолын демократиялық тұрғыда таңдаған Қазақстанның егемен тәуелсіз мемлекет болғанын нығайту, кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалардың, халықтың тұрмыстық әл-ауқатын көтеру шараларының жүргізіле бастауы, ғылыми және шығармашылық әлеуетті-әлемдік озық инновациялық, технологиялық жетістіктермен жетілдіре өрістету батыл шешімдермен қолға алынды. Қазақстанның табиғи ресурстары (мұнай, газ, кен, т.б.) тиімді пайдалануға да мән берілді. Ауыл шаруашылығындағы ұлан-байтақ алқаптарды жаңаша игерудің тиімді жолдары қарастырыла бастады. Қазақстан Республикасындағы негізгі мемлекет құрушы қазақ ұлтының тарихы, мәдениеті аясында топтасудың негізі қалыптаса бастады. Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілінің мемлекеттік қолдансы бекітіліп, оның жүзеге асырылуы біртіндеп пәрменді түрде жүзеге асырылуда. Әсіресе, Президент, облыс әкімдіктері және үкімет кеңселеріндегі іс-қағаздарының жүргізілуінде, мәжілістердің өткізілуінде қазақ тілінде еркін сөйлейтін, сауатты жаза білетін өзге ұлт (орыс, неміс, украин, т.б.) өкілдерінің белсенді қызмет атқаратыны қалыптасып келеді. Сонымен бірге, республикалық телеарналардағы («Хабар», «Қазақстан», т.б.) ақпараттық-насихаттық

бағдарламалардағы қазақша еркін сөйлейтін журналистердің қызметтері де көңіл сүйіндіреді. Мемлекет басшыларының шетелдердегі және республикамыздағы халықаралық басқосуларда аударма қызметін пайдалана отырып, қазақ тілінде сөйлеуі де біртіндеп байқала бастады. Тәуелсіз мемлекеттің негізгі тілін толық сипатты қолдану деңгейіне жеткізу – басты міндет.

Кеңес Одағы кезінде елімізде орналас-тырылған ядролық қаруды сынау орыны Семей полигонын жабуы, ядролық құралдарды Тәуелсіздік алған бойдан иеленуден бас тарту арқылы Қазақстан Республикасы баянды бейбітшілікті, әлем халықтарының татулығын жақтаушы, тұрақтылықты сақтаушы ел екендігін танытты. Қазақстан Республикасындағы мемлекет құрушы негізгі ұлт қазақтардың ата-бабалық қоныстарының сақталуы басты назарға алынды. Яғни, Отанымыздың ғасырлар бойы ресми нақтыланбай келген мемлекеттік шекаралары халықаралық-құқықтық заңдарға сәйкес белгіленді, бекітілді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері де Халықаралық, мемлекетарлық заңдылықтарға орай қайта құрылды, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жабдықталуда. Отанымыздың мәңгілік Тәуелсіздігі мен халқымыздың бейбіт тұрмысын қорғау жолындағы әскери-жауынгерлік дайындық деңгейін сақтауға арналған мемлекеттік іс-шаралардың сенімділігін халқымыз толық сезінуде.

Қарулы Күштер Бас Қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қорғаныс министрлігіне қарасты құрғақтағы, әуедегі, судағы әскерлердің жағдайын, жауынгерлік жаттығулардың халықаралық деңгейде өткізілуін үнемі, жіті қадағалайды.

Қазақстан Республикасының «Ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен оларды іске асыру стратегиялары» қатарын Елбасы Н.Ә. Назарбаев былайша жүйелеген:

1. Ұлттық қауіпсіздік.
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.
3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу.
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.
5. Энергетика ресурстары.
6. Инфрақұрылым. Әсіресе, көлік және байланыс.
7. Кәсіби мемлекет. Ісіне адал әрі біздің

басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау (Аталған кітаптың 25-26-беттері).

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғаны, Ата Заңымыз – Конституциясымыздың, Елтаңбамыздың, Туымыздың, Әнұранымыздың, ұлттық валютамыз Теңгеміздің болғаны – бәрі де мемлекетіміздің өзіндік болмыс тұрпатын танытқан тарихи маңызды сипатымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі жарияланған күндерден бастап, Отанымыздағы және бүкіл әлемдегі халықтардың өзара татулығын, мызғымас достығын ойлайтын мемлекет екендігін іс жүзінде дәлелдеп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 1995 жылы 24 наурыздағы бірінші сессиясындағы осы ұйым тарихындағы тұңғыш баяндамасының басталында Елбасы Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің негізгі иесі қазақ халқының тарихи тағдырын, ұлттық мінез болмысын айрықша атап көрсетті:

«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің Тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарихтың тұңғығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі сайып келгенде Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының басқа да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артуларға жол бермеуге тиіс» (Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы (Қазақ және орыс тілдерінде). Астана: Елорда, 2005. - 440б. Б. 3).

Елбасы Қазақ мемлекеттігінің қалпына келтірілуін, қазақ тілінің мемлекеттік қолданылуы мәртебесін нығайта отырып, рес-

публикамыздағы басқа халықтар диаспоралары өкілдерінің де өздерін сақтай отырып, ортақ татулық, бірлік туы астында өмір сүруін үнемі басты назарда ұстап келеді.

Дүние жүзі қазақтары Қауымдастығының, көші-қон істері жөніндегі комитеттің құрылуы да Қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі аса маңызды шешімді істерге жол ашты.

Тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге жария еткен, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттермен терезесі тең құқықты мәртебесімен танылған Қазақстан Республикасының негізгі ұлты қазақтардың әр елдер тарихи атамекендеріне оралуын және шетелдердегі диаспораларымен байланыстарын реттеу, т.б. – саналуан мәселелер басы назарға алынып келеді.

Дүниежүзі қазақтары Құрылтайларының біріншісі 1992 жылы Алматыда, екіншісі 2002 жыл Түркістанда, үшіншісі 2005 жылы Астанада өтіп, Дүниежүзі қазақтарының кіші Құрылтайлары бірнеше рет шетелдерде (Германияның Кельн, Берлин, Швецияның Вестероз, Түркияның Стамбул қалаларында, Ресейдің Алтай Республикасындағы Қосағаш ауданында, т.б.) болғаны, әртүрлі сұхбаттардың, дөңгелек үстел мәжілістерінің, конференциялардың, көрмелердің, т.б. – өткізілуі Қазақстан Республикасының ұлттық идеологияны негізгі алған ішкі-сыртқы саясатымыздың тиістілігін танытады.

1992 жылы өткен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайында Елбасы Н. Ә. Назарбаев әлемнің әр түкпірінен келген бауырларымыздың көңілдеріне берік сенім орнататындай және республикамыздағы өзге халық өкілдері сезінетіндей ұлттық-отаншылдық рухы айқын мәлімдемесін айтқан еді:

«Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп, келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды, хандықтың құрылуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің кара шаңырағын ата жұртта сақтап қалған халық.

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат

тарихының басты мазмұны – Азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар» (Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. -Б.5-6).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәртебедегі нығаюының тағы бір нақты көрсеткіші – 2004 жылдан бері жүйелі жоспармен нәтижелі жүргізіліп келе жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.

2003 жылдың 28 қарашасында Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің мәжілісінде «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс тақырыбымен сөйлеген Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұлттық және әлемдік рухани құндылықтарды жаңаша жинақтаудың, жариялаудың ұрпақтар игілігіне айналдырудың кең ауқымды мақсатын, бағыттарын атап көрсетті:

«Біздің ұлттың мәдениетімізде де жалпы азиялықтарға тән биязылық, өткенге салауат жасау, үлкенді сыйлау, жасқа қамқорлық, қысылғанға қол ұшын беру, ағайынның ауыз бірлігін сақтау – бәрі-бәрі де бар. Ендеше, сол ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп келер ұрпаққа аманаттау – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс» (Назарбаев Н. Ә. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. №311-312(23611), 29 қараша, сенбі, 2003 жыл. Б. 1-2).

Елбасының ұсынысымен жоспарланып, жүзеге асырыла бастаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы үш үлкен тарау құндылықтар бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді: біріншісі – археологиялық және архитектуралық ескерткіштер туралы бұрынғы-соңғы жазу деректерді жинақтау, жүйелеу, қорытындысында «Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жинағын» шығару; екінші бағыт – ТМД және дүниежүзі мемлекеттері мұрағаттарындағы Қазақстан тарихына байланысты деректерді, қолжазбаларды, тарихи құжаттарды, кітаптарды тауып, түпнұсқаларын немесе көшірмелерін жасау; – Қазақ тарихындағы атақты әнші, күйші, жыршы орындаушылардың, көрнекті қоғам, мемлекет ғылым, мәдениет қайраткерлерінің дауыстарын қазіргі заманғы аудио таспаларға, дискілерге жазу; үшінші бағыт – қазақ фольклоры мен әдебиетінің, өнерінің

көп ғасырлық мұраларын жаңаша зерттеп зерделеп жүйелеу, көптомдықтар түрінде жарыққа шығару; төртінші бағыт – дүние жүзі халықтары ғылымының, мәдениетінің, әдебиетінің озық үлгілерін қазақшаға аударып жариялау. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша әуелі 2004-2006, одан кейінгі 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар аясында қазақ өркениеті кеңістігінде бұрын-соңды болмаған қыруар нәтижелі істер жүзеге асырылуда. Қазақ фольклоры мен әдебиеті, бейнелеу, әуез, сәулет өнері, Қазақстан тарихы, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, философия, тіл білімі, әдебиеттану, фольклортану салаларын қамтыған көптомдықтар жарық көруде.

Тіл білімінің (синонимдер, диалектологиялық, этимологиялық, орфографиялық, орфоэпиялық, аймақтық, түсіндірме) сөздіктері, энциклопедиялық көп томдық әдебиеттер, т.б. – бәрі де әр аталым бойынша 3 мың данамен шығарылуда. Олар республикамыздың жоғары оқу орындарындағы, облыстары, орталықтарындағы кітапханаларға тегін таратылуда.

Ендігі міндет – осындай ұлан-ғайыр мұраларды оқыту мен зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізуді қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі жарияланған алғашқы жылдардағы елдегі гиперинфляция, жұмыссыздық, азық-түліктің және қажетті тауарларын тапшылығы, өнеркәсіптің 50 пайызға, ішкі жалпы өнімнің 60 пайызға, ауылшаруашылығы өндірісінің 70 пайызға төмендеуі, еңбекақының екі есеге дейінгі азаюы, зейнетақылардың 4-5 ай кешіктіріліп төленуі, т.б. қиыншылықтар – көптеген дағдарысты сәттер артта қалды. Қазіргі кезеңдегі бүкіл әлем мемлекеттеріне ортақ болып отырған экономикалық дағдарыста да Қазақстан Республикасы халқының қажырлы еңбек пен Отанға деген сүйіспеншілікті тұтастыра отырып, мәңгілік даму жолынан ауытқымайтынына сенеміз.

Еліміздің еңсесін биіктетуге, халқымыздың өсуіне, өркендеуіне арнаған қызметі үнемі халқымыздың көз алдында болып келе жатқан Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылдың 15 желтоқсаны күні Астанадағы Тәуелсіздік Сарайында мемлекетіміз тәуелсіздігінің 17 жылдығына арналған салтанатты кеште «Ынтымақ пен татулықты нығайта түсу – басты міндетіміз» тақырыбымен сөйлеген сөзінде еліміз өтіп келе жатқан кезеңдер тағылымына баға берілді. Қазақ тарихындағы Тәуелсіздік,

Азаттық туын көтерген кезеңдер, тұлғалар, оқиғалар (Керей, Жәнібек құрған Қазақ хандығы, Орбұлақ пен Аңырақай шайқастары, «Елім – ай лаған» қазақ зары, Кенесары хан, Сыздық төре, Сырым батыр, Исатай, Есет, Жанқожа, Амангелді Иманов, Әбдіғаппар Жанбосынұлы, Бекболат Әшкеев, Ұзақ Саурықұлы, Омар Шолақұлы, Махамбет Өтемісұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Бауыржан Момышұлы, Қазақ тілі тағдыры, Желтоқсан көтерілісі тағылымы, т.б.) туралы тебірене толғады. Қазақстан Республикасын әлемдегі ең қуатты мемлекеттер қатарына жеткізу жолында халқымызды сенімді бастап келе жатқан Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың осы мәжілістегі сөздері бәрімізді жігерлендірді, дамудың шындығын дәлелдеді:

«Қазақстан Тәуелсіздігінің формуласы – бұл тең мәнді екі ұғымының – АЗАТТЫҚ пен ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ қосындысы.

Жауаптылықтың арқасында ғана біз дамудың дұрыс стратегиялық жолын таңдай алдық, мемлекет құрып, бейбітшілік пен келісімді сақтап қалдық.

Мен үшін ең жоғары награда – осынау жылдардың бәрінде маған үнемі көрсетіліп келе жатқан бүкілхалықтық қолдау мен халық сенімі.

Бір нәрсені нық айта аламын, денсаулық пен күш-қуат жетіп тұрғанша Отаным Қазақстан халқының игілігіне жұмыс істеймін, еңбек етемін!

Алдымызда талай-талай асу-белдер, сын кезеңдер кездесері хақ. Біз ондай қиындықтардан талай мәрте өткенбіз, келешекте де жұмған жұдырықтай бірлесіп еңсеретінімізге кәміл сенемін!» (Назарбаев Н. Ә. Ынтымақ пен татулықты нығайта түсу-басты парызымыз // Президент және халық. № 51 (172), 19-желтоқсан, жұма, 2008 жыл. Б. 1-2).

Елбасының осы салтанатты мәжілісте нақты деректермен жұртшылық алдында баяндағандары да халықтың көңіліндегі сенімді нығайта түсті. Атап айтқанда, Қазақстанның тоғыз облысындағы 19 жаңа өнеркәсіп өндіріс орындарының (Қарағандыдағы металлургиялық кремний, Ақтөбе облысындағы базальт талшығын өндіру зауыттары, Оңтүстік Қазақстандағы тоқыма фабрикасы, электр желілері, т.б. кәсіпорындар) ашылуы айрықша маңызды. Республикадағы диқандардың, малшылардың табыстары да көңілді қуантады. Астана – Бурабай тұңғыш отандық автобан, Шар – Өскемен темір жол магистралі құрылысының аяқталуы, Астанадағы, Атырау мен Алматыдағы жаңа көпірлер мен эстакадалар, Ақтөбедегі аэровокзал,

т.б. инфрақұрылымдық нысандардың салынғаны – жетістіктер көрсеткіштері. Шымкенттегі опера және балет, Қарағандыда қазақ драма театрларының ашылуы да өрлеу жолындағы жақсылықтар қатарын толықтара түсті.

Мен – еліміздің білім беру мен ғылыми-зерттеу салаларына өзіндік үлесімді ұзақ жылдар бойы қосып келе жатқан ұстазбын, оқытушымын. Орта мектептер мен жоғары оқу орындарында 41 жыл бойы еңбек етіп келемін. Өмір бойы Қазақ сөз өнері мұраларын жас ұрпаққа оқыту, мұраларды зерттеу жұмыстарын ұлттық рухты ұлықтау мұратына сәйкес жүргізудемін. Жоғары оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Әлем әдебиеті» пәндерінен дәрістер оқимын. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет болып, күндер, айлар, жылдар өткен сайын нығайып келе жатқаны мені қатты қуантады. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетті басқарудағы көрегендігіне, біліктілігіне сүйсінемін. Ол – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ұлт Көшбасшысы.

Елбасының саясаттануды, әлеуметтануды, экономикалық теорияны, статистиканы, тарихи-этнографиялық деректерді, философияны, психологияны, т.б. ғылымдарды жетік меңгерген білімділігіне, біліктілігіне ризамын.

Мен сөз өнерін оқытатын маман ретінде Елбасымыздың қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын үздіксіз оқытын оқырмандық дағдысын айрықша бағалаймын. Мемлекет басшысының шешендік өнер шеберлігін танытатын сөйлеу мәдениеті – өте үлгілі көрсеткіш. Әрине, Елбасының ақындығы, домбырамен қосылып жырлайтыны, Шым-бұлақ қыраттарынан шаңғымен зуылдата сырғанайтыны, тұлпарына мініп құйындата шабатыны, теннис алаңындағы сайыстары, т.б. – бәрі де қазіргі және болашақтағы қазақ ұрпақтары үшін мәңгілік тағылым. Еліміздегі жас ұрпақтардың әлемдік деңгейде білім, ғылым негіздерін игеруі үшін «Болашақ» бағдарламасымен үздіктерді шетелдерге оқуға жіберу, еліміз мектептері оқушылары алдында арнайы сабақ өткізуі, «100 мектеп», «100 аурухана» салу жоспарын жүзеге асыруы, т.б. сан алуан саликалы істер толассыз жүргізілуде. 2008 жылы 12 қаңтар күні Астанада Елбасының қатысуымен ашылған Тұңғыш Президенттің Бірінші интеллектуалдық мектебі де Қазақстанның әлемдік үрдістегі орта білім беруді толық игере бастауын дәлелдеді. 1200 балаға арналған бұл мектептегі сабақтар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүреді. 7-10-сыныптар

оқушылары конкурспен қабылданады. Оқушылар 1-6-сыныптарда мемлекеттік стандартпен оқытылатын пәндері бойынша тегін оқытылады. Президент Н. Ә. Назарбаевтың 20 интеллектуалды мектеп салу тапсырмасына орай 2008-2009 жылдары республикалық бюджеттен 5 миллиард теңгеден артық қаржы бөлініпті, Астанада тағы бір мектептің, Алматыда, Шымкентте, Атырауда, Өскеменде осындай интеллектуалдық мектептердің ашылғаны – жаңа Қазақстандағы әлем өркениеті кеңістігінде еркін еңбек ете алатын ұрпақ тәрбиелеуге кең жол ашылуының нақты көрсеткіштері.

Біз – қазақ өркениетінің ғасырлар бойы жер бетіндегі адамзат ұрпақтарына пайдалы ықпал еткен жетістіктерін сезініп өскен жаңа көзқарас иелеріміз. Біз қазір оқыту мен зерттеу, тәлім-тәрбие жұмыстарымызда қазақ өркениетінің әлемдік дамуға іргелі негіз болған өнегелі жолдарын басты назарға алып келеміз. Нақтылап айтқанда, бүгінгі және болашақтағы қазақтың ұрпақтары бұрынғы-соңғы даңқты ата-бабалардың батырлық-жауынгерлік істерінен рухтанып өсуін, қалыптасуын дамытамыз. Сақ патшайымы Тұмардың (Томирисінің), ғұн патшасы Еділдің (Атилланың), мәмлүк-қыпшақтардың сұлтаны Бейбарыстың, Алтын Орданы, Моғолстанды Қазақ хандағын басқарған хандардың, сол кезеңдегі би-шешендердің, ақын-жыраулардың, батырлардың, одан кейінгі XIX - XX ғғ. оқиғалары кезіндегі аса көрнекті қайраткерлеріміздің – бәрінің өнегесі – **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ – ОТАНШЫЛДЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ** мәңгілік тағылымын айқындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты стратегиялық мақаласында еліміздің қазіргі даму жетістіктері саралана бағалана отырып, әлем өркениеті биіктіктеріне көтерілетін жаңа міндеттер айқын белгіленді. Бұл – материалдық және рухани мәдениет салаларындағы жаңа жетістіктерімізге айқын бағдар берген тарихи құжат.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранындағы мынадай жыр жолдары да біздің **ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУШЫ ЖӘНЕ ОНЫ МӘҢГІЛІК ҚОРҒАУШЫ, САҚТАУШЫ, ДАМУШЫ ҰЛТ** екенімізді дәйектейді:

Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
НАМЫСЫН БЕРМЕГЕН,

ҚАЗАҒЫМ МЫҚТЫ ҒОЙ!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан
Тәуелсіз елім бар.

Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – мыңжылдықтар бойы қалыптасу, даму кезеңдерінен өтіп, бұл күндері әлемге танымал болып отырған **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ**

ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫНДАҒЫ АСА КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР ТҰЛҒА.

Қорыта айтқанда, мыңжылдықтар бойы әлем өркениетін өркендетуге, материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша зор үлес қосып келген бүгінгі және болашақтағы қазақ ұрпақтары даму үдерісіндегі дәстүрлі жолды сеніммен жалғастыра береді. Бұл – біздің мемлекеттік дамуымыздың тарихи жолы.

Резюме

В статье на историко-культурном аспекте анализируется руководящая и организаторская роль Первого Президента, Лидера наций Нурсултана Назарбаева, которые за 21 лет под руководством народ Независимого Казахстана достигли значимых результатов в области материальной и духовной культуры.

Summary

In the article on the historical and cultural aspects analyzed leadership and organizational role of the First President, Nursultan Nazarbayev, leader of the nations, who for 21 years under the leadership of the people of independent Kazakhstan achieved significant results in the field of material and spiritual culture.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КОНСОЛИДАЦИЯҒА ЫҚПАЛЫ

Жұматаева Е. –
п.ғ.д., профессор,

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің
Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика және
білімденудің инновациялық технологиялары
ҒПО директоры

Қазақстан Республикасы талай ғасырлардан бері көксерп келген тәуелсіздік мәртебесіне ие болып, өздігінен дербес мемлекет бола алатындығын әлем кеңістігінде дәлелдей алды. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз мемлекетіміздің үш түрлі иерархияға көтерілуін «Қазақстан – 2030» Стратегиясында үлгілеп берген.

Бірінші түріне – халқының демократиялық ұстанымға бұрылуына жол беретін Қар Барысы тек бұрынғы ұлттық сипатқа тән асқаралы, салихалы қасиеттерді қайта орнықтырудың құралы іспетті алынған үлгі екеніне халқымыздың түсінігі енді-енді оянған секілді. Бұндай шарттылықпен түспалдап алынған философиялық сипат, қарабайыр танымға сыйымсыз екенін де ескергеніміз жөн.

Екінші түріне – Ортаазиялық барыс жатады. Бұнда кешегі Ер Түрік заманындағы тұтас елдің мәртебесін құраған ынтымақтастық үлгінің мәні айқындалып берілген. Оған Өзбек, Тәжік, Қырғыз және т.б. мемлекеттердің Қазақстан

Республикасымен рухани-экономикалық, саяси қауым бірлестігін жатқызамыз. Осындай сүбелі мақсатты толыққанды жүзеге асыру үшін Орта Азия барысының кейпін орнықтыру халқымыздың алдында тұрған айрықша міндет болып табылады.

Ал, үшіншісіне – Еуроазиялық барыс жатады. Сөйтіп, ұлттық сипат Азиялық сипат арқылы ұдайы интеллектуалды әлеуеттің геометриялық прогрессия қағидасымен өсіп, өркендеуінің нәтижесінде Еуроазия кеңістігінде өркениетті елдердің қатарына қосылуға мүмкіндік бар үлгіде ұсынылған.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Стратегиясының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «біздің бабаларымыз бен немерелеріміз бабалардың игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманға нарықтық экономика жағдайында жұмыс берерге даяр болады. Олар бейбіт, абад, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» – деп тұғырлы сенім артып отыр.

Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап ұлттық мүдденің халықаралық ынтымаққа түсу ұғымы, мазмұны төңірегінде саяси бағдар және сұхбат өткізіп келді. Одан «Ұлттық мәре», «Мәдени мұра», «Халықаралық ынтымақ» деген ұғымдар туып отыр.

Бүгінгідей рухани-идеологиялық қайшылықтар тұсында консолидацияның, отаншылдық сана-сезім түйсігін орнықтыруға айрықша маңызы зор.

Елінің азаматтары ұлт азаттығын, бостандығын, өркениетті ел болуын аңсап, жас-

тарды бірлікке, ынтымаққа баулуға, Отанын сүйуге, ұлтын ұлықтауға шақырған.

«Бізде Жолбарыстар жоқ, ал тауларымызда тіршілік ететін Қар Барысы дүниежүзілік қоғамдастыққа онша таныс емес. Жануарлар әлемінде Жолбарыс туыстас болғанымен, Барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар.

Бұл – өзіне тән *тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен* дараланатын Барыс болмақ».



Модель – Қазақстандық патриотизмнің Қар Барысындағы сипаты

Біздер осы Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халқына Жолдауының жас ұрпақтардың балғын шағынан бастап, ұлттық сипаттағы халықаралық ынтымақтастық педагогика негізінің үлгісіне басымдық берер тұсы деп есептейміз. Орта Азия Барысына жетер желінің тірегі осы Қар Барысы болмақ. Мәдени мұра материалдарынан аталған қасиеттердің мәнділік ерекшеліктері талданып, оның қауымдық сипатта меңгеруге қуатының қаншалықты дәрежеде екені байқалды.

«Қазақстан – 2030» Стратегиясына пайыммен қарасақ, ұлттық мүдденің халықаралық татулыққа ұласуының сүбелі нәтижелерге ие болғанын дәлелдейді. Сөйтіп, қоғам мен экономиканың дамуы ашық сипатқа ие болды. Демократиялық бағыт басымдық алып, адамның жан-жақты экономикалық, саяси, діни таңдау еркіндігі, құқығы, еркін ойлау, еркін сөйлеу құқығы жүзеге асырылды.

Жаңа ғасырда Қазақстан басқа өркениетті елдермен қатар Қазақстан ғылым мен білімді тұтастық қағида шегінде ақпараттық технология сапасында халықаралық талаптар мен стандартқа оның өзін тек ұлттық ерекшеліктеріне (Қар Барысы) сай үйлесімді өркендетудің амал-тәсілдерін саралауда.

Бүгінгі таңда барлық әлемде, сонымен қатар Қазақстан Республикасында жаңа әлеуметтік мәндегі жас ұрпақтың өркениетті ел қатарына қосылуына жаңаша дүниетаныммен, парадигмамен қарау айқындалып отыр.

Философиялық сөздікте ұлттық мәренің, мүдденің генезисі қандай? – деген сауалға жауап былай болып келеді: грек тілінен – genesis – шығу, пайда болу дегенді аңғартады.

Айтып өткен зерттеуге тиек етіп алынған мәселелерді шешуде біз әр тұлғаның болмысын тұтастай қараудың мүмкіндіктерін ұлттық мүддеге, халықаралық ынтымақ моделіне сүйендік. Сонымен қатар тұлға теориясы, құндылық теориясы, тұтас педагогикалық теория, философиялық, психологиялық негізде талдау жасау нәтижесінде қойылған проблеманы шешуге тарихи қағида негізге алынды.

Қазақстан қоғамының негізгі мұраты ұлтаралық шынайы достық ынтымақтастықты қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін алдымен әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне мән беріп, олардың сұрыпталып қалған озық мұраттары мен дәстүрлерінің өркен жаюына мүмкіндіктер жасалуы қарастырылады. Нәтижесінде әр ұлт өзінің табиғи даму болмысына зердемен бағам жасап, сол игі мұраттардың ілгеріге қарай қозғаушы күш сапасында

қызмет атқаруына қолайлы жағдай туғызу өркениеттілікке жетелейді.

Қазір біз тұрақтану кезеңіне өтудеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табысымыз бізге жан-жағымызға үңіле зер тастауға, өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарларымызды түзуге мүмкіндік береді.

«Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы» – деп, алғы міндеттерді Президентіміз Н.Ә.Назарбаев атап өтті. Идея (грек сөзі – образ) – болмыс және ой категорияларымен тығыз байланыстағы «Мән», «Мағына», «Маңыз» терминдерімен туыстас ұғым.

«Ұлттық идея» – грек сөзінен алынған – көзқарастар жүйесі, ұлт бірлігінің қағидасына және оның қоғамдық салаларының көздейтін мақсатының басымдығына негізделген.

«Ұлт» – ұлттық-экономикалық тұтастыққа, тілдің, мәдениеттің ортақтығына негізделген, психикалық ерекшелігімен көрінетін адамдардың этникалық бірлестігі.

Сөйтіп, тұрақты дамудың негізі – алдымен «Ұлттық идея» ұғымын дұрыс іс-әрекетте қолдану және ұлт тұтастығын сақтаудың мәнін бағамдау, оның тек өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, сан ғасырлар бойы сараланған ең озық дәстүрлерді болашақ мақсатына ұтымды пайдалану болып табылады. Мұнымен бірге қазақ халқынан басқа да ұлттардың өмір сүруі ұлтаралық қарым-қатынас жасаудағы белгілі бір тұрақтылықты қажет етеді. Олай болса, Қазақстан қоғамының көпұлтты консолидациясын құру мәселесі бұрын да және қазіргі кезеңде де кезек күттірмейтін нысан екені даусыз.

Консолидация – консолидировать – шоғырлау, нығайту – ұзарту деген ұғымды білдіреді. Консолидация (лат. упрочнение «прочный») – 1) беріктік, ынтымақтастық. 2) Мемлекеттік заңның ұзақ мерзімге арналған операциясы. 3) Бұрынғы заңдарға сүйене отырып, бірлесу, шоғырлану дегенді аңғартады.

Қазақстан Республикасындағы халықтардың арасындағы идея тоғынының шоғырлануы және ондағы қазақ халқының өзіне тән ерекшелігінің, дәстүрінің озықтығын сұрыптап, барлық Қазақстан Республикасының Заңдарының шегінде жалпыадамзаттық

құндылықтардың интеграцияланып, ел игілігіне жұмсалыуына бағдар жасау көзделеді. Олай болса, қоғам сұранымы халықаралық деңгейде Қазақстан Республикасындағы көпұлтты елдердің бір-бірімен өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып шоғырлануы, ынтымақтасуына қажеттілік туып отырғаны мен мәселенің шешілуіне қатысты әр ұлттың ең озықтық дәстүрлерінің ұлттық сипаты айқындалмағандығының арасында және оның озықтық дәстүрлер екенінің сұрыпталмауының арасында кереғар қайшылықтар туып отырғаны байқалды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2030» стратегиясындағы Қарбарысының сипаты – аталған мәселенің шешімін табуға негіздеме. Бұл платформадан біздер әрбір қоғамда өмір сүріп отырған адамның өзін-өзі тануына, Отанын сүюіне, оған құрметпен қарауына, туған жерін қадір тұтуға, ата-бабаның өркениетті елдердің қатарына қосылуға мүмкіндік жасар озықтық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға, ғаламдық жаһандану кеңістігінде рухани байлықтардан үлгі-өнеге алуға мүмкіндік туады.

Қазақстандық идеологияның діңгегі – ұлттық мұраттар. Ұлттық мұраттардың жемісі кешегі алты алаш, ғұн, жужан, сәнби, оғыз, қыпшақ, сақ дәуірі және оған жалғасып келген Күлтегін ескерткішінен (б. ғ. д. V-VII ғғ.) бастап, бүгінгі күнге дейінгі өнер, ғылым-білімге үлес қосқан тұлғалардың еңбектеріндегі ілгерішіл ой-пікірлер, тұжырым-бағамдар екенін ескеру көзделеді.

Қазақстандық патриотизм әлемдегі татулық үшін, адамзат өміріне қауіп төндіретін термодролық және экологиялық апаттың алдын алуымен, халықаралық қатынастарды заман талабына сай құруымен және әлемдік жаңа өзгертулерге ілесуімен, өзара түсіністікті негізге алуымен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татулықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болып келеді. Олардың құрамды бөлігі көпжылдар бойғы біздің халықаралық саясатты белгілеген, олардың өмірін, экономикалық дамуын, ғылым мен мәдениетін бұрмалаушылықпен көрсеткен жөнсіз, рухани әлеует мөлшерін ұдайы ұлттық ерекшелікті ескермей салыстыруды жеңу болып табылады.

«Қазақстан – 2030» стратегиясындағы Қарбарысының (символ) Еуроодақ кеңістігіндегі Барысқа бейімделуінің парадигмасын жалпы-

қазақстандықтардың жыға түсіне бермеуі мен оның әлемдік мәртебеге ынталану үдерістерін модернизация мүддесіне сәйкестендіре алмауының және аталған мәселенің ұлттық мұраттарға сүйенбеуі нәтижесінде қазақстандық идеологияның тұрақтылыққа ие болмауының арасындағы қайшылықтардан мемлекеттік тапсырыс қажеттілігінің тууы заңды құбылыс.

Қазақстан Республикасының жаңарған қоғамына лайықты жаңа адамын тәрбиелеу – бүкіл халықтың күрделі міндеттерінің бірі. Біздің әлеуметтік қоғамымыз жететіндей нұсқалы, нақты, жүзеге асатын жаңа заман бүгінгіге дейінгі халық шығармашылығымен жасалады. Осындай жасампаз жұмыстың барысында өркениетке ынталы, жаңалыққа құлшынысты жаңа адам, әлемдегі әділетті қоғамның сәулетшісі, жасаушысы ретінде өркендейді.

Жаңа қоғамның дамуындағы ең маңызды нәтиже – оның барысында сомдалған жаңа Адам. Яки, бостандықты жеке басының рухани ұстанымы үшін құзыретімен оны деген бір ауыр күрестерден қорғай жеңіп алған, өзінің табиғи күш-қуатын ізгілікпен ширатқан, барлық қиындықтарда өзінің осал мінез-құлқын тұншықтырған, болашағын ұлттық мұраттар негізінде жасаған, барлық сын-сынақтардан өтіп, өзі адам танымастай болып жаңарған, өзінің бұрынғы қасиеттеріне қазақстандық идеология тұрғысында қарап, өмір сүрудің тәжірибелерін ғылымға жүгіндіріп, өзінің жеке басының мәдениетін, білімі мен ғылыми түсінігін іс-әрекетте кәдеге жарататын мәреде көріне алатын адам. Бұл – адам, болашақтың нағыз патриоты болумен бірге, әлемдік өркениетке ынталы жалпыадамзаттық ізгілікті жан болады.

Ұлттық мұраттардың субстанциясы – патриоттық тәрбие, оның негізгі мақсаты – жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық, ізгілікті іс-әрекетті саналы меңгеріп алуға талпынысын айқындайтын сан ғасырлардан бүгінгі күнге дейінгі қаланған философиялық, саяси-моральдық, кәсіптік, қоғамдық құзыреттілік сананы дарыту және оны әр тұлғаның қоғам өзгерісіне орай жаңғыртып дамыту.

Патриоттық іс-әрекеттер – деп біздер, әлеуметтік-ұнасымдық сарыны мен елінің озықтық салт-дәстүрлерінің тарихи желідегі кезеңдіктерге қатысты мұраттарын жаңа заманға ыңғайлауға және оны қорғауға бағытталған жеке тұлғаның және әлеуметтік топтың кез-келген әрекеттерін түсінеміз.

Қазақстандық патриоттық тағылым барысында мемлекетіміздің және Ел Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың Халқына Жолдаулары мен «Қазақстан – 2030» стратегиясындағы ұстанымындағы саяси сенімділік, Отанға сүйіспеншілік, тәуелсіз өмір сүріп жатқан елдерге ынтымақтастық, жалпыадамзаттық ізгілік, жалпыхалықтық намыскерлік, ел тағдырының болашағы үшін жауапкершілік, экономикалық даму қарқынын тездетуге үлес қосуға ниеттестік, ғылыми, саяси-моральдық және туған жерін қорғау мақсатындағы қазақстандық идеологияға әзірлік, Отанын саяси-идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, арам ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік тәрізді сападағы мінез-құлық қалыптасып дамытылады.

Сонымен, ұлттық мұраттар – патриоттық және жалпыадамзаттық ізгілік ұстанымының парадигмасына сүйеніп, тұлғалық болмысты дамытудың озық үлгісін (моделін) анықтауға жол ашады. Мұнымен бірге, аталған қасиеттерді таңдаудың тиімді қағидалары мен қажетті іс-әрекеттері зерттеудің мүмкіндігін айқындап береді. Ұлттық мұраттар тарихи-философиялық ғылымдарды, әсіресе, Қазақстан Республикасының кезеңдікке жіктелуінің нәтижесінде сұрыпталып, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың және әлем елдерінің ізгілікті істері мен ғылыми

жетістіктерін ұштастыра меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстандық патриоттық тәрбие Отан құндылығын рухани мәреде танудың тікелей және жанама көрінісінен басталады. Қол жеткен сүбелі табыстарымыздың маңыздылығы, адамдар өмірінің ерекшелігі, мемлекетіміздің ілгерішіл, саясаты мен патриоттық міндеттері терең ашылып, Отанды қорғаудың жолдары дәріптеліп, сыртқы, ішкі жаудың қастандық әрекеттері сынға алынуы қажет. Патриоттық тәрбие, тәрбиенің барлық негізгі бағыттарында (саяси-идеологиялық, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық, еңбек және т.б.) жүзеге асатыны белгілі. Осы орайда патриоттық тәрбие процесінің дербес саяси-қоғамдық іс-әрекеттер жүйесіне байланысты барлық күрделі белгілерді меңгеретінін ескерген жөн. Біріншіден, онда өзара байланыстағы құрамдардың белгілі бір құрылымы бар. Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне оның іс-әрекеттерінде байқалатын өзіндік белсенділік тән. Үшіншіден, патриоттық тәрбие – өзін-өзі басқаратын жүйе. Төртіншіден, патриоттық тәрбие – өзіне тән тарихы бар, кеңістік пен уақытқа байланысты дамитын жүйе. Бесіншіден, патриоттық тәрбие табиғи және әлеуметтік жүйелермен тығыз байланыста өмір сүреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1997. – 24 б.
2. ҚР білім жүйесін басқарудағы білімденудің инновациялық технологияларын іске асыру негізі ретінде. Инновациялық қызметі туралы Заңы. ҚР – 2002. – 3 шілде. – № 333.
3. «Білім туралы Заң» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз №254-25 б.
4. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Астана, 2007.
5. Жұматаева Е., Арын Р., Қадысова Р. Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру. – Павлодар: ҒӨФ. ЭКО, 2008. – 308 б.

Резюме

Статья посвящена национальной идее и консолидации Республики Казахстан.

Summary

Article is devoted to the national idea and the consolidation of the Republic of Kazakhstan.

ХАЛҚЫНА ТӘУЕЛСІЗДІК НҰРЫН ШАШҚАН

*Сәндібаева Н.Ә. –
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
бас ғалым хатшысы*

Халқына тәуелсіздік нұрын шашқан Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың қиындық біткенді еңсеріп, еңсесін бермей, бағытынан танбай ілгері басуына жәрдемдесер күш жас толқында. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан білім қоғамы жолында» тақырыбында оқыған интерактивті дәрісінде: «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді әжетке жаратып, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» - деп атап өтуі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің студенттеріне ұранға айналды [1]. Еліміздің тірегі, халқының аяулы перзенті, тіліміз бен діліміздің қамқоршысы, ұлт жана шыры болған Президентіміздің әрбір ұлағаты сөзін жастарымыз ыстық ықыласпен қарсы алады. Әрдайым талапты жастарымызға қамқор болып, олардың бастамаларын тікелей қолдап отыратын Елбасымыз, болашағымызға айқын бағыт-бағдар беріп отырады.

Н.Назарбаев қазіргі жаһандық өзгерістерді ескере отырып білім беру, ғылым салаларына барынша көңіл бөліп келеді. «Білім-ғылым-инновация» арқылы басқаратын постиндустриялық әлемге бағытталған Үшінші индустриялық революция тұжырымдамасының ресми түрде қабылданып, жаңа инфрақұрылым орнауының бастамасы болғаны баршамамызға аян.

Қазақстан халқына абырой мен даңқ әкелген көшбасшысының жетекшілігімен ұлан-асыр өзгерістер толастар емес. Соның бірі, жақсылыққа тұмар, жаңалыққа құмар жас Астанамыздың ЕХРО-2017 бүкіләлемдік көрмесін өткізу құқығына ие болуы Президентіміздің бойындағы сарқылмас қажыр-қайраты мен көреген сарабал саясатының жемісі, Отанның болашағы үшін жауапкершілігін тағы да дәлелдей түсті.

Біздің Отанымыз Қазақстан бұл дүниежүзілік бәйгеде айқын басымдықпен жеңіске жетіп,

еліміздің үлкен абырой-беделін әлемге паш етті. Бұл халқымыз үшін үлкен қуаныш болды.

Елбасымыз отандық білім беру жүйесінің сапасын арттыру барысында, білім алушыларға сапалы және жаңаша білім беру үшін оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қажеттігін айқындап, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру жүйесінің жаңа форматы қажеттігін айтып келеді. Ұлттық білім жүйесін жаңарту, білім алу және жоғары технологияны дамыту үшін Президент әлемдік алдыңғы қатарлы тәжірибелер негізінде заманауи әдістерді енгізу, индустриялық жоғары технологиялық алаң құру жұмыстарын жандандыру мақсатында ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу жобасы біздің ғалымдарымыздың қызығушылығын туғызды.

Университетімізде қоғам дамуына қажетті патриотизмді, мораль мен руханият, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, заңды құрметтеу секілді құндылықтарды насихаттай келе, оқыту жүйесіне инновациялық технологияларды белсенді қолдану арқылы жастарды тәрбиелеу мәселесі қолға алынған. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті болашақ маман иесін патриоттық, азаматтық, ұлттық тәрбие нәрімен сусындатып, еліміздің дамуына елеулі үлес қосуға бағыттап отырады. Қазақ аруларын ұлттық бағытта тәрбиелеп отырған жалғыз оқу орнының барлық тәрбиелік іс-шаралары қазіргі кезде оң нәтиже беріп келеді. Университетімізде Елбасының жолдауын талдау, патриоттық, отансүйгіштік, азаматтық-құқықтық тәрбие беру, діни экстремизмге қарсы, саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өткізілуде. Университет студенттері мен ғалымдары ұйымдастырылған қоғамдық шараларға белсене қатысып, бұқаралық-ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасап, телеарналық жобалар, жүргізілген тәрбие жұмыстарына байланысты басылымдарда, телеарналарда түсірілімдерге қатысып, радиоларда сұхбаттар беріп отырады.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 2011-2020 жылдарға арналған

даму стратегиясы бағыттарын жүзеге асыра отырып, білім сапасын көтеру, білім мен ғылымды ұштастыра отырып, тәрбие беру мақсатында ғылыми-зерттеу жобаларына студенттер мен магистранттар қамтылып, өз жемістерін беруде [2]. 2012-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды зерттеу және сараптамалық бағалауға арналған өтінімдерді эзірлеу жөніндегі конкурсында жеңіп шыққан «Айнымалы қалақшалы екі роторлы жел қондырғысы және жылу сорғылы қондырғының көп деңгейлі жылу алмастырғышы негізінде бивалентті энергетикалық модуль жасау» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасында университет магистранттары зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры өткізген 2012 жылғы байқауда «Отбасындағы гендерлік әлеуметтендіру» ғылыми-зерттеу жобасы жас ғалымдарымыздың ғылыми ізденісінің жемісі болды.

Дүниежүзіндегі елдердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасау арқылы студенттер мен ұстаздар әртүрлі мерзімдік тағылымнамалардан өтуде. Шетел ғалымдары да біздің университетке келіп білім және ғылыми тәжірибелерімен алмасуда. Осы оқу жылында университетімізге Ресей, АҚШ, Канада, Түркия, Эстония, Әзірбайжан мемлекеттерінен 12 ғалым шақырылып дәріс оқыды. Студент-

тердің білім сапасын көтерудегі ең басты фактор ұстаздар. Осыған орай соңғы оқу жылында мұғалімдердің жеке жұмыс жоспармен істелген жұмыстарының деңгейін бағалау (рейтинг) көрсеткіші арқылы негізгі еңбекақысына қосымша ақы төлеу дәстүрге айналып келеді. Мұның бәрі әрбір ұстаздың көп ізденіп, сапалы, мазмұнды білім беруге түрткі жасайды. Осы тұрғыдан алғанда университетімізде іске асырылып жатқан өзгерістер факультеттердің, кафедралардың басшылары мен ұстаздарының, студенттердің ынтымақтасып атқарып жатқан еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Бүкіл әлем даусыз мойындаған бір ақиқат – біздің еліміздің экономикасының тоқтаусыз өрлеп келе жатқандығы Елбасымыздың елдің жағдайын көтеруге бағытталған дана саясаты еліміздегі ертеден қордаланып қалған әлеуметтік мәселелерді шешіп қана қоймай, халқымыздың тұрмыс жағдайын әлемдік деңгейге көтеру мәселесін алға қойып отыр.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың мұраты ХХІ ғасырға экономикасы өркендеген демократияшыл ел болып қадам басу! 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні қарсаңында Университет ғалымдары, магистранттары мен студенттері халқының аяулы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты қолдай отырып, Отанымыздың игілігі үшін барлық күш-жігерін арнауға, еліміздің өркендеуі үшін қойылған барша міндеттерді орындауға белсене қатысуға шешім қабылдап отыр!

Әдебиеттер

1. Нұрсұлтан Назарбаев. «Қазақстан білім қоғамы жолында». Назарбаев университетіндегі онлайн дәрісі. 5 қыркүйек 2012 ж. Астана қ.
2. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 2011-2020 жылдарға арналған даму стратегиясы. Алматы. 2011 ж.

Резюме

Статья посвящена 1 президенту Республики Казахстан Н.А.Назарбаеву. Перспективам в сфере образования и науки, которые открываются после Послания Президента для народа нашей Республики.

Summary

The article is devoted to one of Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev. Prospects in the field of education and science, which opened after the President's Address to the people of our Republic.

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖАС ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ РӨЛІ

*Есимбекова Д.Б. -
Қазақ филологиясы
кафедрасының оқытушы-магистрі
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ
Құрманғали А.К. -
педагогика ғылымдарының магистрі*

Бүгінгі жаһандану заманында Жер шарының әрбір мемлекеті өзінің Ұлттық қауіпсіздігі мен береке-бірлігін сақтап қалуға мүдделі. «Бірлік бар жерде - тірлік бар» деген халық мақалы қазіргі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ. Әр салада Қазақстан жастары үшін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының қамқорлығы мен сарабдал саясаты өз нәтижесін беруде. Балабақшадан бастап, ЖОО-нан кейінгі білім алғанға дейінгі кезеңде жастардың денсаулығы, әлеуметтік жағдайы, жұмыспен қамтылуы, баспаналы болуы, тіпті бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалуы қарастырылған.

Жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің баспалдағы балабақшадан басталатыны аян. Осы ретте Нұрсұлтан Әбішұлының «Балапан» бағдарламасының орны ерекше екенін айта кеткен орынды.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен Қазақстанда 6 «Назарбаев зияткерлік мектебі» ашылған болатын. Орта білімді дамытудың заманауи үлгідегі мектептері бола отырып, өскелең ұрпаққа терең білім мен кәсіби дағдылар берумен қатар, танымы мол, жан-жақты дамыған, адамгершілігі асқақ, Отанын, халқын, ата-анасын қадірлейтін, жаңашыл тұлға қалыптастыруды көздейді.

Ұлт көшбасшысы білім беру және халықаралық қатынастарды да еш уақытта назардан тыс қалдырмайды. Бүгінгі күннің азаматтары бірінші кезекте ана тілін, содан кейін әлем тілдерінде өз ойын тиянақты жеткізе алатын дәрежеде болуын талап етіп отыр. Бұл – заман талабы. Осы орайда Н.Назарбаевтың ықпалымен қабылданған «Үштұғырлы тіл» бағдарламасының негізінде мектеп оқушысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеріп, жаңа ақпараттық технологияларды жетік біліп шығады.

Елбасының Қазақстан халқына жолдаулары, кездесулері, қазіргі заманның озық технологиясына негізделген интерактивті дәрістері жастарға жаңасерпін береді. Жуырда, дәлірек айт-

сақ, 2012 жылдың 12 қыркүйегінде Елбасының Назарбаев университетінде өткен интерактивті дәрісін талқылау мақсатында Алматы облыстық «Жетісу жастары» орталығының директоры Алпысбаев Рустам Әлиұлы жастармен кездесу өткізді. Ал кездесудің құрметті қонағы Жастар ісі жөніндегі комитеттің атқарушы төрағасы Өтешев Нұрлан Сүлейменұлын жиналған қауым ерекше ықыласпен қарсы алды. Нұрлан Сүлейменұлы 5-қыркүйекте өткен Ұлт көшбасшысының дәрісін Назарбаев университетінде 2000 адам, ал өзге 5 миллионнан астам халық тікелей көрсетілім арқылы экраннан тамашалағанын атап өтті. «Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде жас буыннан жаңа, тың идеялар мен нәтижелер күтемін деген пікірін білдірді. Елбасы ең алдымен қазақстандық жастарды еңбекқорлыққа шақырды. Сонымен қатар, әлеуметтік жаңғыртуға бағытталған іс-шаралардың мақсаты мен маңызын айқындағаны мәлім. Адамзатқа ғаламат күш беретін құндылық – білім. Білім мен ғылымның арқасында біз көкжиектерімізді кеңейтіп, өркениетті елдер қатарына қосыламыз. Әркім өзіне: «Мен осы аға буынның жеткен жетістіктерін қолда ұстап тұра аламын ба, елімнің жарқын болашағы үшін қандай үлес қосамын?» – деген сауалды қойыңыздар, – деген пікірін ортаға салды. Жастар ісі жөніндегі комитеттің басшысы жұмыссыздық, өндірістік салалардағы кадр жетіспеушілігі, мамандарды қайта даярлау мен кәсіби шеберлігін арттыру мәселелерін де тілге тиек етті.

Кездесу барысында жиналған жастар өз сауалдары мен талап-тілектерін қойып, тұшымды жауаптар айтылды.

Алпысбаев Рустам Әлиұлы: «Бұл жыл – жастар үшін айтулы жыл. Маған ең ұнағаны – Елбасы өз дәрісінде жастардың әрбір мәселесіне, мейлі ол психологиялық, мейлі әлеуметтік болсын, жіті көңілбөлгені. Қазақстанның өз бренді, технологиялары болуы тиіс, біз заманауи инновациялық талаптарға жауап беретін жаңа өнімдер шығарамыз. Ол үшін барлық соңғы

үлгідегі компьютерлік жүйелер, техникалық құралдар мен жаңа технологиялар қол жетімді болмақ», - деп кездесуді тәмамдады.

Президентіміздің бастамасымен білім саласында көптеген игі өзгерістер орын алып отыр. Астанада халықаралық дәрежедегі «Назарбаев университеті» ашылды. Мақсаты – жастардың әлемдік деңгейдегі білім алуына жағдай жасау, еліміздің ертеніне үлес қосатын қажетті мамандар даярлау. «Назарбаев университетіне» жоғарыда аталған «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» түлектері қабылданады.

Сонымен қатар, Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Қазақстан Менеджмент институты, Қожа Ахмет Йассауи атындағы қазақ-түрік университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Ұлттық мемлекеттік заң университеті, сонымен қатар, бірнеше лицейлер мен колледждер ашылды.

Әрбір қазақстандық азаматтың жүрегінде еліне, халқына деген шексіз сүйіспеншілік пен патриоттық сезім оятуда Елбасының тұлғасы

айрықша мәнге ие. Шет мемлекеттерге сапар шеккенде ең алдымен, оның халқы қалап, сайлаған Президенті, астанасы, мемлекеттік рәміздері, халықтық ділі мен тілі бойтұмар секілді болатыны айдан анық. Бұл тұрғыда Нұрсұлтан Әбішұлының ең тартымды қасиеттеріне тілдерді еркін меңгергені, дипломатиялық шеберлігі, адамға деген ықыласы мен ниеті, салиқалы мінезі, төл халқының болмыс-бітімін бойына жинақтаған адами қасиеттерін бүкіл әлем таныған маңдайалды саясаткерлер мен қайраткерлер мойындап отыр. Оның тағы бір айғағы – Қазақстан спортшыларының биылғы Лондонда өткен Олимпиадада жеті дүркін алтын медальдармен марапатталуы. Яғни қазақ елінде спорт пен салауатты өмір салтына айрықша мән беретіні белгілі.

Қорытындылай келе, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, ұлтымыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – бұл күндері өз елімізге ғана емес, күллі әлемге танымал болып отырған қазақ халқының ұлттық тарихындағы аса көрнекті қайраткер тұлға.

Резюме

В данной статье раскрывается личность Лидера Нации Н.А.Назарбаева, его грандиозный вклад в становлении и развитии суверенного Казахстана.

Summary

This article reveals the personality of the leader of the Nation Nursultan Nazarbayev, his grand contribution to the establishment and development of independent Kazakhstan.



“Халықтың кемеліне келіп өркендеп, өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет”

Ш.Уәлиханов

«ЗИЯТКЕР ҰЛТ - 2020» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ МЕН А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Ноябрь Кенжеғараев -

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Жаһанданған әлем жағдайында Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті елдер қатарынан көрініп, даму жолына түсуін ойға алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Зияткер ұлт - 2020» ұлттық жобасы – адамзат дамуының ең іргелі мұраттарын көздеген алпауыт жоба. Адамзат қоғамында, оның ішінде қазақ қоғамында өткір тұрған мәселелердің бірі – адам тәрбиелеу, ұлттық және адамзаттық құндылықтарға бағдарланған, негізделген тұлға тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Елбасымыздың интеллектуалды ұлт, интеллектуалды тұлға қалыптастыру стратегиясының дәл қазіргі уақытта көтеріліп, өзекті болуы да адамзат қоғамы рухани деградацияға түскен уақытта барынша адамгершілік мұраттар мен рухани құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаны, қоғамды көксеумен түсіндіріледі. Мемлекеттік саясат мәселесін адами мәңгілік құндылықтармен ұштай білген, ойшыл Елбасының интеллектуалды ұлт, интеллектуалды тұлға мәселесінің тамыры өте тереңде жатыр. Интеллектуалды тұлға – ол өз ретінде ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық рухани, адамгершілік, мәдени, моральдық құндылықтарды сіңірумен шектелмеген тұлға. Интеллектуалды тұлға тұжырымы – түркі-мұсылман ойшылдары адамзат игіліне ұсынған, жылдар бойына өрістеп, дамып, Абай тұсында кемеліне келген «толық адам» идеясымен сабақтас, өрістес. Тек діннің шеңберінде кемелденген адамды Абай «пенделіктің кәмалаттығы» деп атаса, тұтас адамзаттық, дінмен қатар ғылым мен біліммен қаруланып, заманауи азаматтық тұрғыдан да, этикалық тұрғыдан да жетілген сапаны «инсанияттың кәмалаттығы» деп жіктеуі де көп мәселенің басын ашып берсе керек.

Өмірдің бір орында тұрмайтындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қазіргі жаһандану мен ғылыми-техникалық прогрестің, мобилді-ақпараттық коммуникация заманында адамзаттың ақыл-ойының данышпандары ұсынған, қалаған, арман еткен «толық адам» концепциясы жаңа тұжырымдамаға трансформацияланып отыр.

Интеллектуалды ұлт пен тұлға тұжырымдамасын іске асырушылар мына нәрсені өте қатты ескеруі керек. Бірнеше шетел тілін меңгеріп, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен мықты қаруланып, фундаменталды ғылымдарды игеріп, ақпараттық технологиялардың құлағында ойнайтын тұлға тек пайда ойлау мен пайда табуды көздейтін прагматиске, не суық ақылды генийге айналмауы қажет. Рух пен рухани байлықты, жан құмарлығы мен жан тазалығын, рухани және моральдық, адамзаттық мәңгілік рухани құндылықтарды бойына сіңірмесе, ол азаматтардан адамзатқа пайдадан гөрі зияны мен зардабы көбірек болады.

Қазақ елінің даму тарихында өз ұлтын әлем халықтарының өскелең өркениеті мен мәдениетіне тартуға, баулуға қадам басқан алыптар – Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаевтар болып табылса керек. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы Ресей патшалығының бодан елі болғанымен қазақ жеріне де жаһандық өзгерістердің ықпалын алып келе бастаған еді. Жаһандану дәл бүгінгі күні туып, қалыптаса салған, не дамыған үдеріс емес сияқты көрінеді. Қазіргі күні жаһанданудың шарықтау фазаларын бастан өткерудеміз, ал оның бастауы Абай дәуірі мен заманына тұспа-тұс келеді.

Абай Құнанбайұлы неге қазақ сахарасындағы жаһандық өркениеттің, ықпалдастықтың алғашқы қарлығашы деп танылады? Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесі қабырғасында оқып жүрген кезден басталған Шығыс әдебиеті мен мәдениетіне, пәлсафасы мен тарихына, Ислам діні тарихы мен философиясына, түркі, араб, парсы-тәжік өркениетімен танысуымен қатар, орыс және батыс әдебиеті мен ғылымынан, философиясы мен мәдениетінен сусындауы Абайдың ұлы ойшылдық деңгейге көтеріліп, Шығыс пен Батыс өркениетін тел емген, қазақтың ұлы даласының ғибратын молынан сіңірген ғұлама деңгейіне жеткізді. Ұлы ойшыл ақынның жалпыадамзаттық, адамгершілік құндылықтар деңгейіне көтерілуі жаһандық әдебиет пен мәдениеттен хабардар болуынан туындап

отыр. Бұл қазақтың төл әдебиеті мен мәдениетін төмендету деген сөз емес. Жалпыадамзаттық ұлы мұрат - өркениеттер сұхбаттастығынан, мәдениеттер диалогынан келіп туындайтын құндылық. Абайдың ұлттық ақын бола тұра, жалпыадамзаттық ақын, ойшыл болып табылуының сыры да осында жатыр.

Ойшыл Абай XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі әлем халықтарының даму беталысын, жеткен жетістіктері мен табыстарын, мәдениеті мен тұрмыс әлеуетінің қаншалықты дамығандығын саралап, жаһанданған әлемдегі қазақ халқының орны мен оның жағдайын бағамдауы, сараптау жасап қазақ халқының басқа халықтардан не үйренуі керек, қандай мұраттарды басшылыққа алып, ел боламыз десек қандай шаруалар атқару шарт деген сауалдарға терең ой өрбітуі ғаламдық ықпалдастықтың алғышарттары болып табылады. Абай өзінің екінші қара сөзінде қазақ халқын қазақтың өз ішіндегі, не көрші тұратын ноғай, өзбек, орыс ұлттарымен салыстырып, олардың мәдениеті мен тұрмысының, дағдысы мен кәсібінің қазақтан әлдеқайда жоғары екендігін айтады. Сондай-ақ орыс халқы мен мемлекеті туралы: «Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз» [1, 160], - деуі Еуразия кеңістігін мекендеген көрші елдердің жағдайын сипаттап, ықпалдастықтың қандай бағыттарда өрбуі керектігін анықтауы қазақ халқының болашақ дамуының стратегиясын көрсетеді. 12 жыл болыс, 6 жыл төбе би болған Абайдың елдің ішкі және сыртқы жағдайын өте жақын біліп, болашақ даму жолдарын меңзеуі көп жағдайдың көзін ашса керек. Абайдың жаһандық салыстыруларға орын берген сарапшылығын оның жиырма төртінші қара сөзі айқындайды: «Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар. Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа құсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе?» [1, 176]. Сол кезеңдегі Ресейден шығып тұратын мерзімді басылымдар, ғылыми еңбектер, көркем шығармаларды оқу, танысу арқылы ақпаратқа ие болған Абай, ол ақпаратпен тек оқып, танысып қоймай, оны терең сіңіру мен меңгеру арқылы, ұлттық контекске бойлап, қазақ топырағына сәйкестендіріп, қазақ ұлтының өрелі, өзекті мәселелерін көре біліп,

сол мәселелерді шешу мен жеңудің, дамудың даңғыл дара жолына түсуге жол сілтеуі, салыстырмалы әдіспен сұңғыла диагностика жасауы - өркениетті дамуға жасалған соны қадам деп танылуы керек. Жоғарыда келтірілген Абай қара сөзінен үзіндіге қайта оралсақ, қазақ қоғамы үшін инновациялық мәні бар жер жүзі, дүние жүзі, жер шарын мекендеген халық саны, миллиондаған халқы бар қалалар, жер шарын шарлап шыққан жиһанкездер туралы ақпараттар берілуі тегін емес. Абайға дейін осындай жаһандық салыстыруларға барған тұлға қазақ бұрын болмаса керек. Өз дәуірі үшін инновациялық ой қозғаған Абайдың осы тұрғыда тек ақын ғана емес, саясаткер, стратег, диагностик екендігін айқындап беріп тұр. Дана Абайдың осы айтылмыш межелі ойларын XXI ғасырдың басында ғұлама Елбасымыз Н.Назарбаев байытып, әлемдік аренада іске асыруға көшкен тұлға ретінде бағаланады.

Әлемдік өркениеттен қазақ елінің кенже қалуына сыртқы факторлармен қатар, ішкі факторлардың да себеп болып отырғанын дана Абай айғақтап беріп отыр. Ақын Абайдың көз алдында әлемдік өркениетте формациялар өзгеріп, белгілі мемлекеттер қарыштап дамуға бет алып жатқан болатын. Еуропа елдерінде болып жатқан индустриялық-инновациялық өркендеуден, ғылыми технологияның бастау ала бастауынан хабардар Абай өз еркі өз қолында емес қазақ халқының алауыздықтан тым құрығанда малын дұрыстап баға алмай кеткен мүшкіл халін көре біліп, құрдымға кеткелі тұрған халықтың аман қалу мен жанару жолдарын көрсетуді өзіне мақсұт тұтады. Әлемдік даму, жаһандану ықпалдастығы сынды саяси дискурстың ақын шығармашылығында орын алуы кездейсоқ дүние емес. Шабытты да асқақ поэзиясымен терең сезім мен романтика бөленіп отырып, лирикасын жазумен ғана неге шектелмеді дана Абай? Қазақ қоғамының саяси ахуалы мен әлемдік даму үдерісіндегі орны сол халықтың өкілі болғаны үшін ақынды қатты толғандырғаны анық. Хандық дәуірдегі Тәуелсіздіктің жұрнағы да қалмаған заманда өмір сүрген Абай, кешегі қазақтың біртұтас, дербес ел болғандығын ұмытпаған. Сол елдің жойылмағанын да қалайды. Румен, жүзбен, атамен шектелмей, жалпықазақтық, ұлттық деңгейде ой қозғайды, Қазақ деген ел пен ұлттың атауының атынан сөз қозғайды. Осы тұрғыдан келер болсақ та, бодандыққа түскен қазақ халқы деңгейінде жалпықазақтық, ұлттық, этностық біртұтастық деңгейінде сөз қозғаған тұлға да – Абай Құнанбайұлы.

Ресей боданындағы қазақ елінің саяси-әкімшілік билік пен тәуелсіздікке қолы бейбіт түрде жетпейтіндігіне көзі жеткен ойшыл, орыс елінің ғасыр соңындағы әскери-саяси күдіретін ескере отырып, саяси және күштік тұрғыдан азаттыққа жету мүмкін еместігін бағамдаған. Боданында болған қазақ елінің әлемдік өркениетке ұмтылып, инновациялық, индустриялық өркендеуге жетуін патшалық Ресей еш көздеген емес. Терісінше, бұратана халықтың ортағасырлық феодалдық-патриархалдық формациядан шықпауын қалап, ел арасында ортодоксальды, догматты соқыр дінді насихаттауға ықыласты болды. Қазақ халқының санасының оянуынан қауіптенді. Қазақтың дархан даласынан ел қамын жеген Абай сынды тұлғалар шығып, ұлттық Ренесансқа қадам басты. Қазақ елінің жағдайын саяси-әкімшілік тұрғысынан өзгерте алмайтынын білген ойшыл, мәселені сыртқы факторлар арқылы емес, ішкі факторлар арқылы өзгертуге талаптанды. Қазақ халқының бірлігі, ынтымақтығы, татулық пен бейбітшілікті, келісімді ту етумен қатар, ұлтпен бірге, ұлтты құраушы жеке тұлғалардың моральдық-этикалық тазалығы, дүниетанымы, ділі, ар мен иман, өмірдің мәні мен мақсаты, мазмұны, өмір сүруде басшылыққа алатын темірқазықтар деген сынды жаратылыс сырларына, өмір сүру философиясына негізделген маңызды сауалдарды халыққа жете түсіндіріп, сіңіріп тәрбиелеуді қолға алды. Адамзат тарихындағы әр заманда да ғұлама ойшыл тұлғалар, хакімдер адам өмірінің мәні мен мақсаты, мазмұны, басты қасиет, құндылықтар төңірегінде әр уақыт сөз етіп, толғанып келген болатын. Әлемдік дана ойшылдардың қазақ топырағындағы сілкінісі ретінде өткен ғасырларда хакім Абай болса, бүгінде адамзаттық деңгейге жетіп отырған Елбасы Н.Назарбаевтың хакімдік даналығы.

А.Құнанбайұлы өз шығармашылығында диахронды және синхронды тәсілдерді қатар алып жүреді. Жалпыдан жалқыға өту не, жалқыдан жалпыға ойысу алмастырылып отырылады. Қазақ деп елдік, ұлттық, қоғамдық мәселелерді қозғай отырып, жеке адамдардың болмысын, табиғатын талдау арқылы сөз етеді. Ұлттың ядросы

- жеке адам, тұлға екендігін жете түсінген ойшыл жеке адамдарды тәрбиелеу арқылы қоғамды түзетуге болады деген ұстанымға тіреледі. Абай заманындағы қоғамдық-саяси жағдай ақынды осындай модельге жүгінуге мәжбүр етті. Адамзат баласының болмысына сай қоғам мен мемлекеттің дамуы да жеке тұлғалардың жетілуі арқылы іске асатындығы көне тарихтан орын алған ұлылардың бәрі айтқан ұстаным. Ғылымда антропологизм, антропологиялық философия сынды ұстанымдар айғақтайтын Адам мәселесі, Адам тәрбиелеу, адам өмірінің мәні мен маңызы, мазмұны сынды сауалдар адамзат өмірінің маңызды сұрақтары болып табылады. Қоғам мен адамның қарым-қатынасы, әлеуметтенген адам, әлеуметтену мәселелері, қоғамдағы адам, Мен және қоғам, Мен және өмір сынды мәселелер адамзат үшін өте маңызды. Жаратылыс, табиғат қандай жұмбақ, күрделі болса, адамзат қоғамының қалыптасуы мен дамуы да, адам мен қоғамның қарым-қатынасы да аса сондай күрделі. Қауымдасқан адамдар тіршілігінде жеке адамның әлеуметтену алуы, жеке адамның физиологиялық, шектеулі ғұмырына байланысты мақсатты өмір сүре алуы, тіршілік етумен қатар, рухани, діни құндылықтар қағидаттарын ұстанып, биік талап деңгейінен шығуы міндетеліп отырады. Әр заманда да адамзат баласы үшін ең өзекті де күрделі сұрақ адам болып өмір сүрумен, адам болып өмірден кету болса керек.

Абай қоғамдағы адам, әлеуметтенген адам мәселесімен қатар, адамзат баласының түп мақсаты, идеалдағы «Толық адам» тұжырымдамасын жетілдіреді. «Толық адам» тұжырымдамасы өз бастауын, қайнарын қайдан алады? «Толық адам» тұжырымдамасы тек дінге негізделген тұжырымдама ма, әлде діни-философиялық, этикалық, әлеуметтік тұжырымдама ма? «Толық адам» тұжырымдамасы синкретті, симбиоз, кешенді тұжырымдама ретінде, Елбасы Н.Назарбаевтың Астанадағы Назарбаев университетінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде айтқан «рухани тұтастық» [2] идеясымен сабақтасып тұруы назар аударарды.

Әдебиеттер

1. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Алматы: Жазушы, 1995.
2. Назарбаев Н. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке. [WWW-документ] URL. Электронды ресурс www.akorda.kz.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы преемственности идеи национального проекта «Интеллектуальная нация - 2020» с концепцией «Полноценная личность» великого казахского поэта-мыслителя А.Кунанбаева.

Summary

The article deals with the idea of continuity of the national project «Intellectual nation - 2020» with the concept of «Integrated personality» of the great Kazakh poet-thinker A.Kunanbaev.

ЖАСАМПАЗ БАСШЫ

*Көпжасар Нәрібаев –
ҚР ҰҒА академигі*

Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың біртуар ардақты ұлы, ірі тұлға, өзінің даналығымен де даралығымен де халқының шексіз құрметіне бөленген Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Жыл басында, өзінің туған күні 12 қаңтарда салтанатты жиынмен басталған мерей той осы күнге дейін жалғасып жатыр. Кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде облыс, аудан көлемінде, оқу орындары, мекемелер мен ұжымдар деңгейінде Димекеннің мерейтойы атап өтіліп, есімі ұлықталып жатыр. Бұл Қонаев сынды ұлына еліміздің көрсетіп жатқан үлкен құрметі.

Димаш ағаның қызметтен кеткеніне 26 жыл, ал өмірден озғанына 19 жыл болыпты. Қазір оны танып білмейтін ұрпақ өсіп келе жатыр. Сондықтан Д.А.Қонаевты көзкөргендердің, сол кісінің тұсында қызметте болған шәкірттерінің парызы – ол кісінің ұлылығын, даналығын дәріптеп кейінгі ұрпаққа жеткізу. Бүгінгі жастар Димекеннің еліне сіңірген ерен еңбегін, ол кісінің өмірі мен қызметі Қазақстанның өсіп-даму тарихымен тығыз байланысты екенін түсініп білуі тиіс. Бұл мәселенің үлкен тәрбиелік мәні бар.

Шын мәнінде ел экономикасының қай саласын алсақ та оның өсіп-өркендеу барысында Қонаев басшылығының терең ізі жатыр. Ол кісінің қол тигізбеген, көңіл бөлмеген, көмек

жәрдем бермеген саласы жоқ. Бұл жөнінде әр саланың өкілдері айтып та жатыр, жазып та жатыр.

Қонаевтың осы ерен еңбегінің нәтижелерін дәріптейтін статистикалық мәліметтер де жетіп артылады. Ал мен Димекеннің өз аузынан естіген әңгімені айтайын.

Димаш Ахметұлы зейнетке шыққаннан кейін «тоқырау» дейтін тақырыптың кеңінен талқыланып жатқан уақыты еді. Үйіне бір барғанымда ол кісі бұл әңгімені өзі көтерді:

– Көпжасар, «тоқырау» деген сөз шығып жүр. Бұл қандай тақырып, қандай сөз? Мен 1955 жылы Министрлер кеңесінің төрағасы болдым. Содан билік тізгінін 1986 жылдың аяғына дейін ұстадым. Осы 30 жылдың ішінде бір Қазақстанды 7 Қазақстан жасадым, – деп көптеген цифрды жатқа айтып отырды.

– 1955 жылы қазақтың саны 2,7 миллион еді, қазір 7 миллионнан асты. Қойдың саны 17 миллионнан 36 миллионға, ірі қара 4,5 миллионнан 9 миллионға өсті. Ол кезде мемлекетке жылына 7 миллион тонна астық тапсыратынбыз, оны 27-30 миллион тоннаға жеткіздік. Мемлекет қоймасына 7 рет бір миллиард, 8 рет 900 миллион пұттан астық құйдық. Горбачевтың айтып жүрген тоқырауы қандай тоқырау? 14 облысты 19 облысқа, 160 ауданды 214-ке жеткіздім. Өндіріс көлемі 9 есе, ауыл шаруашылық өнімі 6,5 есе, құрылыс 8 есе,

халықтың саны екі еседен астам өсті. 48 жаңа қала, 70 ірі жаңа поселок салынды. Ал жаңадан ірге көтерген завод, фабрика, колхоз, совхозда есеп жоқ. Сонда бұл тоқырау қайдан шыққан тоқырау?

– Димеке, ол саясаттың түлкібұлаңы ғой. Өзіңіз саясаткерсіз. Оның төркіні қайда екенін біліп отырсыз, – деймін мен тоқтау айтып.

– Біліп отырмын ғой. Дегенмен біздің жігіттердің осыны қағып алып, ары қарай ұшындырып әкеткеніне наразымын.

– Димеке, қазір сіз бен бізді тыңдап жатқан ешкім жоқ. Оны тоқтату қолымыздан келмейді. Уақыт әлі-ақ әркімнің еңбегін таразылап, бағасын береді.

– Дұрыс. Халық пен уақыт өз бағасын береді. Уақытқа халықты қосып айт – деді Димекең даусын көтере сөйлеп.

Мінеки, Димекеңнің осы бір ауыз сөзінен ол кісінің қаншама ерлік жасағаны көрініп тұрған жоқпа. Кейінірек өзінің «Өтті дәурен осылай» атты естелігінде осының бәрін толығырақ баяндап берді. Ал халқы, өзі айтқандай, ардақты ұлының ерен еңбегін өте жоғары бағалап, өзін кеменгер, дана, дара тұлға деп танып отыр.

Мен өзім білім мен ғылым саласының өкілі болған соң Димекеңнің осы салаларға жасаған жақсылығын айтайын. Өзі терең білімді, ғұлама ғалым болған соң осы салалардың дамуына ерекше көңіл бөлді. Оны бұрын да білетімін, ал 1983 жылы жоғары білім беру министрі болып тағайындалғаннан кейін одан бетер көзім жетті. Осы қызметке бекітілгеннен кейін Димекеңе рақмет айтып, ақылын тыңдауға алдына бардым.

– Димаш Ахметұлы, рақмет. Маған үлкен сенім артып, үлкен жауапкершілік жүктегеніңізді бүкіл жан-дүниеммен сезінем. Бұл министрлік жай министрлік емес, елдің, халықтың, жастардың болашағына қызмет ететін министрлік деп білем, – деп едім: «Дұрыс. Жауапкершілікті түсінетін де, түсінбейтін де адам бар, – дей келіп, маған ақылын айтты. – Жалпы біздің жігіттердің қайсыбірі ел басқарғанда «мен бастықпын» деп елдің мазасын алып, төпелеп бұйрық беріп, төрде шіреніп отырғанды ұнатады. Бұдан аулақ бол. Елді, жұртты көбірек тыңдайтын бол. Жоғары оқу орындарын жиі-жиі арала, кабинетінде отырып алма. Қандай мәселе шешілмей жатыр деп зерттеп біліп, қолыңнан келетінін өзін шеш. Қолыңнан келмейтінін маған айт. Бұл орынға сені сол үшін қойып отырмыз. Жұмыла кірісіп, білім жүйесін дамытайық, өсірейік, өркендетейік. Білім, ғылым елдің болашағы деп отырсың ғой. Осы бағытың дұрыс, осы бағытыңнан тайма.

Екінші, елмен, жұртпен сөйлескенде кішіпейіл бол. Ешуақытта сен деген сөзді айтпа. Жасы кіші болса да, алғаш көрсең де, сіз деп тіл қат. Басқару жұмысында мәселені сүрлеп, жатқызып қоймай, сөзбұйдаға салмай, іскерлікпен жедел, өз уақтысында шешу керек. Ол асығыс, апыл-құпыл, қалай болса, солай шеш деген сөз емес. Мәселені шешерде ойлану, ойланғанда жан-жақты, терең ойлану қажет».

Қоштасып, өз кабинетіме қатты толқып келдім. Білім, ғылым саласында анау-мынау емес, мүйізі қарағайдай ғалымдар, тәжірибелі ұстаздар, ой-өрісі кең, ойлы адамдар жұмыс істейді. Олармен тіл табысу оңай емес. Соны біліп жүрсін деп Димекең маған әдейі ақыл айтқан екен-ау, мұнысы тек маған ғана емес, елге, халыққа жаны ашығандығы-ау деп тебіреніп, іштей өте риза болдым. Білім жүйесінде ол кісінің көңіл бөлмейтін мәселесі болмайтын.

– Жоғары оқу орнына құжат өткізген талапкерлердің ішінде қаншасы қазақ, қаншасы ауылдан келген, қаншасы шопанның, диқанның, малшының баласы? Соның бәрін біліп, маған уақтылы хабарлап тұр. Екіншіден, қабылдау емтиханы аяқталған соң, алыс аудандардан келгендердің қаншасы студент атанды. Республика бойынша қазақ студенттерінің үлес пайызы қанша? Оқу бітіріп, ауылға, ауданға барғандардың айлық мөлшері қандай, үймен қамтамасыз етілген бе? Соның бәрін қадағалап отырайық, ауыл жастармен көгерді. Осыны біз ұмытпайық, – деп Димаш Ахметұлы сан мәрте пысықтаудан жалықпайтын.

Ол кезде жыл сайын министрлікке оқу ғимараттарын, зертханалар, жатақхана, асхана, медпункт салуға көп ақша бөлінетін.

– Маған келген сайын қолыңда анықтама-қағаз болсын. Бөлінген ақшаның жұмсалуды қалай? Қанша пайызы игерілді, қаншасы игерілмей қалды? Оның игерілмей қалу себеп-сыры неде? Оған кім кінәлі? Цемент, кірпіш, ағаш, тағы басқа қажетті жабдықпен қамтамасыз етпеген құрылыс басшылары ма, әлде соған көңіл бөлмейтін жоғары оқу орындарының ректорлары ма? Бәрін анықтап, маған хабарлап отыр. Орын алған кемшілікті жою үшін министрліктен – сен, мына жақтан – біз шара қолдануымыз керек. Жастарымызға жан-жақты тәрбие, білім беру ісін үнемі жақсарту беруіміз қажет, – деп Димекең мені қабылдаған сайын талап қоятын.

Басқа министрлерді қайдам, ал мені бір жылда кем дегенде 5-6 рет қабылдайтын. Әр қабылдаған сайын жоғарыдағы мәселелерді қайта-қайта сұрап, тексеріп, пысықтап отыратын.

– Студенттердің қанша пайызы жатақханамен

қамтамасыз етілген, оның ішінде ауылдан келген балалар қанша? Оқу ғимараты әр студентке қанша шаршы метрден келеді? Соның бәрін Димекең үнемі сұрап біліп, керек кезінде жәрдем қолын созатын.

Ол кісінің барлық саладағы министрліктердің де жұмысын, мақсат-міндеттерге сай қандай өзгерістер, жаңалықтар болғанын қалт жібермей қадағалап, бағалайтынына, іскерлігіне таңғалып, мен де үнемі ізденуде болатынмын.

Димекеңмен өте жақын араласып, жаңа қырларын таныған кезім 1986 жыл, Желтоқсан оқиғасының алды еді. 1986 жылы ақпанда Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезі өтті. Сол съезде сөйлеген ҚКП ОК идеология жөніндегі хатшысы республикамыздың жоғары оқу орындарында оқып жүрген қазақ балалары шектен тыс көп, сондықтан басқа ұлттың өкілдері, әсіресе, орыс халқының балалары зиян шегуде деп бұрын-соңды болмаған мәселені көтерді. Бұған дейін біздің негізгі мақсатымыз осы қазақтың ұл-қыздарын оқыту, тәрбиелеу, көп салаларда жетіспей жатқан ұлттық кадрларды дайындау болды емес пе? Сондықтан мына әңгіме бәрімізді дүр сілкіндірді.

Съезден кейін Димекең мені шақырып алып, осы мәселе жөнінде бірнеше дүркін әңгімелесті. Мен бұл сынның орынсыз екенін дәлелдеп бақтым, барлық жинаған материалдарымды жүйелеп, талдап алдына қойдым. Менің мәліметтерімнің дұрыстығына көзі жеткеннен кейін маған айтқан Димекеңнің аталы сөзі мынау бодды: «Көпжасар, қазақтарды оқыта бер. Оларды, мен оқытпасам, сен оқытпасаң, кім оқытады? Олар өз елінде оқымай қайда барып оқиды? Халықтың обалына қалмайық, шулағандар шулай берсін».

Міне, осындай айқай-шу болып жатқан заманда, Мәскеу бізден ұлтшылдық іздеп аласұрып жатқан мезгілде Димекеңнің «қазақтарды оқыта бер, ... олар өз елінде оқымай қайда барып оқиды» деген сөзі ол кісінің өз халқын шексіз сүйетінің дәлелі емес пе?! Бұл елінің болашағын ойлаған дананың сөзі ғой.

Д.Қонаевтың кезінде жалпы білім беру жүйесі, оның ішінде жоғары білім беру үлкен биіктікке көтерілді. 1945 жылы Қазақстанда 14 жоғары оқу орны болған екен. Димекең оны 1960 жылы 28-ге, 1985 жылы 55-ке жеткізді. 1955 жылы студенттер саны 70 мың болса, 1985 жылы 270 мың болған. Ол кезде жоғары оқу орнына түсіп оқитын қазақтар аз еді. Мысалы, 1955 жылы студенттердің 28 мыңы ғана қазақ екен. 1985 жылы олардың саны 151 мың болды.

Димекең билік басына келгеннен бастап, жер-жерде, атап айтсақ, Целиноградта, Қостанайда, Өскеменде, тағы басқа қалаларда институттарды көптеп ашты. Түгел, барлық облыстарда педагогикалық институттар ашылды. Қарағанды қаласында екінші университет бой көтерді. Димаш Ахметұлы: «Кем дегенде әр облыста бір институттан болсын. Ол тек қана оқу орны ғана емес, мәдени, ғылыми, әлеуметтік орталыққа айналсын» деген талап қойды.

Димаш Ахметұлының Қазақстан ғылымына сіңірген еңбегі де ұлан-ғайыр. Соның ішінде ол кісінің Қазақ ССР-і Ғылым академиясын басқарған жылдары өте нәтижелі кезең еді. Димекеңнің Ғылым академиясына баратын уақыт өте қиын мезгіл болатын.

1951-ші жылдың қарашасында аса көрнекті ғалымымыз Қаныш Имантайұлы Сәтпаевты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросына салып талқылады. Алашордашылармен байланысы бар, тарихи мәселелерді бұрмалады, Кенесары Қасымовты, әсіресе ол туралы Бекмахановтың еңбегін дәріптеді, оның қателіктеріне көңіл бөлмеді, керісінше оған қол ұшын берді деп кінәлады. «Правда» газетінде «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан көрсетейік» деген мақала жарық көрді. Ол мақалада Бекмахановтың кітабын да сынап, тас-талқанын шығарды. Көп ұзамай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 8-ші пленумы болды. Онда республикадағы идеология жұмысын жақсарту, творчестволық одақтардың, Ғылым Академиясының мәселесі қаралып, Сәтпаев орнынан алынды. Көптеген академиктер: Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Ахмет Жұбанов, Ермахан Бекмаханов, Қажым Жұмалиев, Темірғали Нұртазин, Есмағамбет Исмайлов, Бек Сүлейменов жұмыстан қуылады.

Бір айдан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов Қазақ ССР-і Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болып істеп жүрген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты шақырып алып:

– Академияға президент боп барып, жақсылап жұмыс істе, – дейді. Димекең президент болғаннан кейін партияның сойылын соғуы керек екенін іштей сезіп, келісім бермейді. Ең қиыны – Сәтпаевтың орнына барғанды ыңғайсыз көреді. Пленум шешімін орындау, «Правда» газетінде шыққан мақаланың қортындысын іске асыру керек деген дүмпу ақыры ол кісіні көндіреді. Сөйтіп, 1952 жылы сәуір айында Д.А.Қонаев

Ғылым Академиясының Президенті болып сайланады.

Димаш Ахметұлы Ғылым Академиясына президент бола салысымен көптеген маңызды шараларды жүзеге асырды. Ең алдымен Одақтағы үлкен Академия президентіне, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Пономаренконың алдына Академияның базасын нығайту туралы мәселе қойды. Соның нәтижесінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер кеңесінің «Қазақстан Ғылым Академиясының материалдық базасын жақсартып, одан әрі қарай дамыту жөнінде» қаулысы қабылданды. 1954 жылы қосымша 13 жауа академик, 17 жаңа мүше-корреспондент сайланды. Академияның 1944 жылы басталып, созылып, бітпеген құрылысын Димекең тікелей қолға алып, үлкен нәтижеге қол жеткізді. Ғылымның дамуына салалық министрліктерді белсене араластырды. Өйткені, Димекең бәрін танитын, олардың мұқтаждарын ескеріп, кім қандай ұсыныс бере алады, оны қалай жүзеге асыруға болады деп геология, мұнай өңдеу, металлургия, ауыл шаруашылығы министрліктерінің бәрін ғылыми жұмысты қолдауға тартты. Ғылымды дамытуға үкіметтің берген ақшасына қосымша жаңа институттар ашты. Өзі зейнеткерлікке кеткенше Академияны қолдап, қолынан келген жәрдемін аямады, оны бір күн де есінен шығарған емес. Ол кісінің тікелей көмегі арқасында Академия керемет биік деңгейге көтерілді, одақ бойынша Украинадан кейін үшінші орынды иеленді. Көптеген ғимараттар, зертханалар, тұрғын үйлер салынды.

Біздің академиктеріміздің арасынан 7 Еңбек Ері, 18 Лениндік сыйлықтың жүзден аса КСРО, Қазақ ССР-і мемлекеттік сыйлықтың иегерлері шықты. Мұндай жетістік ешбір Академияда, ешбір елде болған емес. Мұның бәрі Димекеңнің ғылымға үзбей жасаған қамқорлығының жемісі.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ұлылығы жөнінде аңыз да көп, ақиқат та көп. Соның бір қыры – ол кісінің ұлағатты ұстаз бола білгені. Өткен ғасырдың екінші жартысында биік орбитаға көтерілген көрнекті қайраткерлердің көбісі Димекеңнің «шекпенінен» шыққан шәкірттері. Олардың көптігі соншама бәрінің атын атап, түсін түстеу мүмкін емес. Ал Димаш аға ұстаз ретінде бәрінің тағдырын талдап, табыстарына қуанып, кемістіктеріне ренжіп отыратын. Бәрінде өзінің қойнынан шыққан балапандарындай, өзі тәрбиелеп өсірген балаларындай көретін. Солардың ішінде

дарынды шәкірттерінің бірі және бірегейі еліміздің алғашқы президенті Нұрсұлтан Әбішұлы да бар. Нұрекенді ұстазы жақсылап баптап, мәпелеп өсірді, шәкірті де ұстазын ұялтпай, оның үлкен үмітін толық ақтады.

Өзім куә болған мына оқиғаны баяндай кетейін. 1984 жылы наурыз айында Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақ ССР-ы Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Сол кезде Кеңестер Одағындағы ең жас премьер біздің Нұрекең екен. Жаңа қызметіне құлшына кірісті. Маусым айының 21 жұлдызында Совминнің кеңейтілген мәжілісі өтіп, онда Нұрекең өте тамаша баяндама жасады. Ел экономикасының жағдайына толық, жан-жақты ғылыми тұрғыдан талдау жасалды. Олқылықтар айтылып, оларды түзету жолдары көрсетілді. Жаңа премьеріміз өндірістен өскен азамат қой, сондықтан ол саланы толық меңгергені түсінікті, ал енді ауыл шаруашылығы, құрылыс, транспорт, байланыс, әлеуметтік салаларды түгін қалдырмай тереңдетіп талдағаны бәрімізді таң қалдырды. Үкіметтің көптеген жиналыстарына қатынасып жүріп, өз басым осындай ғылыми түрде негізделген, өте жоғары деңгейде дайындалған, терең мазмұнды баяндаманы тыңдағаным бірінші рет. Қазақстанның көзі ашылады екен деп қатты қуандым.

Тура сол күні түс қайта бірнеше мәселелермен Димекеңе кіретін болып алдын ала келісіп қойғам. Кірген бетте ол кісі Совминнің кеңейтілген мәжілісі туралы ой-пікірімді сұрады. Мен алған жақсы әсерімді, әлі де басылмай тұрған көңіл-күйімді жасырмай толық айтып бердім. Нұрекеңнің баяндамасына, мәжілісті жүргізу мәнеріне, қабылданған қаулылардың маңыздылығына жоғары баға бердім. Сондағы Димекеңнің маз-мейрам болып балаша қуанғаны әлі есімде. Көзі күлімдеп, жүзі нұрланып, мақтанған, масаттанған кейіпін танытып, маған: ол кімнің шәкірті дейсің, кімнің мектебінен өтті дейсің, осындай шәкірттер ғой көсегені көгертетін – деп маған шуақ шаша қарады. Ол кісінің қуанышын құптап, мен де қоса қуандым.

Димекеңнің ерекшелігі – ірі, ұлы тұлға, керемет ғұлама. Кеңпейілділік, кішіпейілділік, адалдық, әділдік, тазалық жағынан да үлгі кісі. Өзінің ортасында, Қазақстанда ғана емес, Мәскеудің өзінде, тіпті КОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері арасында бәрінен шоқтығы биік кісі. Сонда да, амал нешік, олардан асып кетуге, олардан ақылдырақ боп көрінуге тіпті болмайды. Онда қызыл көз қызғаншақтардан бөлеге қалары сөзсіз. Оны

Димаш Ахметұлы жақсы түсінді. Сақтанып, әріптестерімнен асып кетпейін, сөзге қалмайын деп жүргенінің өзінде Горбачев ол кісінің атақ-абыройын көре алмай өшікті.

Әділет таразысына салғанда Горбачев кім, Димаш Ахметұлы кім? Димекең ауқымы кең, өресі биік үлкен азамат. Соны Горбачев қызғанды. Меніңше, Димекең қоғамға барлық берер сыйын толық бере алмай кетті. Ол кісінде қол байлау, басқан ізін анду көп болды. Дәл Димекеңдей елдің жағдайын түсінетін, білетін, өзі сияқты елдің, жұрттың қамын жейтін, ойлайтын жан сирек десем қателеспеспін. Әсіресе, шетелдіктер Димекеңді өте жоғары бағалады. Мысалы, мен министр, ҚазМУ-дің ректоры ретінде Америкада, Индияда, Жапонияда, Еуропаның көптеген елдерінде болдым. Сонда сол елдердің көрнекті қайраткерлерінің, жетекші

министрлерінің айтатыны: «Димаш Ахметұлы Қонаев қазір қайда? Ол Мәскеудегілерден бір бас жоғары тұрған, одақ билігін қолына берсе, халыққа көп жақсылық істейтін керемет адам», – дейтін.

Димекеңді мұндай биікке көтерген – ғұламалығы. Ерекше байқағаным, нағыз ғалым адам кез келген мәселеге терең ғылыми, биік қоғамдық тұрғыдан көңіл бөледі екен. Мысалы, маған «қолыңа алған ісіңе жан-жақты, терең қарап, оны жоғары деңгейде орындай біл» деген ақылы қандай?!

Осындай абзал азаматты, барлық өмірін елінің игілігіне жұмсаған аса көрнекті қайраткерді халқы ешуақытта ұмытпақ емес. Димекеңнің алып бейнесі, дара да дана тұлғасы әруақытта елінің есінде болмақ.

Резюме

В этой статье освещается созидательная деятельность Д.А.Кунаева в области образования и огромный его вклад в развитие науки Казахстана.

Summary

The article highlights the creative work of D.A.Kunaev in the sphere of education and his great contribution to the development of science in Kazakhstan.



Өзгенің есебінен жақсы көрініп - жарылқаушы атануға, ел мүддесіне нұқсан келтіруге болмайды.

Нұрсұлтан Назарбаев

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ СИПАТЫ

Нуриев М.А. –
Интеллектуалды ұлт қалыптасыру ФЗИ директоры,
профессор
Үсейін Г.А. –
инспектор

«Ұлтын сүю – ұлылықтың белгісі»
М.Әуезов

Қазіргі қоғамда интеллектуалды ұлт қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін интеллектуалды тұлға қалыптастырып алғанмыз жөн. Жеке адам болу үшін психикалық дамудың белгілі бір дәрежесіне өтіп, басқа адамдарға қарағанда ерекшелігі бар екенін білетіндей біртұтас тұлға болуы тиіс. Өмірлік даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адам, яғни тұлға қалыптасады. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады. Жеткіншек және жасөспірім кезінде жедел жүріп, ересек шақта біршама бәсеңдеп, аяқталу шаққа жетеді. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толысуына байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, толысып жаңарып отыруы заңды құбылыс. Жеке тұлғаға тән қасиеті-ақыл, ес, өмірді өзінің сана-сезім мөлшерімен қарап бағалауға бейім тұруы. Әрбір жеке тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады. Ұлттық тұлға ұғымы ұлтына қызмет ететін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан интеллектуалды тұлға дегенге ойысқан. ХХІ ғасырда ұлттық тұлға ұғымын осы мағынада ұғындырғанымыз жөн. Міне, осыдан келіп ХХІ ғасырдың тұтқасын нық ұстайтын еліміздің ертеңі интеллектуалды тұлға бойынан қалыптасады емес пе?

Осы тұрғыда қазақ халқының айтулы ұлдарының көпшілігі қашанда өз ұлтының қадір-қасиетін өзгелердің қорлығы мен мазағынан қорып келген. Сол жолда бастарына қандай нәубет орнаса да қайыспай көтерді. Қолдарынан қаламдары түсіп, еңбек етуге шамалары келмей қалғанша өз туындыларында ұлт намысын жақтады.

Халқымыздың бағзы замандардан бері келе жатқан түсінігі бойынша адамшылығы мол тәрбиелі адам өзінің қас асыл мінез-құлқын талантын, өршіл өнері мен күш-қуатын өз халқының биік мұраты мен мүддесі үшін қызмет етуге бағындырады. Ел тарихына үңіле қарап сараптар болсақ, нар тұлғалы азаматтар бейнесі әр кезеңнен «мен мұңдалап» зорая түсіп көрінеді. Әрқайсысының халық тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен еншілеген өзіндік орны бар.

Осы қазақ зиялыларының өмірі бүгінгідей еліміз тәуелсіздікке ие болған кезеңде өз өмірімізде бағыт-бағдар, үлгі-өнеге етіп алуымызға болатындығын тақырыпта бөлісуге болады. Туған ұлтын, оның өткені мен бүгінін, тілі мен мәдениетін, тарихын дұрыс танып бағалай алмайтын адамдардан ұлтына жақсылық келмейтіні белгілі. Өз бойымызда туған Отанымызға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімінің бастауы төл әдебиетімізден, қаламгерлеріміз жазып қалдырған прозалық және поэзиялық, драмалық туындылардан бастау алатынын байқауға болады.

Осы ретте, әсіресе ұлт ұғымы туралы сөз айтылғанда жүректегі махаббат сезімінің оянып, ұлтыңа деген ыстық ықыласың мен тамаша ақ ниетің сезілмесе, айқайымыз жалаң да, жадаң әрекетіміздің зиянын тигізіп алатынымыз айғақ. Оны ұлт ұстаздарының қағидалары айқындап тұр.

Адам туралы шығыс ойшылдарының ойлары осы қағидаларды айқындай түседі. Егер тоқталар болсақ, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі»:

Кісі мәңгі болмас, мәңгі аты,
Арыға мәңгі қалар шапағаты – деген жолдар,
немесе Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркіндегі»:

Қураған ағаш иілмес,

Қураған шыбық түйілмес – деген жолдар,
немесе Әбу-Насыр әл-Фарабидің мәңгілік парасат туралы ілімі, ең соңында, ұлы Абайдың:

Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,

Желігін жерге тықпас кісің бар ма!?, – деген өлең жолдары оралады [1,4].

исправление последствий негативного социального воспитания человека, предусматривающее, что в воспитательной деятельности различных институтов могут быть издержки, которые следует исправлять через специально созданную воспитательную систему и таким образом обеспечивая наиболее целесообразное формирование личности гражданина (А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, В.Н. Сорока-Росинский).

Социальное воспитание в государстве и обществе реализуется людьми. Идея исправления была не только сформулирована, но и активно отстаивалась известным российским ученым Дрилем Дмитрием Андреевичем (1846-1910). Он выступал за не-

обходимость принудительного воспитания несовершеннолетних, допустивших (допускающих) правонарушение. «Их несчастье состоит в том, что они не получали необходимого для них воспитания, которое бы дало желательное развитие зачаткам хороших сторон их характера и ослабило и задержало бы развитие дурных сторон. Поэтому не в уголовной каре нуждаются эти несчастно родившиеся дети, а в разумном воспитании. Только последнее, хотя и принудительно, им должно дать общество...» [2, с. 307]. Наиболее интересным был опыт исправления и перевоспитания в практике таких выдающихся педагогов как Виктор Николаевич Сорока-Росинский (1882-1960); Антон Семенович Макаренко (1888-1939); Семён Афанасьевич Калабалин (1903-1972) и др.;

«диссоциальное воспитание (лат. *dis* – приставка, сообщающая понятию противоположный смысл) – *целенаправленное формирование антисоциального сознания и поведения у членов контркультурных* (криминальных и тоталитарных – политических и квазикультурных) *организаций* (сообществ). Осуществляют диссоциальное воспитание руководители контркультурных организаций (их могут называть по-разному – вождем, учителем, лидером, шефом и пр.) и проверенные члены организации, входящие в ее ядро. Независимо от характера организации всех их можно назвать воспитателями-компрачкосами» [1, с. 103-104] (от исп. *comprachicos* - букв. - покупатель детей), в Испании, Англии, Германии, Франции 13-17 вв. преступные сообщества, занимавшиеся похищением и куплей-продажей детей. Изуродовав физически детей, они продавали их в качестве шутов, акробатов и т. п.);

навязывание, пропаганда и внедрение определенных нравственных ценностей, идеалов, образа жизни народам других стран, имеющие место в деятельности различных стран, считающих, что их ценности, идеалы, образ жизни наиболее приоритетные и стремящихся экспортировать их на соседние, создавая наиболее благоприятную среду в них для своей культуры и экономической экспансии. Истоки такого

подхода уходят в глубокую древность. Захватывая чужие территории завоеватель старался уничтожить национальную культуру, насаждая свою. В средние века практиковалась активная деятельность эмиссаров христианства, разъезжающие по странам мира и активно пропагандирующие, внедряющие в сознание масс учения Христа, расширяя, таким образом, число верующих в него и его учение. Такая деятельность осуществлялась не только словом, но и оружием. С этой целью создавались и специальные объединения, сообщества. В 1534 г., например, был создан Орден воинов Христа (иезуитский).

По своей сущности навязывание, пропаганда и внедрение определенных нравственных ценностей, идеалов, образа жизни народам других стран – это идеологическая и культурная экспансия, овладение будущим подрастающего поколения других стран. Такой подход ориентирован преимущественно на детей, подростков, молодежную среду, на отдельные личности. Он осуществлялся и осуществляется через средства массовой информации, негосударственные учреждения, организации, отдельные личности – эмиссаров, принявших предлагаемые идеалы, ценности и образ жизни. Особенно активна пропаганда американской свободы, демократии, образа жизни и культурных ценностей. Высока активность религиозных эмиссаров, втягивающих людей различного возраста в систему ценностей и образа жизни сект. Подобные секты нередко носят деформирующий, зомбирующий характер, негативно сказывающийся на здоровье, образе жизни, поведении и материальном положении людей. Во многих странах мира деятельность подобных религиозных организаций поставлена вне закона (запрещена).

Данный подход в литературе представлен как культурная, идеологическая или религиозная экспансия.

Государство (общество) определяет требования к формированию личности подрастающего поколения, к решению социальных задач воспитания. Однако непосредственными воспитателями выступают социальные институты и сам

человек. Именно они, с учетом усвоенного, что и как воспитывать, непосредственно решают социальные задачи формирования личности. Каждый социальный институт представляет в социально-воспитательном отношении то особенное, что характеризует его в государстве (обществе). Он решает общие (государственные), специальные, характерные именно этому учреждению, этой семье и специфические социально-воспитательные задачи. Выделяются следующие направления в социальном воспитании с позиции социальных институтов:

- **нормативное воспитание** - официально (государственно) обусловленное воспитание. Каждый социальный институт, руководствуется законами государства, нормами и правилами, традициями, сложившимися в обществе, в соответствие со своим назначением готовит людей для жизни в нем. Решает социально-воспитательные задачи он **своими средствами и методами**. Данное направление представляет все то социальное, что объединяет в воспитательной деятельности социальные институты одного общества (государства). Оно направлено на формирование у воспитанника российского менталитета личности, обусловленного общероссийскими нормативными требованиями:

- **профессионально-ориентированное воспитание**, обусловленное профессиональным назначением учреждения. Оно направлено на формирование у воспитанника того менталитета формируемой личности, который отличает ее от представителей других профессий, наполняет профессиональным своеобразием и позволяет качественно решать профессионально важные задачи, например, учителя, врача, социального педагога, социального работника, военнослужащего и др. Речь идет о формировании людей определенного социального статуса, социального предназначения в российском государстве;

- **социокультурное воспитание**, обусловленное своеобразием учреждения, его социокультурной средой воспитательно-

образовательной деятельности. Оно направлено на формирование у воспитанника того менталитета личности, который отличает ее, как воспитанника именно этого учреждения, наполняет социальным своеобразием и позволяет успешно решать повседневные социально обусловленные задачи, в процессе самореализации себя как представителя определенной субкультуры;

- **социокультурное воспитание в семье по социальному идеалу, модели**. Оно характерно именно этой семье, отличается своими установками, принципами, сложившимися традициями, опытом воспитательной деятельности, авторитетностью родителей, социокультурной средой семьи и способствует формированию соответствующего социального типа личности. Это то специфическое, что нарождается именно здесь, в этой семье. Каждая мать и/или отец задумываются о целях воспитания своего ребенка. Они решают его различно, но часто узкоэгоистически, мысленно рисуя себе картину будущего, в котором придется жить их дочери (сыну), отыскивают в нем теплое место под солнышком, и все свои силы направляют к тому, чтобы их ребенок получил то воспитание, те навыки, которые дадут ему возможность занять это местечко. Но это будущее рисуется ими различно. Воспитать сына так, «чтобы он блистал в обществе», «продолжал дело», «вышел в люди», сделался инженером, ученым и т.д.;

• **типовое социальное воспитание человека с особыми нуждами в соответствии с социальными потребностями среды его жизнедеятельности**. Такое воспитание имеет место в случаях, когда речь идет о категориях детей, подростков с особыми нуждами. Имеется ввиду - направленное социальное воспитание человека с учетом его своеобразия и личностно-социальных проблем, возможностей и в соответствии с социальными потребностями среды его жизнедеятельности. В каждом конкретном случае возникают свои социально-воспитательные цели и способы их достижения.

Следует также выделять **социальное воспитание с позиции субъекта самосовершенствования – направленное (осознанное) социальное самосовершенствование (самовоспитание) человека** (В.Н. Шульгин). С возрастом ребенок, чаще всего подросток, юноша задумывается о смысле жизни, о будущей профессии. Он сам ставит перед собой вопрос о том, кем ему быть, определяет, каким образом этого добиться. В зависимости от того, как он своими силами (силами) решает этот вопрос, выбирает то или другое направление по самосовершенствованию и сообразно с этим организует свою работу, можно судить о его деятельности по социальному самовоспитанию, самосовершенствованию. На молодого человека в формировании его социального выбора существенное влияние оказывает пример социально значимого для него лица,

кинофильм или видеофильм, литература или другой фактор, которые далеко не всегда носят позитивный характер. Все это свидетельствует о том, что социальный выбор человека может быть как позитивным, так и негативным. Следовательно, все то, что влияет на социальный выбор человека, носит не частный, а государственный характер. Данный факт диктует необходимость заботы государства об источниках социального воздействия на подрастающее поколение.

Таково понимание сущности и содержания социального воспитания. Его раскрытие позволяет выделять организацию и специфику воспитания каждого человека, в зависимости от ситуации, в которой он оказался, прогнозировать его перспективы. Одновременно оно помогает осмыслить специфику воспитательной деятельности определенного института, семьи и самовоспитания.

Литература:


1. Вопросы воспитания. – 2010. - № 4(5).
2. Дриль Д.А. Тюрьма и принудительное воспитание // Отечественная социальная педагогика: Хрестоматия / Сост. Л.В. Мардахаев. – М.: Изд. центр «Академия», 2003. – С. 307.
3. Дюргейм Э. Социология образования / пер. с франц. Т.Г.Астаховой. – М.: ИНТОР, 1996.
4. Иванов А.В. Социальная педагогика: учеб. пособие / под общ. ред. А.В. Иванова. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К*», 2010. – С. 82-100.
5. Мудрик А. В. Социальная педагогика : учебник для студ. высш. учебных заведений. – 7-е изд., испр. и доп. – М.: Издат. центр «Академия», 2009.
6. Мудрик А. В. Введение в социальную педагогику. – Изд. 2-е. – М.: Московский психолого-педагогический институт, 2008.
7. Отечественная социальная педагогика: хрестоматия / сост. Л. В. Мардахаев. – М.: Изд. центр «Академия», 2003.

Түйін

Мақалада әлеуметтік тәрбиенің мәнін түсіну, әлеуметтік тәрбие мазмұнының негізгі бағыттары мен тәсілдер, әлеуметтік тәрбиенің субъектілері, әлеуметтік тәрбие тапсырмаларын жүзеге асыруда әлеуметтік институттар, адамның әлеуметтік өзін-өзі дамытуы қарастырылған.

Summary

Comprehension of the social education. The basic approaches to understanding the foundations of content-tion areas of social education. The subjects of social education. Social institutions in achieving the objectives of social education. The self-vershenstvovanie social rights.



Совет-Хан Габбасов – жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор, ШҚО-сы, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі – Академик

ӘЛЕМДІК ИННОВАЦИЯДАҒЫ – ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ жаңа ЖОБАСЫ

*«Адамға тәрбие бермей тұрып, Білім мен Ғылымға үйретсең, ол жүрген ортасына – апат әкеледі»
Әл-Фараби*

Әлемдік инновациядағы – Қазақ Рухының жаңа жобасы дегеніміз не? – Иә-ә, бұл сауалды терең түсінудің маңызы мен мәні, ұлттық өркеніміздің келешектегі парасаты болмақ?! Ендеше, орайына лайық ой бөлісіп, пікірлерімізді сабақтастырып көрелік...

Ең әуелі, ғылым ашқан бүкіл Космос әлеміндегі заңдылықтарды айтпай-ақ, Адамзат мекендеп отырған Жер-анамыздың табиғатындағы тұрақты **жүйеліліктерді ескерсек**, ұсынылғалы отырған жобаның ең басты идеясы мен бағыттары ашылмақ. Сонда, ол не?..

Оны барынша қысқартып айтсақ, Ол – бізді қоршаған Жаратылыс пен Адам табиғатындағы жымдаса байланысып жатқан – **күллі жүйе атаулының тұрақты сыйпаттарын** – түсінген сайын, таңдай қаға таңырқайтынымыз шындық. Міне бұдан, тек **Жүйенің** күдіретімен ғана, күллі **Тіршіліктің** өмір сүре-алатын заңдылығын ұғынамыз. Мәселен, бұл көрініс, **Өсімдіктер** әлемін де – **тамыры, діңі, бұтағы, жапырағы** – болып жүйеленсе, **Жануарлар** әлемін де – **Тәні мен Жаны** – делінсе, ал **Адам** әлемін де – **Тәні мен Жаны және Рухы** – деп **жүйеленетіні** белгілі. Ал, осынау

күрделі құбылысты, осылай дей тұрсақта, жоғарыда айтылған тіршілік әлемінде кездесетін, **бір түрдің – бірнеше нұсқасы** болатыны да анық. Мысалы, **Роза гүлінің** – ондаған түрлері, **Теректің** – сан-алуан болуы, тіпті жануарлардағы **Мысық пен Ит тектестердің** – үлкенді-кішілі әр-алуандықтары да толып жатыр. Осынау, жаратылыстағы тылсымы мол тұрақты заңдылықтарға тұшынсақ, онда Адамзаттың сан ұлтты және әр-түсті болуының маңызы да зор болса керек...

Бүкіл тіршілік әлеміндегі осыншама құбылыстардың кілті, тек жаратылыстың **генефоны** мен **тегінде** жатқандығы белгілі. Бұл ғылымда жан-жақты зерттеліп анықталған құбылыс?!.. Олай болса, тіршіліктің түрлеріне жататын – **өсімдіктер, жануарлар, адамзат** – әлемдеріндегі **Тектік негіздері** еш өзгеріске түспей сақталуы басты шарт екен. Ендеше, ғаламдандудың қыспағынан – **халқымыздың Қазақы рухын** – сақтап қалудың маңызын түсінетін уақыт келді. Бұл мәселені шешу үшін, оларды тақырып-тақырыптарға жіктеп талдағанымыз жөн сияқты.

I. Халықтық болымыс пен Текті сақтау:

- Кестелеп айтсақ, қазіргі таңда **«Жер – түймедей, Әлем кеңістігі – қалпақтай»** болып қалғандықтан, адамзаттың аралас-құраластары ерекше жиілеп кеткені анық. Сондықтан, олардың бір-біріне деген әсерлері, бұрын-соңды болып көрмеген сыйпаттарға ауысуы асқынып барады. Күштісі, әлсіздеуін өзіне сіңіріп алуға тырысушылық мол. Міне, дәл осыдан сақтанудың жолы бар ма? Әрине, бар!.. Ол – халықтық болымысыңды (менталитетіңді) сақтайтын - **ұлттық Дәстүр-салтың мен Ана тілің** - екені белгілі. Бұл екеуі тереңде жатқан Тегінді де сақтайды. Жаһандандудың қыспағына шыдайтын – **жарылмайтын Жаңзақ** – тек осы **екеуі екенін** ұрпағымыздың білгені жөн. Осы кезеңдегі басты жауымыз – **Еліктеушілік** – екенін естен шығаруға болмайды.

II. Ұлттық Тәрбие мен Білім жүйесі:

- **Қазақ Рухының** инновациясы мен технологиясын жасайтын да, оны айқындайтын да, осы екі жүйе болып табылады. Тіпті, қай халықтың болмасын, жалпы **адамзаттың келешегі мен өркенуі** осы екі жүйенің дұрыс шешілуі мен жетілуіне байланысты. Адамның табиғатпен үндескен **дұрыс Тәрбиесі – тіршіліктің іргетасы** болған да, оның **сапалы Білімі – өмірінің мазмұнын** анықтайтын айнасы екені анық. Ендеше, Қазақ халқы өзінің Тәуелсіздігін терең сезінгісі келсе, бүгінгі ұрпақ **Тәрбиесі мен Білім жүйелеріне** сындарлы қарауы керек. Сонау заманғы бодандықтан келе жатқан **«Европацентризм методологиясының»** зардаптарын танып білумен қоса, онан құтылудың **жаңа ілімін** жасауы қажет. Жаңа ілімнің негізі - **ұлттық болымыс (менталитет) пен дәстүр-салттың** – озық үлгілеріне сүйену арқылы, **Қазақ рухының** парасатты мен кісілігінің келбетін анықтамақ. Сонда ғана – **Еліктеушіліктің ербеңінен** – құтылып, өзінің ұлттық бейнесін қалыптастырған, адамзатқа елеулі Ел боларымызға сенемін. Мұның жолы аса бір қиын да емес! Өйткені, бізге Алланың рахымымен берілген - **«Ұрпақ**

тәрбиесінің жаңа ілімі» - Тәуелсіздігімізбен бірге келіп, халқымыздың арасында жүріп жатқанын айтсақ та болады. Алғаш рет 1991 жылы шыққан **«Ізгілік әліппесі», «Халық педагогикасының негіздері»(1995), «Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері»(2005), «Педагогика мен психология негіздері»(2008), «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі»(2012)** атты монографиялар мен оқулықтарда, адам тәрбиесінің мүлдем жаңа – **екі сатылы Методологиясы мен Жүйелері** (Жүрек тәрбиесі мен Ақыл тәрбиесі) **және Негіздері** – егжей-тегжей жазылған еді. Мұны халқымыз жылы қабылдап қолданып та, жүргізіп те жатыр. Оның жемістері Республика көлемінде көріне де бастады. Тек, бұл жаңалықты, мемлекет басындағы басшыларымыз ғана елемей жүр.

III. Адамзат тарихындағы «Ұлт рухына» негіздеген дерек:

– Әлемде, осы мәселені шешкен Ел бар ма? Сауал орынды?! Ендеше, аз-кем осы жайында сөз қозғағанымыз жөн. Мысалды, **«Әлемдік педагогикалық ой-сана» (2011, 7 т.)** атты кітаптан келтіріп көрелік...

«...Дамыған мемлекеттер арасында Жапонияның білім беру жүйесі ерекше. Жапондықтар ең алдымен өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғары бағалайды. Олардың білім мен тәрбие жүйесінде, балабақша мен мектеп қабырғасынан – **әдептілік, ұлттық сипаттағы құндылықтар мен адамгершілік және имандылық пен өнегелілікті** – ең негізгі мақсат етіп қояды. Жапондықтар басты үш қасиетті қадыр тұтады. Бірінші - **ұлт мүддесін- жеке бастың мүддесінен жоғары қою**, Екінші - **білімге құштарлық**, Үшінші – **еңбексүйгіштікті** – бала жасынан қастерлеуге тәрбиелейді. Бұрынғы, **«Қытай ғылымы – Жапония рухы»** (нансай-вакон) деген ұранды **«Жапон рухы- Шығыс техникасы»** (вакон-есай) атты ұранмен алмастырды. **«Вакон-есай»** деген – **«шетелдіктер тапқан білімді алу, бірақ оларға Жапон рухы мен ойлау образынан ауытқуына мүмкіндік бермеу»**

- дегенді білдіреді. Жапония *білім беруде* ең алдымен *тәрбиеге* ерекше мән беретін мемлекет...» болып табылады. *Тәрбие* мен *Білім* берудің осындай жүйесін ұсынған *Нитобэ Инадзоны* Жапон халқы Ұлы педагог ретінде дәріптейді. Әйтседе, ол – жазушы, публицист, қоғам қайраткері, педагог және философ ретінде әлемге танылғанын ескерген жөн.

Мінеки, «*Европацентризмге*» табынбайтын Елдің бірі Жапония болса, ал Жер бетінде біз білмейтін мемлекеттер қаншама десеңіз ші?!.. Сондықтан, біз көтеріп отырған «*инновациядағы – Қазақ рухының жобасы*» ешбір ағаттыққа жол беріп отырған жоқ. Мұны мемлекет деңгейінде дамытуды ұсынамын және түсіністікпен қабылданатынына сенемін...

IV. Мәдениет пен экономиканың дамуына Рухтың әсері:

– Кезкелген халықтың өзіне тән *Мәдениетін – Дәстүрі мен Салтының үздік үлгілері және бай ертегі-аңыз, эпостары* – сыйпаттайтын болса, көне замандардағы *жеткен жетістіктерін – Археологиялық зерттеулердің нәтижелері* – дүниеге паш етіп дәлелдейтіні белгілі. Бұның дерегі етіп, соңғы жылдардағы Қазақ даласының төрт құбыласынан табылған «*Алтын адамдардың*» бейнелерін айтсада жетіп жатыр. Осынау, екі түрлі нұсқада көрсетілген тұжырымдардан, *Қазақ рухының* көріністері айқын да анық байқалады. Мұның нақты мысалы ретінде, рухани қазынамыздағы – *мыңнан астам Батырлар жыры мен Лиро-эпостарға қоса, соншама бай аңыз-ертегілердің сан-сала түрлерін* – дәлел ретінде келтіруге болады...

Адамзат қоғамының қайырымдылығы мен парасаты – *сапалы Тәрбие мен Білім жүйелерінің жетілуіне* – тікелей байланысты екені, айдан анық белгілі болып отыр. Ендеше, жер бетіндегі бүгінге дейінгі біржақты жүргізіліп келген – *Тән тәрбиесінің кемшіліктері* – ары қарай жалғастырудың алды апат екені анықтала басталды. Өйткені, *Адамның мәні – Жаны мен Рухында* –

екендігін *кванттық энергия* түсініктерінің тылсымдары айшықтап берді. Олай болса, адамдағы үш жүйенің – *Тән – Жан – Рухтың – тәрбие үндестіктерін таппай, Абай-ғұлама армандаған «толық адам – нұрлы ақылдың»* болуы да мүмкін емес екені рас. Сондықтан да, Тәуелсіздігімізбен даңқұрдас біз ұсынып жүрген – «*Адам тәрбиесінің жаңа ілімі*» - Алланың берген аянындай қасиетті іс. Ендігі жерде уақытты оздыра бермей – *ұлт басыы атанған, президентіміз Нұрсұлтаннан бастап* - бүкіл халқымыз болып талқылап, жетілдіре пайдалануға кіріскен жөн. Мен осынау жазылып жатқан ғылыми еңбектің екінші тақырыбында - *Ұлттық Тәрбие мен Білім жүйесі* тарауында көрсетілген монографияларда толық айтылатындықтан, жаңа ілімнің бүге-шігесіне дейін сол еңбектерден танысуды ұсынамын. Тек, қысқа болсада ескертетін жағдай, жаңа ілімнің біздер ұсынатын – *екі сатылы Методологиясы – оның I-ші биологиялық индивид сатысынан шығатын - Жүрек тәрбиесі жүйесі, II-ші сананы жетілдіру сатысынан шығатын – Ақыл тәрбиесі жүйесі – осы екі Жүйеден бастау алатын – Жеті түрлі Негіздері* – түгелімен дерлік, халықтық *дәстүр-салтымызбен* үндесіп жатқанын айтқан жөн. Бұл ұсынылған «Адам тәрбиесінің жаңа ілімінің – *Методологиясы мен Жүйелері және Негіздері* – бұрын-соңды әлемдік педагогикада айтылмаған. Жұртымызда - *Жүрек тәрбиесімен туған тұлғалардың саны* – аса мол. Бұған сонау көне замандардан бастап көптеген мысалдар келтіруге болады. Біздің эрамыздан бұрын өткен – *Алып Ер Тұңға, Ұлы Мөде хан, Аяз би, Алаша т.б.* – эрамыздың бастапқы кезінде Түркі қағанатын құрғандар – *Тоныкөк, Бумын, Естеміс, Қапаған, Күлтегіндер т.б.* – орта ғасырдың ұлы тұлғалары – *Шыңғыс хан, Күшілік хан, Жошы, Бату, Қобыланды, Алпамыс, Бейбарыс т.б.* – кешегі Қазақ хандығын құрғандар – *Әз-Жәнібек, Керей, Қасым, Хақназар, Әз-Тәуке, Жиренше, Қарашай,*

Өтейбойдақ, Асан-қайғы, Мөңке би т.б. – кеше ғана өткен тәрізді - *халқымыздың ұлы қолбасшысы Қабанбай-батыр, серіктері Бөгенбай, Наурызбай, Райымбектер мен Бұхар-жырау, Абылай, Әйтеке, Төле, Қазыбек, Құттыбайлар т.б.* – академия бітірмегендер екені белгілі. Міне, бұлардың барлығы да – *Жүрек тәрбиесі жүйесінің* – күдіретімен дүниеге келген жандар?!.. Олай болса, бұрынғы парасатты аналарымыз – *құрсағында Жанның он екі арналарын аша білгендіктен* – сәбилерінің Жүрек тәрбиелері оянып туған. Ендеше, біз ұсынып жүрген «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі» көктен түскен жоқ. Халқымыздың Тектік қасиеті мен дәстүр-салтында болғандығымен құнды. Енді мынау, *ғылымы мен білімі* дамып, жаратылыстың не бір тылсымдарын ашып жатқан заманға керегі, адамдағы – *Тән – Жан – Рух* – тәрбиелерінің үндестіктері қажет болып тұр. Сонда адамзат қауымы, өзінің *Тәрбиесін* осынау үш тағанның күдіретімен шешсе, ықылым замандардан аңсап келе жатқан *қайырымды қоғамын орнатып,* экономикасы шалқып ізгілікке толы әділетпен өмір сүреді.

ТҮЙІН

– Иә-ә, сонда ғана әл-Фараби айтқан Тәрбиесіздікпен келетін апаттардан арылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоғам орнайды. Адамзат өз бойындағы өзіншілдік пен құмарлықтан безініп, Бесінші расадағы Тән құмарлығынан арылып, Алтыншы расадағы Жан құмарлығына ауысады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлемдік педагогикалық ой-сана, А. 2011. 10-том.
2. Әдеби жәдігерлер, А. 2011. 15-том.
3. Совет-Хан Ғаббасов. Изгілік әліппесі, А.1991. I-ші және II-ші кітап.
4. Совет-Хан Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері, А. 1995.
5. Совет-Хан Ғаббасов. Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері, А. 2005.
6. Совет-Хан Ғаббасов. Педагогика мен психология негіздері, (оқулық) А. 2008.
7. Совет-Хан Ғаббасов. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі, А. 2012. 1-2 кітап.
8. Психология (Адамзат ақыл-ойының қазынасы), А. 2006. 10-том.

Резюме

В статье рассматривается новая форма казахского духа в мировой инновации.

Summary

The article discusses a new form of the Kazakh spirit in the world of innovation.

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ 12-ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА
ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Құрастырған:
Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ.

1. Тұжырымдаманың қажеттігі және оның мақсаты

«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беруді дамытуды іске асырудың «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» бағытында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеті қойылып, 2011 жылдан бастап «қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде мемлекеттік рәміздерді таныту, тарих, салт-дәстүр және ана тілін білу жөнінде іс-шаралар жалғастыратын болады» деп, жастарға ұлттық тәрбие берудің бүгінгі таңда қажеттігі көрсетілген.

Бұл бағытты жүзеге асыруда педагог мамандарды даярлайтын жоғары педагогикалық оқу орындарының болашақ мұғалімдерді оқушы жастарға ұлттық тәрбие беруге дайындауда алатын орны мен рөлі айрықша маңызды.

Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі жалпы білім беретін қазақ мектептерінің оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу және жаңа формация мұғалімін даярлау міндеттерін шешуді қойып отыр. Сондықтан еліміздегі мұғалім мамандықтарын даярлайтын оқу орындарының алдында «Жаңа формация мұғалімі – ол рухани – адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық білімді, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқада түрлерін меңгерген құзырлығы жоғары маман» даярлау міндеті тұр.

Құзырлығы жоғары ондай мұғалім ұлтжанды болу керек. Сонда оны жаңаша «**жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім**» деген ұғыммен сипаттауға болады. Біздіңше, **жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім** деп өз пәнін және оның әдістемесін жан-жақты меңгерген, қазақ этнофилософиясы, этнопсихологиясы, этнопедагогикасы және этнопедагогика тарихы білімдерімен қаруланған, оқушыларға ұлттық тәрбие беру іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан мұғалімді айтуға болады.

Оқушыларға ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау белгілі бағдарламаға сай «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты оқу пәндерін оқыту арқылы оларға этнопедагогикалық білім мазмұнын берумен жүзеге асырылады.

«**Ұлттық тәрбие**» терминін ендіру педагогика ғылымында әлі өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика – ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы.

Философия, саясаттану, мәдениеттану, психология ғылымдарында соңғы жылдары ұлттану терминдеріне жан-жақты әртүрлі анықтамалар беріле бастады.

Ұлт – адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы. Ал **ұлттық** – белгілі бір ұлтқа тән, оның ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын дәстүр. Ұлттық ерекшеліктер оның тілінен, тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрінен көрініс береді. Егер осы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып жеке тұлғаны тәрбиелесе және оқытса, ол ұлттық тәрбие алады. Сонда ғана оның ұлттық мінезі, санасы, намысы, дүниетанымы ұлттық сипатта дамып, біртұтас болып қалыптасады.

Ұлттық мінез деп ұлттың барлық психикалық ерекшеліктерінің жиынтығын; **ұлттық сана** – ұлттан ұлтты айыратын, тарихи себептердің ықпалымен қалыптасқан субъективті құбылыс; **ұлттық намыс** – өз ұлтының “мен” дегізгерлік қасиеттерін қызғыштай қорғайтын, ұлтты іргелі, жоғары деңгейге көтеруді аңсайтын да қолдайтын, ісімен де күшімен ұлттық намыс туын көтеріп, қара басын, керек болса, мәңгілікке жолдайтын қаракет; **ұлттық дүниетаным** – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни наным-сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі, **ұлттық білім** – білім мазмұнындағы ұлттық дүниетаным. Ал **ұлттық тәрбие** деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі, намысы мен мінез-құлқының және дүниетанымының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие отбасында және мектепте берілуге тиіс. Өкінішке орай, қазіргі отбасындағы тәрбие және мектептегі тәрбие мен оқыту кеңестік педагогика және шетел педагогикасы арқылы жүргізілуде. Оқушыларға ұлттық тәрбие беруге мектеп мұғалімдері даярланбаған, олар этнопедагогикалық білім алмаған, өйткені этнопедагогика педагогтік оқу орындарында пән болып оқытылмады. Сондықтан ертеңге қазақ ұлты сақталсын десек, болашақ мұғалімдерге қазақ этнопедагогикасы мен оның тарихын жүйелі оқытып, оларға этнопедагогикалық білім беруді тезірек жүзеге асырып, солар арқылы отбасы мен мектепке қазақтың ұлттық педагогикасын енгізу керек. Сол үшін болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын жасау және оны іске асыру қажет болды.

Тұжырымдаманың мақсаты – ұлттық құндылықтарды ескере отырып, болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру арқылы оларды оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлау.

Қазақтың ағартушы-педагогтары мен ғалым-педагогтары көп жылғы ғылыми-

зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы жеке-жеке ғылым ретінде өз статустарын алды. Олардың осылайша қалыптасуы оларды оқу пәндерді етіп оқытуға жол ашты.

“Қазақ этнопедагогикасы” оқу пәнінің мақсаттары, міндеттері, объектісі, пәні, құзыреттері, әдістері, факторлары, принциптері, заңдары, заңдылықтары, теориялары, көздері, ұғымдары, терминдері мен категориялары анықталып, оның әдіснамасы, теориясы мен практикасы жасалды.

– **“Қазақ этнопедагогикасы”** – жалпы педагогика ғылымының құрамдас бөлігі, оның саласы, ол қазақ этнофилософиясының, этносаясатының, этномәдениетінің, тарихының, этнографиясының, этнос теориясының, фольклористикасының, этнопсихологиясының, этнопедагогика тарихының тоқайласуы арқылы педагогика ғылымының аясында қалыптасқан, біртұтас жүйелі этнопедагогикалық білім беретін дербес оқу пәні, оның өз пәні – болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру жүйесін жасау;

– “Қазақ халқының этнопедагогикасы” және “Қазақ этнопедагогикасының тарихы” атты бағдарламалар жасап шығару;

– “Қазақ этнопедагогикасы” және “Қазақ этнопедагогикасының тарихы” оқу пәндері бойынша лекциялар курсы, оқулық және оқу-әдістемелік құралдар шығару;

– қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан арнайы курстардың, арнайы семинарлар мен факультативтердің тақырыптарын анықтап, олардың бағдарламаларын жасау;

– қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан студенттердің оқу-ғылыми зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын жасау;

– қазақ этнопедагогикасынан педагогикалық практика кезінде студенттер арнайы орындайтын тапсырмалар жүйесін жасау;

– қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы бойынша курстық және дипломдық жұмыстар орындауға студенттерді көптеп тарту.

5) Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыру бойынша:

– педагогика кафедрасының оқытушыларын этнопедагогика мәселелері бойынша дайындық курсынан өткізу;

– кафедрада магистранттары этнопедагогика проблемасы бойынша ғылыми жұмыстармен айналысу.

5. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың нобайы

“Қазақ этнопедагогикасы” және “Қазақ этнопедагогикасының тарихы” оқу пәндерінің мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың негізі екенін жасау үшін қажетті «Болашақ мұғалімдерді 12 жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге дайындаудың кезеңдік-мазмұндық нобайын ұсынамыз (сурет 1).

– “Тұжырымдаманы” және нобайды жүзеге асыру үшін педагогика кафедрасының жанынан “Қазақ тәлім-тәрбиесі” атты зертханалық ісбөлме ұйымдастыру қажет, ал

ондағы мақсат –қазақ этнопедагогикасынан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Зертхананың жұмыс жоспары: білім беру жүйесіне арнап қазақ этнопедагогикасынан бағдарламалар жасау; рефераттар, баяндамалар, лекциялар, семинарлар, конференциялар тақырыптарын, олардың жоспарлары мен мазмұндарын жасау; курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын, жоспарларын жасау, оларды орындауға болашақ-ұстаздарды үйрету; библиографиялық көрсеткіштер құру; ғылыми-зерттеу жұмыстарына болашақ-ұстаздарды, тәрбиешілерді, мұғалімдерді, оқушыларды кеңінен тарту; түрлі әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық материалдар, түрлі көрнекіліктер жасау; ата-аналар мен жалпы көпшілікке, мектептерде ұлттық тәлім-тәрбиелік мазмұнды іс-шаралар өткізу.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында “Қазақ тәлім-тәрбиесі” зертханасына арнап институт ректораты шешімімен 12 x 6 м бөлме жөндеуден өткізіліп, зертхана ұйымдастырылды. Оның ішкі құрылымы үш бөлімнен тұрады.



Сурет 1. Болашақ мұғалімдерді 12-жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге дайындаудың кезеңдік-мазмұндық нобайы

– Бірінші бөлім “Қазақ тәлім-тәрбиесінің мазмұны” деп аталады. Онда өлшемдері 2 x 1,5 м төрт стенд бар. Оларда қазақ этнопедагогикасынан әр түрлі кестелер сызылып салынған. Бірінші стендте «Қазақ халық педагогикасы, этнопедагогика – ғылым, оның пәні, міндеттері, құрылымы және негізгі ұғымдары», «Қазақ этнопедагогикасының зерттеу көздері, асыл-арналары мен бұлақтары», «Халық педагогтары» кестелер түрінде берілген. Екінші стендте «Қазақтың отбасы тәрбиесі», «Қазақтың мәдени өнері», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ халқының этнографиясы» кестелер арқылы көрсетілген. Үшінші стендте «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері», «Қазақ этнопедагогикасындағы білім беру мазмұны», «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбиеленушілердің тәрбиеленушілік-тәсілдері» кестелер арқылы берілген. Төртінші стендте «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» деп аталып, онда «Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің түрлері», «Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері», «Қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлері», «Қазақтың әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері», «Жаңа заман салт-дәстүрлері» кестелері арқылы берілген. Осы бөлімнің екі жағында тарихи-педагогикалық әдебиеттердегі «Халықтық педагогика» мен «Этнопедагогика» ұғымдарына берілген 10 түрлі анықтамалар жеке-жеке екі стендте жазылған. Мысалы, профессор Қ.Жарықбаев «Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы» т.б.

– Зертхананың екінші бөлімі «Қазақ тәлім-тәрбиесі тарихынан» деп аталады. Онда 30-дан аса ортағасыр ғұлама-ойшылдарының, ағартушы-тәлімгерлердің, ақын-жыраулардың, ғалым-тәлімгерлердің суреттері салынған өлшемі 100 x 60 см портреттері ілінген, яғни әл-Фарабидің, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Ахмет

Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың, Бауыржан Момышұлының, Мұхтар Әуезовтің, Мәлік Ғабдуллиннің, Төлеген Тәжібаевтың т.б. түрлі түсті суреттері, олардың туылған және қайтыс болған жылдары мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінен үзінділер жазылған. Мысалы, әл-Фараби (870–950): «Тәрбиелеу дегеніміз халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз»; Шоқан Уәлиханов (1835–1865): «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет»; Ахмет Байтұрсынов (1873–1938): «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім»; Мағжан Жұмабаев (1893–1938): «Әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс»; Бауыржан Момышұлы (1910–1982): «Қазақ халқының өткен тарихындығы барлық жақсы дәстүрлері бүгінгі таңда қайта салтанат құруы тиіс»; Мәлік Ғабдуллин (1915–1973): «Қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты қарастыру өз алдына зерттелетін мәселе» т.б.

– Портреттер астында алты шкаф, олардың ортасындағы жетінші – сөрелері 45° етіліп орналастырылған шкаф қойылған. Шкафтарда дидактикалық материалдар, кестелер, суреттер, газеттер, кітаптар тұрады. Ал ортаңғы шкафта этнопедагогикадан жарық көрген әдебиеттер, бағдарламалар, студенттердің рефераттары, баяндамалары, курстық және дипломдық жұмыстары, озық ұстаздардың іс-тәжірибелерін жинақтаған еңбектер көрмесі орналастырылған.

– Үшінші бөлім «Қазақ халқының тәлімгерлері»: Абылай мен Әбілхайыр хандардың, Төле, Қазыбек және Әйтеке билердің, бірнеше ақын-жыраулардың түрлі түсті суреттері салынған өлшемдері 70 x 45 см портреттері ілінген.

– Зертхананы жасауға және жабдықтауға сурет-графика және филология факультеттерінің студенттері кеңінен

тартылды. Олар эскиздер, кестелер, суреттер, көрнекі құралдар жасады. Зертханада «Қазақ этнопедагогикасы» мен «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» оқу пәндерінен лекциялар, семинарлық және зертханалық сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар, онда облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тыңдаушылармен дәрістер, әр түрлі ғылыми семинарлар, конференциялар, кездесулер тұрақты өткізілуде. Осындай зертхананы балабақшаларда, орта мектептерде, кәсіптік-техникалық оқу орындарында, әр түрлі орта арнаулы оқу орындарында, жоғары мектептерде жасап, оны тәрбие орталығы ретінде пайдалануға болады.

– Сонымен, “Қазақ тәлім-тәрбиесі” зертханасы ұстаз-тәлімгерлерді және болашақ ұстаздарды этнопедагогикалық дайындықтан өткізетін ғылыми орталыққа айналды.

– Нобайдағы бірінші проблеманы шешу үшін мектеп мұғалімдерін оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау мақсатында “Ұлттық тәлім-тәрбие” атты бағдарламаның мазмұнын жасадық. Бағдарлама Ақтөбе қаласында 1993 жылы мамырдың 17–20 жұлдыздарында өткен “Озат педагогикалық тәжірибе – білім беру мазмұнын жаңартудың негізі” атты шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің слетінде талқыланып, пайдалануға ұсынылды. Оны барлық облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарына тараттық, ол олардың оқу үрдістеріне ендірілді. Ал екінші проблема – болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беруге дайындау үшін “Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты оқу бағдарламасын жасадық. Ол 1992 жылы мамыр айының 19–20 жұлдызында Алматы қаласында Білім Министрлігі мен Ы.Алтынсарин

атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми зерттеу институты бірігіп өткізген “Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы” атты ғылыми-практикалық конференциясында талқыланылып, оны жоғары педагогтік оқу орындарының оқу процесіне ендіру туралы шешім қабылданды. Бағдарлама баспадан шығарылып, Қазақстанның барлық жоғары педагогтік оқу орындарында таратылды. Қазір ол болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындауда кеңінен пайдаланылуда. Ал үшінші “Қазақ этнопедагогикасының тарихы” атты бағдарлама Алматы қаласында 1994 жылы қарашаның 22-23 жұлдызында өткен “Қазақстандағы этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдарының теориялық және қолданбалы проблемалары” атты ғылыми-теориялық конференцияда талқыланылып, оны да жоғары педагогтік оқу орындарының оқу үрдісіне ендіріп, пайдалану ұсынылды.

– Бағдарламаларға қажетті библиографиялық көрсеткіштер, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және көрнекіліктер жасалынып, олар баспадан шығарылып, оқытушыларға, мұғалімдерге және студенттерге таратылды, солардың негізінде «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» оқу пәндерінің кешендері жасалды.

– Сонымен, арнайы оқу бағдарламалары, оған сай оқу құралдары, оларға оқу-әдістемелік құралдар арқылы болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беріліп, олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары қалыптасып, олар жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім болып даярланады. Сондай мұғалім ғана ұлтжанды қазақ азаматын тәрбиелей алады.

ЖАҒАНДАНУ АЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫТҮРКІЛІК РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аташ Б.М. –

*философия ғылымдарының докторы,
әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті,
Алматы энергетика және байланыс университеті*

Бүгінгі таңдағы әлемдік жаһандану үрдісі өз кезегінде: экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік, рухани-психологиялық тұрғыдан қауымдасудың үлгісін сабақтастырып келеді. Жаһандануды зерттеушілер оның осындай көп жақты құбылысын екендігін пайымдап, оның көп қызметті тұрпатын ашып көрсетеді [1]. Жаһандану құбылысы бүгінгі заманғы әрбір ұлт мен ұлыстардың, жалпыадамзаттың біріңғай өмір сүруді жалғастыруының өзекті мәселелерінен пайда болған, жалпы алғанда, гуманистік тұғырлы болып келетін әлемдік интеграциялық беталыс болып табылады. Бұл беталысты зерттеуші ғалымдарымыз бен қоғамдық санадағы пікірлер көп жағдайда әрқалай ұстанымдармен сараланады: глобалистер мен антиглобалистер, бейтарап көзқарас ұстанушылар. Жалпы алғанда, антиглобалистердің ой тасқынындағы негізгі бір жүйелі ұғымдық себеп – ұлттар мен ұлыстардың өзіндік болмысының сақталу-сақталмау мәселесіне келіп тіреледі [2,9-13 бб.]. Шындығында да, бұл пайым мен зерде тұрғысынан кең толғанылатын түйткіл мен ой тұрткі.

Осы орайда, ғалымдарымыз ұлт мүддесі мен болашағы туралы пайымды пікірлерін де әр тарапты шешу жолдарымен ұсынып келеді. Соның бірі – соңғы жылдары қолға алынып жүрген жалпытүркілік бірлік идеясы, демек, түркі халықтарының мәдени деңгейде өзара ұйысуы мен ынтымақтастығының жалпы моделі. Мәселен; «Ендеше ғаламдасу тұсында бізге түркішілдікпен қоса Тұраншылдық та қажет. Түркішілдіктің екінші белгісі болып табылатын тұраншылдық – түркілердің

бірігу идеясы. Түркішілдік – мұрат, саясат болса, билікке қол жеткізу – оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілі. Сондықтан негізгі сенім мен көзқарас болып табылатын мұрат ешқашан өзгермейді, ал саясат, яғни, саяси әдіс ұстанымы үнемі құбылмалы» [3,2-9 бб.] десе, А.Құсайынұлы мен Р.Башарұлы: «Жаһандану жағдайында негізінен үш түрлі (Батыстық, Еуразиялық, Шығыстық) мәдени құндылықтардың бақ сынасар кезі келді. Түрік жұрты өзінің рухани, мәдени құндылықтарын түгендесе ғана өз келбетін сақтап, әлемдегі ұлы халықтар қатарында болады. Ұлы халыққа тән барлық түрік жұртына ортақ ұлы түрік тілін түзу, сөйтіп оны Еуразиялық кеңістіктің мемлекеттік тілі деңгейіне жеткізу, одан асып, әлемдік халықаралық тілдер қатарына қосу – ХХІ ғасырдағы жалпытүркілік мәдени ұлттық идея болып санаға енуі тиіс», – деп [4,3 б.] тұжырымдайды. Осы ұстаным кейінгі кездерде түркі халықтарының аясында арнайы құрылған ұйымдар мен қозғалыстардың шеңберінде нақты сарапталып, кейбір қағидалары таразыланып та жүр.

Ендеше, біз ұсынып отырған түркі халықтарының рухани құндылықтарын сараптап, оны қайта жаңғырту пайымының қолға алынуы идеялық тұрғыдан мынадай өзекті мәселелер ауқымын тұтастандыра алады:

1. Жаһандану жағдайындағы түркі халықтарының рухани құндылықтарына сәйкес келмейтін әр түрлі жат психологиялық ықпал өрісі аясындағы идеологиялардан сақтану үшін қажетті бағдар болып табылады. Шындығында, қазіргі

адамзаттық идеологиялық кеңістік арнасында, әрбір қауымдастық пен ықпалды күштер өзінің насихаттық-психологиялық түсініктерін жалпыға таңуға ұмтылу үстінде. Мәселен, еуропаландыру, қытайландыру, америкаландыру тәрізді ықпалдармен қатар әр түрлі діндердің насихатшылдық әрекеті өрістей түсуде. Осы орайда, біз, қазақ халқы және басқа да түркі халықтары бұрынғы тарихи дәстүршілдік қағидасын және оны қазіргі заманға сай қайта жаңғырту идеясын қолдауды ұсына аламыз. Себебі, әр түрлі болмыс-бітімімізге сәйкес келе бермейтін идеологиялардың ықпалынан алдымен, руханилықты бетке ұстау арқылы сақтана алатындығымыз тарихи тәжірибеде бінеше рет дәлелденген шара.

2. Түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың тарихи қажеттілігі мен хронологиялық жағынан да мезгілі келіп жетті, бұл тарих таразысының объективті шарты десек те болады. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін түркі халықтарының егемендік алуы, түркия мемлекетінің түркілік идея аясындағы мәдени ұмтылысы, ұмыт болып бара жатырған руханияттық деңгей т.б. оны қайта жаңғыртудың уақыты келгендігінің объективтілігін паш етіп отыр. Шынайы тарихты тану, тарихи өзіндік сананың қалыптасып, дамуы бүгінгі күні сол рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуды қалайды. Мәселен, «Көрініп тұрғандай, кілемдерде, киімдерде дәл сондай ою-өрнектер бізді бір ұлт ретінде көрсететін мыңдаған жылдық үлгілер болып саналады», – деп көрсетілген түркілік мәдени ынтымақтастықты қолдаушы түрік азаматтарының пікірі де [5,26.] осы мәселенің тарихилық қырын нығайта түседі.

3. Бұл мәселенің тағы бір өзекті қыры – жалпыадамзаттық рухани дағдарыстардың пайда болуы мен қылаң беруі. Ол утопия ма, әлде өмірдің шындығы ма, немесе әлеуметтік миф пе – бұл да күрделі мәселе. Бірақ, кейбір зерттеушілеріміз әлемдегі «тұтынатын адам» дағдарысының руханияттыққа жат қылығын, оның тым

тұрпайы ерекшеліктерін былайша ашып көрсетіп отыр: «...қалтанда қаражат көп болсын, соның арқасында өмірден мейлінше тәндік-сезімдік ләззат ал, керегінді еш кедергісіз ала бер, ала бер. Жұмақ дегеніміз – бәрі де бар аса үлкен супермаркет.» [6,334б.]. Егер біз жалпыадамзаттық рухани дағдарысты анық сезіп келе жатырған болсақ, сондай беталыс бар екен деп пайымдасақ, сөз жоқ түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғырту осы сәттегі сұранып тұрған өмірдің заңдылығына айналады. Түркілік тұтас руханияттық асқақтық әлемдік рухани дағдарыстардың ықпалында болмауды және оған тиісті емес екендігін де паш ете алады, мүмкін ол әлемдік рухани дағдарысты тежеуде өзіндік бір орнын айғақтап бере алатындай үлес қосуы да ықтимал.

4. Бүгінгі таңда адамзаттық өрлеу мен ілгерілеу түркілік өмір салты мен руханияттық деңгейіне біршама қызығушылық тудыруда, ол дүниежүзілік мәдени аренада айтарлықтай беделге де ие болып келеді. Мәселен, қымыз бен шұбат сынды сусындар, киіз үй баспанасы мен ою-өрнектер, ұлттық аспаптарымыз т.б. адамзаттық қоғамдық эстетикалық пікірде аса құрметтеледі. Осы орайда, руханияттық деңгейімізді қайта сараптау, оның ғылыми-теориялық негіздерін құру, алдымен, бұл құндылықтарға иелік етуімізді, содан соң, түркілік экзотиканы әлемге қайтадан таныстыруымызды заманауи тұрғыдан талап етуде деп айта аламыз.

5. Бүгінгі таңдағы жалпытүркілік экономикалық-саяси ынтымақтастық ұстанымының іргетасы, оның теориялық негіздерінің алғышарттарын жасау, тұтастық идеясының түпнегіздерін көрсету үшін, алдымен, руханияттық бірліктің терең тарихи-мәдени негіздерін қайтадан өрістету туралы концептуальді идеялар қажет. Бұл – рухани құндылықтарды қайта сараптау арқылы өзіндік бір жаңа белестерді тани алады.

6. Түркі халықтарын тұтастай және оларды жекелей алғанда да, өзінің тұғырлы

мәртебесін әлемдік саяси-мәдени аренада анықтайтын мезгілдің келіп жеткендігі де осы рухани құндылықтарды сараптап, қайта жаңғыртып, ешкімге ұқсамайтын төлтума ерекшеліктерімізді әйгілеудің бірден-бір себебі болып табылады деп айтуымызға болады. Бұндай заманауи талап, мәселен, қазақ халқының әлемдегі орнының салмақты түрде айғақталуы, дүниежүзілік халықаралық кеңістікте өзіндік мәртебесінің нығаюы сияқты мәселелер шеңберінде руханияттық деңгейімізді паш ететін мезгілдің келіп жеткендігі де осының айғағы. Осы орайда, «Необходимо научно-философское осмысление тенденций развития культуры этих государств, сохранения самобытности и специфики менталитета тюркских народов, как самоценного явления в общечеловеческой культуре», – деген пікір де [7,17 б.] біздің тұжырымдарымызды дәйектей түседі.

7. Тарихтағы түркілік бірлік рухын еске алсақ, өткенге көз жүгіртсек, жер бетінде бірнеше түркі тектес халықтардың империялар құруы, шындап келгенде, зерттеушілеріміз атап көрсетіп жүргендей, олардың тарихтың қозғаушы күші ретінде танымал болуы, әлемдік өркениетке айтарлықтай ықпал еткендігі т.б. [8,105-204 бб.] шынайы тарихи әділ бағасын алуы тиіс. Осы әділ бағаға ие болу оларды қайтадан жаңғыртып, өркендете түсуді талап етеді. Бұл өз кезегінде, түркі халықтарының тарихи өзіндік санасының орнығуы мен өзіндік мақтанышына айналары сөзсіз.

8. Құндылықтарымызды қайта жаңғыртудың өзекті мәселелерінің бірі – олардың руханияттық кеңістік алаңынан жоғалып бара жатырғандығы мен жоғалып кеткен кейбір тұстарын қалпына келтірумен шартталады. Мүмкін, тек түркі халықтарына ғана емес, жалпыадамзатқа игі ықпал ете алатын руханияттық деңгей заманауи сұраныстардан туындап отырғандай деп болжамдауымызға болады. Бұл шындығында да солай. Мәселен, Ш.Ибраевтың: «Ал адамзаттың дамуына өлшеусіз зор үлес

қосқан түркілік мәдениеттің орны мен бағасын, мазмұны мен даралық сипатын, құрамдас бөлігін зерттеу – түркілерге ғана емес, жер бетіндегі адам баласы үшін қажетті іс», – деген пікірі де [9,10б.] жалпыадамзаттық рухани дағдарыстарды тежей алатын бірден-бір күш осы түркілік руханиятта жатыр деген ойды меңзеп тұрған сынайлы.

9. Бұдан түркі халықтарының руханияттық деңгейінің жалпы үлгісін құру мен идеалды бейнесін тұтастай жасап шығудың өзектілігі түп мақсат ретінде анықталатындай болуы тиіс. Бұл – келешекте түркілік дүние үшін және адамзаттық таным аймағы үшін өзіндік бір үлгі боларлық тұтас бейне жасап шығаратындығы сөзсіз немесе соған ұмтылуымыз керек.

10. Қазіргі түркі халықтарының бірлігі идеясының болашақ моделінің алғышарттарының руханияттық деңгейін көрсету үшін де біз қарастырып отырған мәселе өзекті болып табылады. Бұл түркі халықтарының бір мемлекет құру идеясына жетелемейді, тарихи саяси-әлеуметтік бірліктің бүгінгі рухани-мәдени-экономикалық бірлігі идеясын қайтадан тани алуымызға ықпал ете алды. «Түркі халықтарының рухани, мәдени және тілдік туыстығы тиімді де, сенімді экономикалық ынтымақтастықтың кепілі», – деп тұжырымдаған ғалымдарымыздың пікірлеріне сәйкес [10,19 б.], алдымен, жалпытүркілік руханияттық кеңістікті өрістету мәселесі жолға қойылып тұр.

Бұдан түркілік рухани құндылықтарымызды сараптау мен қайта жаңғыртудың мынадай нәтижелі қадамдары туындайды:

- жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтар мен түркілік құндылықтарды сақтап қалудың іргелі тетігі;
- шынайы тарихымызды қайта қалпына келтіру мен дүниетанымымызды әйгілеудің негізі;
- тарихи туыстық қалпымыз рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың субстраттық іргетасы болмақ;
- әлемдік саяси-мәдени, рухани-

экономикалық аренада түркі халықтарының өзіндік беделін әйгілеудің қозғаушы күші;

– әлемге түркілік рухани құндылықтарды паш етудің және оңды, тиімді, ұтымды тұстарын таратудың негізі болып табылады т.б.

Түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғырту да олардың бірнеше ғасырлық белестерден өтіп кеткен шағында, мінсіз ыңғайласқан аса оңтайлы жұмыс емес екендігі де шындық. Кей жағдайда, бұл мәселені өрістету сәтінде мынадай қиыншылықтары мен күрделілігі үнемі алдымыздан шығады.

Атап айтқанда, ұмыт болған құндылықтарды еске түсіру; түркі мемлекеттері мен автономияларының аз еместігі; түркілік ұлыстардың құндылықтар жүйесінің әр түрлілігі мен олардың кейіннен өзгеріп кетуі; бұл құндылықтардың ұлттық бедел, бренд ретінде жеке дара сақталуы; түркі халықтарында бүгінгі күні тек экономикалық қана емес, рухани бірліктің де арнайы жүйелі құрылмауы; кейбір түркі халықтарының этникалық санасының жойыла бастауы; рухани құндылықтардың өзіндік ішкі қайшылықтарының кездесуі; түркі мем-

лекеттерінің саяси ұстанымдарының тұтастай біркелкі еместігі; түркілік рухани құндылықтардың жеке ұлттар мен ұлыстар аясында тарамдалып, ішкі жағдайда иелік етуі мен сол мемлекеттің идеялық құнары ретінде меншіктелуі; түркілік рухани құндылықтарды әртарапты түсіндірулердің кездесуі; түркілік өркениет тарихы аясындағы оның көшпелі немесе отырықшыл халық болғандығы туралы бүгінгі ғылыми дискурстың нақты бір шешімге келмеуі; түркілік жалпытұтастық идеясының өзін бүгінгі күнгі әр түрлі түсінушілік т.б.

Қорыта айтқанда, осындай қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, оның субъективті жақтарының алдын-ала отырып, түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғыртудың мәселелерін таразылау – оның бір өзіндік жүйесін ашып көрсету, оларды зерттеу мен ой таразысынан өткізудің негізгі бағдары болмақ. Сондықтан түркі халықтарының руханияттық кеңістігін нығайту мен өркендету талабы үшін, алдымен, оның ғылыми-теориялық жүйесін құру маңызды, әрі бастапқы іс шаралардың бірі деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гранин Ю.Д. Глобализация и национализм: история и современность. Социально-философский анализ. Автореф: дисс. док. филос. наук. – Москва, 2008 – 38 с.
2. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. //Адам әлемі, №4 (50) 2011.-с.9-13
3. Тайжанов А. Ғаламдасу: Түркілік таным мен тағылым. // Жалын, №8, 2007, 2-9 бб.
4. Құсайнұлы А., Башарұлы Р. Жаһанданудағы ұлттық идея. //Президент және халық. №5 (075), 2 ақпан, жұма, 2007 жыл.
5. Заим Гөк. Түркі халқының тіл, дін, мәдениет салаларында жақындасу үрдісі және алға қойылған үлкен мақсат//Түркі әлемі газеті, №2 (118), 2012 ж.
6. Абдраимова А.С., Мырзалы С. Рухани адамгершілік дағдарыс: себептері мен одан шығу жолдары//Шулембаевские чтение. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию доктора философский наук, профессора К.Ш. Шулембаева. 2-4 марта 2012. – Алматы: КазНПУ им. Абая.-407 с.
7. Абаев Н.В., Аюпов Н.Г. Тенгрианская цивилизация в духовно-культурном геополитическом пространстве Центральной Азии.-Часть 2. Алматы, 2010.-200с.
8. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде. – Алматы: Өлке, 2006.-232 б.

9. Ибраев Ш. Халықаралық түркі академиясының құрылғанына 1 жыл//Түркі әлемі, №12(116), 2011ж.

10. Момынкүлов Ж.Б. Түркітілдес мемлекеттердің интеграциясындағы Қазақстан Республикасының орны//Түркі әлемі, №2(118), 2012 ж.

Резюме

В статье рассматриваются пути возрождения, развития древнетюркские духовные ценности в условиях глобализации и раскрывается его историко-познавательное, социально-практическое значение.

Summary

The article discusses the ways Renaissance, development of ancient Turkic spiritual values in the context of globalization and expands its historical-cognitive, social and practical significance.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ЕГІЗ ҰҒЫМ

Тәуелсіз елімізде өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десек, ал сол мектеп қабырғасының басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Бауыржан Момышұлы айтқандай «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, дарасын да, ғалымын да, жазушысын да, әртісін де, еңбекқор егіншісін де, кенісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген еді. Солай демекші, мектеп қабырғасында жақсы тәрбие алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең алдымен келешек ұрпағымызды біліммен бірге ұлттық тәлім тәрбиеге, адамгершілік әдетке, рухани мәдениетке баулып, имандылық қасиеттерін жетілдірсек, сонда ғана халқының дәстүрін білетін, елі үшін аянбай қызмет ететін азамат қалыптастырғанымыз. Осы ретте, біз білім беру саласындағы соны мәселелерді жіті бақылап, оның нақты шешу жолдарын тауып, оқу мен тәрбие жүйесінің жандануына өз ықпалын тигізіп жүрген Алматы қаласындағы Сұлтан Ахмет Ходжиков атындағы математикалық бағыттағы №39 лицей директоры Тоқтаргүл Ахметқалиқызы Қарабалаевамен ой бөлістік.

– Тоқтаргүл Ахметқалиқызы, ең әуелі өзіңіз басқарып отырған лицейдің тарихы туралы тоқтала кетсеңіз?

– Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемекет мәртебесіне ие блуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша қарауды талап етеді. Соңғы жылдары жаңа типтегі қазақ мектептерінің ашылуына көп көңіл бөлінуде. Солардың бірі С.М.Ходжиков атындағы лицей. Лицей 1933 жылы орыс тілінде білім беретін орта мектеп болып ашылған. 2003 жылы мектепке Сұлтан Ахмет Ходжиковтың аты берілді. 2009 жылы қазақ тілінде

оқытатын математикалық бағыттағы №39 лицей болып қайта ашылды.

– Тоқтаргүл Ахметқалиқызы, қазақ халқында ұрпақ тәрбиесі алғашқы орында тұрған мәселе. Дана халқымыз ерте заманнан ақ: «Бір жылын ойлаған адам астық өсіреді, келешегін ойлаған ұрпақ өсіреді» деп айтып келеді. Осы жолда атадан балаған ұласып келе жатқан бұл қағиданы әр заманда, әр кезеңде жаңғырта түсіп, жетілдіріп келеміз. Қазіргі кезеңде гуманитарлық және педагогикалық ғылымдар негізінде тәлім тәрбиенің мазмұны мен мағынасы, әдістемелік бағдарын жаңа заман

талаптарына сай инновацияландыру міндеттерін айқындап, оны шешу үстіндеміз. Осы тұрғыда шәкірт тәрбиелеуде қандай қағидаларды басшылыққа алып отырсыздар?

Қазіргі таңда ұлттық тәрбие жайлы мәселе өте орынды қозғалып жүр. Мен бұл мәселені өте орынды деп қолдаймын. Тәрбие – жеке тұлғаның рухани, бітімдік, білімдік, ой-саналық дамуының негізгі факторы. Бұл фактор жеке тұлғаға сыртқы әсер, ішкі әсер арқылы ықпал жасайды; ішкі, сыртқы қайшылықтар арқылы басты қозғаушы күшке айналады.

Біз тәрбиеде жеке тұлғаның тектік асыл қасиеттерін айқындап; тәрбие мақсаттарына қайшы келетін оның іс-әрекетіндегі, мінез-құлқындағы тектік келеңсіз жағдайларға қарсы тәлім-тәрбиелік тәсілдерді қолданамыз. Ол үшін жас ұрпақ бойындағы дарын нышандарын, өмірге бейімділік деңгейін, қабілеттілігін айқындап, еңбекке, игі іс-әрекеттерге дағдыландырып, жаттықтыру арқылы тәрбие мақсаттарына жетеміз.

Сонымен қатар, батыстың берекесіз тәрбиесіне бас ұрып кеткен жастарымыздың бетін бұруда осы көтеріп отырған ұлттық тәрбие жайлы мәселеге бәріміз бір кісідей ат салысып, балаларға осы таңның талабына сай болуларын талап ету керек. Міне, осы тұрғыда біз де қолдан келгенше балаларды тәрбиелеуге үлесімізді қосып келеміз деп ойлаймын.

– Бүгінгі күннің ұстазы қандай болу керек деп ойлайсыз?

– Ұстаз – ең алдымен оқушы үшін білім нәрін құюшы ізгілік иесі, өмірлік тәжірибелерді үйретуші тәлімгер, адамгершілікке баулитын тәрбиеші психолог екені даусыз. Ұстаз шәкіртіне әрқашан бүгінгі білімнің ертеңгі күні қажеттілігін сездіре алатында қасиеті бар, мектеп табалдырығын аттаған әр бір жас өреннің болашақтағы көздеген мақсаттарына қол жеткізуіне бағыт бере алатын үлкен тұлға болуы керек. Халқымыздың, ата-бабамыздың

ежелден келе жатқан өмірлік тәжірибесін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, жақсы қасиеттерін, бүгінгі заманның озық жетістіктерін жас ұрпақ, ұстаз арқылы, оның айтқан тәлімді сөздері мен өнегелі істері арқылы үйренеді. Ал, бұл міндет қашанда қиын, жауапты екені белгілі. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен порогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру. Оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру өркениетті қоғамның міндеті болып табылады.

Бүгінде осы мамандықтың тізгінін ұстап, талайдың таланты мен талабына қамшы болып жүрген ұстаздар қауымы дүниенің әр бұрышында адамзаттың сауатын ашып, рухани және материалдық құндылықтарды мүмкіндігінше тиімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін терең зерттеп, теориялық талдаулар мен тәжірибелер жасап, зор табысты еңбек етуде.

– Қазіргі таңдағы ұстаз бен оқушыға жүктелетін қандай тұшымды міндеттерді атап өтер едіңіз?

– Ұстаздың оқушы бойына коммуникативті мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін білуі тәрбие жұмыстарын жүргізуде үлкен жетістікке жеткізеді. Бұл тұрасында ұстаздың мынадай міндеттерін айтуымызға болады: Оқушылардың дүниетанымын кеңейту; Жеке қаблеттерін көре білу, оны дамытуға толық мүмкіндік туғызу; Қаблетіне қарай шығармашылық жұмыспен шұғылдануға машықтандыру; Бойындағы қасиетіне қарай ізденуге жол көсету; Өз жұмысының нәтижесін көру; Жеткен жетістігіннен ләззәт алуға мүмкіндік туғызу; Білім біліктерін қалыптастыру; Оқушаардың белсенділігін арттыру; Оқу үдерісінде ұйымдастырушы болу. Инновациялық жаңалықтарды тиімді пайдалану; Таным қаблеттерін анықтай отырып, өз бетінше жұмыс істеуге баулу; Іскерліктерін қалыптастыру.

Ал, оқушы ұстаздардың көрсеткен

жолдарымен мынадай әрекеттерді талпынып үйренуге тиіс деп ойлаймын. Олар: қоғамның белсенді азаматы болуға, қалаған іске жауапкершілікпен қарауға, өз ойын, көзқарасын айта білуге, сұрақтар қойып оны жан-жақты талқылай білуге, ойын еркін жеткізіп, шығармашылық ізденістер қалыптастыруға, өз өзіне сын көзбен қарауға, қабылетін жетілдіруге.

Біз осы аталған бағыттармен жұмыс жасай отырып, білім мен тәрбие беру жүйесінің жаңа мазмұнға ие болуына қол жеткізбекпіз, яғни, қазіргі мектеп бәсекеге қаблетті және күзретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет.

– Лицей жетістіктеріне тоқтала кетсеңіз.

– Лицей болып ашылғаннан бері үш жыл ішінде айтарлықтай жетістіктерге жеттік, біздің ұстаздар аудандық, қалалық, республикалық, халқаралық олимпиадалар мен әрүрлі ғылыми жобалар жеңімпаздарын тәрбиеледі. Жыл сайын Алмалы ауданы бойынша ҰБТ нәтижелерінен жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Мектеп ұжымы – жас, шығармашылық қуаты мол ұжым.

– Сіздердің лицейде тәрбие мәселесі қаншылықты қолға алынған?

– Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі ғылым, білім, тәрбие кендігіне ешкімнің дауы жоқ. Осы орайда, мектептің жаны, мұғалімнің басты міндеті өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және жалпы оны адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Жалпы, қазақ ұлты бауырмал, мейірімді қонақжай ұлт. Халқымыздың шешендігі, көрегендігі, білгірлігі, алдын болжағыштығы өз алдына жеке бір қасиеттері емес пе? Осы қасиеттері қазіргі жас ұрпаққа дарыту кезек күттермейтін келелі іс. Қай халық

болмасын өткенінен сабақ алады. Өткені арқылы болашағын барлайды. Жеткенімен мақтанады. Біздің де алдымызға қойып отырған үлкен мақсаттарымыздың бірі – оқушыларымыздың бойына мақтан тұтарлық қасиеттерді тереңдеп сіңіру, ата-баба жолын таныту арқылы осыған қол жеткізу. Лицейде ардагер ұстаздармен кездесулер өткізіліп тұрады. Расын айту керек, көпті көрген көңкөз қарияларымыздың, қойнауы құпияға толы қарттарымыздың азайып кетуіне байланысты көптеген ұлттық құндылықтарымыз жоғалыпта бара жатыр, бұл – өкінішті жағдай. Алайда, осының орынын толтырар, ұлғатты ата-әжелеріміздің орынын алмастыратын, ардақты ұстаздар мен ата-аналар. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды насихаттауда үнемі алдына жүретін белсенді ата-аналарымыз баршылық. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды оқушыларға сіңіру мақсатында домбыра, сурет, шахмат үйірмелері жұмыс жасайды, және аталған үйірмелерге деген қызығушылық өте жоғары деңгейде. Аталған іс-шараларды өткізуде салт-дәстүрлерді дәріптеумен қатар, оқушылардың сезімін, мінезін, адамгершілік қасиетін ұштауға атакты домбрасылардың, суретшілердің өмірбаянымен, жасаған жұмыстарымен таныстыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Әр оқу жылының басында бекітілген тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес, лицей тәрбиеленушілері үшін алуан түрлі сынып сағаттары, тәрбие сағаттары ұйымдастырылады. Білім мен тәрбие егіз. Кеменгерліктің қос қанаты осы білім мен тәрбие болып табылады. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір сәтінде оқушы бойына сіңіре бастайды. Лицей оқушылары ұлттық қасиеттерді, құндылықтары жеке бір тәрбие сағаттарында ғана емес, бүтіндей лицейдің тыныс-тіршілігі аясында да атқарылып жатыр.

Әңгімелескен: Құрманғали Анар

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТАМЫРЫ САНАЛЫ ТӘРБИЕДЕ

Сабырова З.Қ. –

Тәрбие ісі жөніндегі проректор

Айдарбекова А.А. –

Физика магистрі, аға тәлімгер-эдвайзер

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы жастар еліміздің жарқын болашағы деп үнемі айтып келеді. Еліміздің жастарының заманға сай білім алып, денсаулықтары мықты болып, еңбекке араласуына жан-жақты жағдай жасалуда. Бұл – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ең негізгі стратегиясы бағыттарының бірі. Осы бағыттар арқылы экономикада, саясатта, әлеуметтік және басқа да салаларда ерен табыстарға жетіп отырмыз. Спорттағы қазіргі тамаша жетістіктеріміз де осыған куә. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Назарбаев Университетінде» оқыған лекциясында: «Менің дәрісімді еліміздің миллиондаған жас өрендері тыңдап отыр. Мен оларға: сендер біздің болашағымызсыңдар, еліміздің келешегі сендердің қолдарында» деп атап өтті. Университеттегі тәрбие жұмысы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауларында, жастарға арналған онлайн дәрістеріндегі алға қойған міндеттері негізінде Білім және ғылым министрлігінің әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі жылдық нұсқауларына сәйкес жоспарланған тәрбие бағыттары бойынша жүргізіледі. Елбасымыздың халыққа Жолдауларының басым бағыттарының бірі – тәрбие ұлттың рухани тамыры екендігі басты назарда.

Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттаған заманда университетіміздегі білім алушыларға тәлім берудегі мақсатымыз – қазіргі ғаламдану заманында ұлттық мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың концепциясы мен стратегиясын құру, ғылым-білім пәндерін әлемдік стандартқа сәйкестендіру барысында тек ана тілі

құнарында өркендету, кәсіби еңбек тәрбиесін және саламатты өмір салтын дамыту болып табылады.

Университетіміздің ең негізгі міндеті әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді ұстанатын, елінің патриоты, қоғамда белсенді, ұлттық сана-сезімі жоғары, жаңашыл ұрпақты тәрбиелеу. Бүгінгі жастардың ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі.

Қазақ ағартушысы Мағжан Жұмабаев: «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» деген. Бұл жас ұрпаққа ұлттық тәрбие және жоғары білім беру ең алдымен оқытушының даярлығына, оның іс-тәжірибесінің шындалуына байланысты екендігін көрсетеді. Біздің университетте тәрбие жұмысын ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету, азаматтық-патриоттық және құқықтық, рухани-адамгершілік, жас таланттарды қолдауға және дамытуға, студенттердің бойында әлеуметтік маңызды қасиеттер мен коммуникативті мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұдайы жүргізіледі.

Қазіргі таңдағы толастамайтын ақпараттар ағыны жас буынға әртүрлі әсер етеді, университетіміз қанаты қатпаған жастарымызды тәрбиелеу ісін оқыту үдерісіне орайластырып, педагогикалық іс-әрекеттің қажетті бөлігі ретінде жүзеге асырып келеді. Осы оқу жылында университетте 258 адвайзер жұмыс жасап келеді. Университет адвайзерлеріне

әдістемелік көмек ретінде адвайзер ережесі жасалып, студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары айқындалды. Университетте ортақ мүдделерін ортаға салатын, қызығушылықтарын көрсете алатын қыздарға арналған клубтар мен ұйымдар құрылды.

Қазіргі таңда университет тәрбие беру саласы бойынша негізгі стратегиясын қабылдады. Бұл стратегия тәрбие жұмысы саласында келесі міндеттерді белгілейді:

Бірінші міндет Университеттің тәрбие жүйесін жаңа парадигмаға және қазақстандық жоғары білім беру орталықтарында құрылатын білім берудің жаңа ұлттық үлгісіне сәйкестендіру.

Екінші міндет болашақ мамандарды тек кәсіби құзырлықты ғана емес, сындарлы әлеуметтік-мәдени анықталу, Университетте ашық ақпараттық, білім беру, қызметтік және коммуникациялық әлеуметтік кеңістікті құру.

Үшінші міндет кәсібилік қасиеттермен қатар болашақ маманның бойында жаһандану жағдайында басқа ұлттардың мәдениетіне нұқсан келтірмей, оның дәстүрін, ұлттың мәдени қайнар көзін бағалауға және сақтауға, терең түсінуге қабілетті, халықаралық стандарттар деңгейінде ұлттың мәдени қабатын қайта жаңғыртуды қамтамасыз ету.

Төртінші міндет Отаны мен өзінің көркемдеуіне бағытталған дұрыс таңдау жасап, өзіндік шешім қабылдауға қабілетті, жауапкершілігі мықты және басқа да адамгершілігі берік, жасампаздық оң көзқарастағы азамат тұлғасын қалыптастыру;

Бесінші міндет тұлғаның тиімді кәсіби өсуі мен өзін-өзі дамытуы, болашақ маманның әлеуметтік білікті және жауапкершілікті өсуі үшін, өзінің рухани, интеллектуалды, өнегелі өмірі, денсаулығы мен көркеюі үшін жағдай жасау.

Алтыншы міндет болашақ мамандардың бойында интеллектуалды және құзіреттілік мәдениетін қалыптастыру.

Мұнда тәрбиенің басты бұлағы – «ана мектебі», сондықтан, қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу, оларды келешекте отанасы деп есептеп қыз баланы отбасының

береке-құтын сақтайтын келін, ана ретінде имандылыққа, әдептілікке, кішіпейілділікке, кешірімділікке, жан сұлулығы мен тән сұлулығының жарасымды қасиеттеріне жастайынан бейімдеу; отбасына қажетті іскерлік пен дәстүрлі еңбектің түрлеріне: ас пісіру, іс тігу, кесте тоқу, үй ішін, өзін-өзі таза ұстау, үнемдеу, бала тәрбиелеу, т.б. үйрету, дағдыландыру қажет.

Білім беру жүйесін жаңғырту үшін бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады.

Жалпы жоғары оқу орындарында студенттерді тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері өте маңызды. Университетіміздің Әлеуметтік мәселелер және тәрбие ісі жөніндегі бөлім осы бағыттағы жұмысты қарқынды жүргізіп келеді деп айтуға болады. Мамандықтар бойынша білімге, шеберлікке, дағдыға ие болу, болашақ маман және әлеуметтік белсенді тұлға үшін жеткіліксіз болып табылады.

Елбасы міндеттеп отырған интеллектуалды ұрпақты қалыптастыру үшін студенттерді тек мамандандырып қана қоймай, дұрыс тәрбие жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл бағыт Қыздар университетінде қарқынды дамуда. Университет оқитудың кредиттік технологиясына толық көшуіне байланысты тәрбие үдерісі дербестігінің алғышарты болып табылатын оқитудың белсенділігі жандандырылды. Бұл үдерістегі тәрбие жұмысының аса маңызды субъектісі куратор-адвайзер болып табылады. Куратор-адвайзер – студенттермен тәрбие жұмысын жүргізу барысында негізгі тұлға. Куратор-адвайзердің басты мақсаты – жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі қалыптастыру мен өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту.

Куратор-эдвайзерлердің негізгі міндеті оқу тобында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және студенттерді университеттің қоғамдық және шығармашылық өміріне біртіндеп тарту, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын құрастыру) ықпал ету және білім алу кезеңі барысында білім алу бағдарламаларын меңгерту.

Нағыз маманды қалыптастыру көбіне дұрыс құрылған оқу-тәрбие үдерісіне тәуелді болады, сондықтан да куратор-эдвайзер студенттен маман дайындауға тікелей жауапты. Тәрбиені ұтымды үйлестірген ұтады деген ұғыммен куратор-эдвайзерлер жұмысын үйлестіруде кафедрадағы тәрбие қызметінің мүмкіншіліктерін ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлген жөн. Себебі кафедра – білім, ғылым, тәрбиені қатар алып жүретін бірден-бір басты университет құрылымы. Кафедрада оқытушыларының әрдайым студенттермен бір аумақта кездесу ықтималдығы көп болғандықтан, тәрбие жұмысын жақсарту мүмкіндігі де артады.

Білім алушылармен жұмыс жасауда оларға деген махаббат және олармен қарым-қатынаста көрінетін педагогикалық қабілеттілік те өте маңызды болып

табылады. Ж.Ж. Руссо: «Ұстаз болу өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау», – деп бекер айтпаған. Болашақ жас маманның қалыптасуы үшін, үздіксіз еңбек пен білгірлік, сыни пікір, интуиция, оптимизм, тапқырлық, алдын ала болжам, рефлексия және педагогикалық сауаттылық маңызды кәсіби қасиет болып табылады.

Университетте куратор-эдвайзерлердің тәрбие қызметі рейтингісі көрсеткіштері де ескеріліп, тәлімгер беделін арттыру тетігі жасалынып, куратор-эдвайзерлердің тәрбие қызметінің негізі студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыру болып отыр.

Үнемі жаңартылып отыратын мәліметтер арқылы жыл соңында «үздік студент», «үздік студенттік топ», «үздік куратор-эдвайзерді» анықтай отырып, жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары бойынша үздік кафедра мен факультетті де анықтауға мүмкіндігі бар.

Қоғамның болашағы жоғары мектептегі тәрбие қызметінің сапалы жүргізілуіне, студенттердің бойында құндылықтардың берік қалыптасуына тәуелді екені айқындалып келеді. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үнемі айтатын біліктілік пен әлеуеті қалыптасқан интеллектуалды ұлт тәрбиелеудегі басты құндылық екені даусыз.

Резюме

В статье рассматриваются задачи основного стратегического плана по сфере воспитания студентов Казахского государственного женского педагогического университета.

Summary

This paper deals with the basic strategic plan for the field of education of students of Kazakh State Women's Pedagogical University.

БАЛА – БҮКІЛ ІЗГІ ҚАСИЕТТЕРДІ АТА-АНАСЫНАН ТАБУЫ ТИІС

Құдайберді Бағашар –

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты, дінтанушы, «Исламдағы бала тәрбиесі», «Исламдағы тазалық», «Ислам және өнеге», «Тағылым тамшылары» кітаптарының авторы

– **Балаға ұлттық тәрбие мен діни тәрбиені қалай байланыстырып беруге болады?**

«Тәрбиә» – арабтың сөзі. «Көктету, өсіру, жетілдіру» деген мағынаны білдіреді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінің алғысөзінде адамның басқа жаратылыстардан бөлек екенін, тәрбиені қажетсінетінін былай деп білдірген екен:

«Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағип, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы – туғанда іңгалаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды».

Тәрбие кешенді, жан-жақты қолға алынуы тиіс. Алайда тәрбиенің өзегін қайдан алу керек? Кемел тәрбиені қайдан табамыз? Қала берді, тәрбие берудегі мақсатымыз не болуы тиіс? Тәрбиеден не күтеміз?

Бұл мәселеге аталмыш еңбегінде М.Жұмабаев төмендегідей жауап айтады:

«Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып

жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару».

Демек, баланы тәрбиелеудегі мақсат – оны жан-жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. *Осы орайда, Ислам дінінің кемел тәрбиеге қосар үлесі зор. Ал, Исламдағы тәрбие негіздерімен танысуға руханият дамып келе жатқан бүгінгі күні толық мүмкіндік туып отыр. Исламда бала тәрбиесі жігіттің өзіне қалыңдық таңдау сәтінен-ақ басталады. Өйткені, болашақ ананың ары бар, ақылы бар, ұятты, көргенді, діндар болуы ұрпақ тәрбиесіне өз әсерін тигізбей қоймайды.*

Исламда отбасы құрудағы негізгі мақсаттардың бірі – өмірге ұрпақ әкелу, иманды, ізгі ұрпақ тәрбиелеу. Хадисте бұл турасында «Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы – ол тәрбие» делінген.

Балаға көңіл аудару, өскенде жаны ізгілікке толы мұсылман, қоғамға пайдалы азамат етіп қалыптастыру – үлкен сауапты істің бірі. Сондықтан сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә салләм) ата-аналарға: *«Балаға бір мәрте көңіл бөліп, тәрбие беру – бір сағ¹ көлемінде садақа бергеннен де жақсы», «Кімде-кім жылаған баланы жұбатса, Аллаһ тағала жаннатта оған қалағанынша сый-сияпат береді»* – деп, балаға көңіл бөлудің сауап жағынан да артықшылығын ұқтырған.

Шығыс халықтарында айтылатын «Бала қымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні терең. Өйткені, тәрбиелі ұрпақ – ата-ананың мақтанышы, елдің ертеңі. Кез келген халықтың болашағы, оның өміршеңдігі рухани қайнардан сусындаған, ұлттық

рухы кемел, жақсы тәрбиеленген ұрпақтың қолында. Егер ұлт өз болашағын аманат етіп тапсыратын текті, саналы ұрпақ өсіре алмаса, оның келешегі бұлыңғыр тартпақ. Сөз жоқ, ұрпақ тәрбиесіне, ұлттың келешегіне ата-ана жауапты. Сондай-ақ баланың тар ойлы, жетесіз болып өсуіне, парықсыз қылық танытуына тәрбиешінің кінәланғаны тегін емес. Тіпті *«Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін»* деген *Иран елінің мәтелі* де осыдан туған. Сол себепті ұрпағының өзінен оза туғанын қалаған мұсылман халықтары бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған.

Халқымыздың бір ерекшелігі – тәрбиеге үлкен мән беруінде. Өйткені, бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, ертегі, аңыздары, мақал-мәтелдері, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары барлығы да айналып келіп тәрбиеге тірелген.

Бірақ, өкініштісі, соңғы жылдары қазақ қоғамында да ұлттық тәрбие жүйесі қағажу көріп, тәрбиелік ырғағы бұзылып, бала тәрбиесінің тым нашарлап кеткені белгілі. Оған есірткі мен анашаға тәуелділер, ішкілік пен темекіге әуестер, жасөспірімдер арасында бұзақылықтар мен қылмыстың өршіп кетуі т.б. дәлел. Себептер де аз емес. Көбіне іскерге қоймадағы жүгі, саудагерге сатқан малы, шенеунікке шен-шекпенінің қымбат болуы, үй ішіндегі күйбең тіршіліктен шешенің қолының бір босамауы, жұмысбастылықтан әкенің уақыт таппауы т.б. Қазіргі уақытта теледидардағы кино мен мультфильмдердің көбі атыс-шабыс, төбелес, қирату, ұру, сындыру, күш көрсетуге негізделген. Ал бұл себептердің санасы әлі қалыптаса қоймаған балаға зиянды екені айтпаса да түсінікті.

Ұлттық тәлім-тәрбие – халықтың рухани мұрасына аса бай. Дегенмен, олардың да озығы мен тозығы бар. Маңыздысы, осы халықтық мұраларды ислам дінінің аясында, бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра отырып артымыздан ерген қарамыздың бойына еге білуіміз керек. Дана халқымыздың тағылымы терең,

мәнді ой толғаныстары бесік жырында, батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздерде, терме-жырда, мақал-мәтелдерде жатыр. Мұның астарында халықтың арман-аңсары, талап-тілегі, ниеті, ақыл-ойы, тәлім-тәрбиесі, әдептілік, имандылық, адамгершілік, ізгілік сияқты басы бүтін асыл қасиеттер тонның ішкі бауындай жымдаса түскен. Демек, имандылық та, дін де ұлттық тәрбиемен біте қайнасып жатқандықтан, екеуін бөліп-жарып қараудың қажеті жоқ секілді.

– Ата Заңда мемлекет пен дін бөлінген, тәрбие жұмысы мемлекеттік құрылымның ішінде қарастырылған, ал діни тәрбиені ысырып қою біздің ұлт үшін зиян екені белгілі, сіздің ойыңызша бұл үшін ата-аналар не істеу керек?

Бүгінгі күні босағамыздан именіп аттап, елдің төріне шығып күйленіп жатқан діни бірлестіктер мен сұмпайы сарқыттарын сыйға тартып жүрген секталар ел ішінде қаптап кетті. Қазіргі таңда жасыратыны жоқ, етек-жеңімізді жинаған, қонағын төріне шығарып, көршісін сыйлаған халық болсақ та, сырттан қаржыландырылатын, іштей ірітуді мақсұт қылған, ұлт қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ағымдардың қыр асып келіп тайраң басып, ойран салып жүргендері аз емес. Ащы болса да шындық екені рас. Мұндай қолтыққа ши жүгіртіп отырған арамза пиғылды ағымдар, жастарымыздың албырт шағын өз мақсаттарына тиімді пайдаланып, іздеріне ілестіріп, керек десеңіз, ұлтқа қарсы күрестіріп жатқандары да баршылық. Сондықтан, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып осынау ағымдардың алдын алуға күш салуымыз аса қажет болып тұрған жайы бар. Әйтпесе бұдан ұлт қауіпсіздігіне айтарлықтай қатер төнуде. Өйткені қой терісіне бөрідей оранған олар, дін атын жамылып, бетпердесінің аржағынан жастардың сана-сезімін улауда. Әрине, жоғарыдағы сұрақта айтылғандай, мемлекет діннен бөлек екені белгілі. Дегенмен ол қоғам дінді қажетсінбейді деген сөз емес. Екінші тұста ойланатын жағдай, осындай

келеңсіз дүрмектерден өз балаларымызды қалай қорғай аламыз? Әрине, уақыт пен заман талабы мемлекет құрылымындағы тәрбие жұмысымен айналысатын мектеп ұстаздарына, сондай-ақ ЖОО-дағы білікті мамандарға еліміздегі жастарды өркениет пен мәдениетке бет түзеген, күннен-күнге қарыштап дамыған жаңа заман талаптарына сай, озық үлгідегі мәдениетті, тәрбиелі тұлға етіп тәрбиелеп шығару, бала көңілді дана өмірге бейімдеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отырғаны айқын. Қабырғалы қазақ елінің сүйегіне таңба түсірмейтін, ұлттың мүддесі үшін басын бәйгеге тігетін, өршіл рухты, тәрбиелі, адамзаттың ортақ бақыты үшін тер төгетін ұрпақты тәрбиелеп шығу үшін, халықтық педагогикада көрініс тапқан ұлттық тәлім-тәрбие мен білім беру барысында жинақталған бай тәжірибені қолдануда ұстаз қауымы қапы қалмай, эстетикалық тұрғыдан шыңдай түсетіні анық. Дегенмен ұлт болашағының кепілі болған ұл-қыздарымызға жалғыз ұстаз, тәрбие мамандарының қадым заманнан келе жатқан білім беру үрдістері мен жаңашыл тәлім-тәрбиелері әсер ете қояр ма екен?! «Педагогикалық тәрбиемен қатар діни тәрбиені қалай ұштастыра аламыз?» деген сұрақ та санамызға түрткі болып жүргені анық. Жауап беріп көрелік. Жоғарыда айтқанымыздай ұл-қызымыз көрінгеннің жетегінде, біреудің етегінде кетпес үшін, тәлім-тәрбие беруді тек қана ұстаздың міндеті деп білмей, өзіміз де, яғни ата-аналар да тәрбиенің қаншалықты маңызды екенін ұққанымыз абзал. «Біреудің жоғын біреу өлендетіп жүріп іздейді» дегеннің керін келтірмей, өз ұл-қыздарымызға сонау бесікте жатқан кезінен бастап-ақ тәрбие беруіміз керек. Баяғыда бір адам ғұлама кісіге келіп: – Балам бір жасқа толды. Оған тәрбие беруді қай жастан бастағаным дұрыс? – деп сауал қойғанда: – Сіз тәрбие беруді бір жылға кешіктірдіңіз, – деген екен. Аңдағанымыздай, балаңыз оң-солын танып, қолы аузына жеткенде бойында бұр жарған иман гүлін одан әрі өсіруге күш салуымыз керек. Күллі

әлемді күдіретті уысында ұстаған Жаратқан Алланың хикмет сырларынан сабақ бергеніміз және дұрыс. Әрі ата-ана ретінде өзіміздің де діннен хабарымыз мол болса, әрі айтқандарымызды іс жүзінде баламызға көрсетіп отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені көкірек көзі ояу, көңілі кіршіксіз таза балалар біздің әрбір айтқанымызды, істегенімізді жадына тоқып отырады. Сондықтан халқымыздың «Ережеден өнеге артық» деген қағидасын естен шығармаған жөн. Аталарымыз осы тұрғыда «Сөзіңмен мазалама, ісіңмен көрсет», «Сөз шақырады, ал үлгі қызықтырады» деген екен. Ендеше, жас өскінге сөзден гөрі ісімізбен үлгі-өнеге болуымыз керек.

Гүлден ұрық шашылса,

Гүл тарайды әлемге (С. Мұқанов).

Демек, тұла бойымыз әсемдікке толы болса, бала-шағамыздың да өн-бойынан сұлулық көзге ұрары даусыз. Осы ақиқат Құранда былай баяндалады:

«Жаннаттық адамдардың қасында әрдайым пәк балалар болады, сен оларды көрген кезіңде жерге шашылған інжу-маржан деп ойлайсың» («Инсан» сүресі, 19-аят). Сөздің тура болуымен қатар істің туралығы да аса маңызды. Өйткені, жалған сөйлегеніңізді аңғарған немесе сөзіңіз бен ісіңіздің үйлеспегенін көрген бала сізге сенімсіздікпен қарайтын болады. Титтей ағаттығыңызды байқап қалса, сізден суынып, біртіндеп бойын аулақ ұстай бастайды. Ондай кезде айтқан сөздеріңіздің ешқандай қадірі қалмайды. Бала бүкіл ізгі қасиеттерді әке-шешесінен табуы тиіс. Бұндай ата-аналар бір жағынан ұлағатты ұстаз болып табылады.

Егер тәрбиелегіңіз келген адамның қоғамдық санасын әрі ақыл-ой деңгейін анықтамай жатып оған тәлім беруге талпынсаңыз, оны өзіңізден бездіріп алуыңыз мүмкін. Бүгінгі күні білім саласының көптеген кемшіліктеріне қарамастан, кейбір жастарымыздың сана-сезімі тұнық қалпын сақтаған. Мұны Аллаһтың жақсылығы не олардың санасының жетілмегені, жиырма

бес жаста бола тұра он бес жасар бала тәрізді өз заманынан артта қалып қойған деп түсінуіміз керек. Сана-сезімі жетілмей қалған адам бір күні алда-жалда діни әрі ұлттық, қоғамдық пікірі өзінен әлдеқайда биік адаммен кездесе, Құдай сақтасын, іштей өз құндылықтарынан жерініп, өмірден түңіліп кетуі кәдік.

Балаға берілетін тәрбие кішкентайынан қолға алынса, оған да, өзіңізге де жеңіл болмақ. Егер олар балиғат жасқа толысымен діни парындарды міндетті түрде орындасын десек, оны осыған алдын ала дайындағанымыз жөн.

Ғалымдардың тұжырымдауынша, бала жиырма бір жасқа дейін қоғамдық санасы өсіп, діни тұрғыдан кемелденуі тиіс. Демек, баланы бұл жастан кейін тәрбиелемек болсаңыз, қиынға соғады. Олай болса, жиырма бір жасқа дейін оның мінез ерекшелігін ескере отырып діни, ұлттық құндылықтарды санасына сіңіруіміз керек. Осы жасқа дейін ол дінді практикалық әрі теориялық жағынан толық меңгерсе, кейін кездесетін қиындықтарға мойымайтын болады.

Бала бұл кезеңге дейін сіздің барлық іс-әрекетіңіздің маңызы мен мақсатын түсінетін дәрежеге жетеді. Сіздің ендігі міндетіңіз – осы күнге дейін оның көріп-білгендерінің түп-төркінін түсіндіру.

Аллаһ елшісі «*Ұят – иманның маңызы бір тірегі*» деген. Тағы бір хадистерінде «*Ұяты жоқтың – иманы жоқ*» деп айтып кеткен. Олай болса, ұрпағымыздың арлы, ұятты, ибалы болып өсуін тілесек, тәрбиесін бүлдіршін кезінен бастап қолға алуымыз керек. Олар есейе келе, Құран тәрбиесін бойға сіңірген сайдың тасындай нағыз атпал азаматтарға айналады.

– **Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда азаматтардың діни сауаты жоғары болуы үшін қаншалықты маңызды?**

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңдағы еліміздің діни ахуалы жайында әңгіменің бір ұшы шыға қалса, жаңалыққа қашан да құлағы түрік жүретін ағайынның өңі

өзгеріп сала беретіні рас. Бұл тақырыпқа келгенде ара ағайынның арасында талас туып, өзара қызылкенірдек бола қалуының өз себебі бар. Себебі түрлі діни ағымдардың ағысымен шетел асып, мұхит асып кетіп жатқан қандастарымыз қаншама?! Одан қалса жекелеген бауырларымыз арандатушы топтардың ықпалымен өз отбасының шырқын бұзып қана қоймай, ауыл-аймақтың да ішіне ылаң салып жүргендерін көз көріп, құлақ естіп жүр. Шірікті (ширк) түсінбей, ел ішіне іріткі салуды көздейтіндері да табылады. Туған елдің тұрақтылығына, кемелді келешегіне нұқсан келтіретін мұндай келеңсіз оқиғалардың алдын-алып ауыздықтауға күш жұмсауымыз қажет-ақ. Діни ахуалды реттейтін Діни істері жөніндегі агенттіктің алдында мұратты істер мен сынақты міндеттер жүктеліп тұрғаны белгілі. Әрине, елімізде соңғы уақыттарда орын алған оқиғаларға қатысты агенттік те өз іс-шараларын қолданып бағуда деуге негіз бар. Себебі, алдағы уақытта кез келген діни бірлестіктердің қызметі ерекше тексеруден өтіп, заңнамаға сөйкестендіріледі. Олай болмаған жағдайда оларға тосқауыл қойылады деген сенімдеміз. Жалпы агенттіктің ғана емес, тұтас елдің басты мақсаты – елдің бірлігін нығайту, дінаралық келісім мен бейбітшілікті сақтау.

Дегенмен әлемде болып жатқан ірілі-ұсақты толқулар біздің де елімізді айналып өтпей қойған жоқ. Сондықтан арбауға түсіп арандап қалмас үшін, үлкен-кіші болсын, кәрі-жас болсын, қысқасы, халықтың діни сауаттылығын арттыру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сол үшін де бүгінгі таңда ел ішінде жүйелі түрде діни-танымдық, ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды жүргізу үлкен маңызға ие болып отыр. Және келешектің іргетасын қалайтын жас өрендерімізге берілетін ұлттық тәлім-тәрбие мен рухани-танымдық тәрбиенің мән-мазмұнын күшейте түсуіміз керек-ақ. Рас, кешегі кеңестік қызыл империя салған зобалаңның ащы уытынан айыға қоймаған еліміз есеңгіреп, діннің дінгегінен

қонысын аулақ салғаны мәлім. Алайда өткен күнге өкпе артпай, бүгінгі күннің биігінен қарауымыз керек. Дініміз бен тіліміз қайта оралған шақта, ұлттық құндылықтарымызды жандандыру басты парызымыз. Жаратқанның хақ жолы Ислам діні – қазақ топырағында тамырын тереңге жіберген, салт-дәстүрімізбен біте қайнасып кеткен рухани әлемі бай, асыл дін екенін естен шығармауымыз керек. Халықтың Исламға деген ерекше ықыласының арқасында елімізде күмбезді мешіттердің күннен-күнге саны артып келе жатқаны көңіл қуантады. Дінімізге ешкім тыйым салып жатқан жоқ. Исламның аясында емін-еркін тыныстап, намазымызды оқып, орамамызды тұтып, зекетімізді беріп, садакамызды таратып, қажылығымызға барып-келіп жатқан жайымыз бар. Ендеше осынау Тәуелсіздікпен қатар бұйырған басымыздағы бармақтай бақты салмақтай алмай жүрген сыңайлымыз. Неге? Өйткені **діни біліміміз сын көтермейді**. Сыңаржақ пікірлерге сүйеніп алған, ұлттық құндылықтан, қаттаулы тарихтан хабарсыз кейбір кісілер исламды басқаша түсініп жатады. Бұл, әрине өз кезегінде дұрыс емес. Әрі жат пиғылды жамағаттың жетегінде кеткен адамның қоғамға қайта оралуы екіталай. Кейбірі өз көсемдерінің айтқанынан шыға алмайтын сарбазға айналғанын да аңдамайтын болар. Көпке күл шашқандығымыз емес, әсілінде кейбір жастар саналы түрде діни ағымдардың қанатының астында жүрген жоқ, олар діни сауатының төмендігінен адасып жүр. Интеллектуалды ұлт болудың да өз шеңбері бар. Оның ішінде, ұлттық мүдде, ұлттық ұстаным, ұлттық құндылық, ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық болмыс жатыр. Ал ондай іргесі берік ұлт болу үшін рухани тазалық пен терең білім керек екені белгілі. Қазіргі таңда әлемде ақпараттық соғыс болып жатыр. Дұрысын айтқанда «мылтықсыз майдан». Осыбір аласапыран уақытта дара халқымыз адасып, қадамын қия баспай, өз сүрлеуімен жүріп, өзінің дәстүрін, ата дініміз исламды берік ұстанып қалуы күн өткен сайын тол-

ғандырып келеді. Діни сауатсыздықтың салдарынан еліміздің мирасына қол жеткізуді көздейтін миссионерлердің кармағына ілініп қалу мұсылмандығымызға сын. «Ағаштар көп, бірақ оның бәрі жемісті бола бермейді. Жемістер көп, бірақ оның бәрі тәтті бола бермейді. Сол секілді ілімдер көп, бірақ оның бәрі пайдалы бола бермейтін» ескергеніміз жақсы. Діни сауатымызды ашып, рухани-танымдымыздың көкжиегін кеңейту барысында адасқан ағымдардың жетегінде кетпеді көз десек, Абайша айтқанда, «ақырын жүріп, анық басқанымыз абзал».

– **Жастарды рухани кемел адам етіп тәрбиелеудегі діннің рөлі қандай?**

Ислам дінінде бала – өмірдегі сынақтардың бірі ретінде қаралады. Сол себепті сынақтан сүрінбей өту үшін балаға өмірде жақсы-жаманның, обал-сауаптың не екенін, қалай еткенде жақсы адам болып қалыптасудың жолдарын үйрету, парасатты тәрбие беру – ата-анаға міндеттелген іс.

Парасатты, ізгі тәрбие, тәрбиенің кемелдігі неден басталмақ? Бұл ең әуелі баланың өз ата-анасын сыйлауы, иманды болып өсуі, жанашыр, адал, еңбекқор, кішіпейілдік секілді ізгі қасиеттерді бойға сіңіруі. Есейгенде қоғамға пайдалы азамат болуы, жас кезінен анаша, есірткі, автомат ойындары, сыра, арақ, темекі, зинақорлық секілді теріс қылықтарға үйір болмауы, ешкімнің ала жібін аттамауы. Әдепті болуы, қай кезде де текті тәрбиенің жемісін көрсетуі. Міне, мұндай ұрпақ – Абайша айтсақ, ата-ананың көз қуанышы, қызығы мен сүйініші.

Ғалымдар Исламдағы бала тәрбиесінің негіздерін анықтауда хазірет Мұхаммед пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә салләм) өмірінде кездескен нақты оқиғаларға сүйенген. Өйткені, Құрандағы Аллаһ тағаланың көрсеткен үлгілі тәрбиесі сүннетпен ажарланып толығы түскен. Адамзаттың асылы пайғамбарымыз Ислам тәрбиесін қалыптастыруда балаларды көзден таса қылмаған. Қайта дүниеге келмей жатып, балаға алаңдаушылық

білдірген. Бала дүниеге келісімен діни салт-жоралғылар жасалып, мұсылман үмбетінің тағы бір адамға толысқанын қуаныш көрген. Осы орайда, балаға жақсы, мазмұнды ат қоюға шақыруының өзі қандай тәрбие екені айтпаса да түсінікті.

«Баланың жақсысы қызық, жаманы күйік» демекші, балаға «Аллаһтың аманаты» деп қаралуының өзі Исламда балаға қаншалықты көңіл бөлінгендігін білдіреді. Хадистерде де бұның мысалдары көптеп кездеседі.

Сүннеттегі тәрбие кең көлемдігімен, тым ерте қолға алынумен ерекшеленеді. Онда баланы жастайынан имандылыққа тәрбиелеу, үлкендерді құрметтеу, ысырапқа бармау, бұзақылық жасамау, өтірік пен ұрлықтан аулақ жүру секілді адамгершілік қасиеттермен қоса жас кезінен мәдениеттілікке, әдептілікке, дұрыс сөйлеуге баулу, иман негіздерін сіңіру, Құран, дұға, намаз үйрету, мешітке үйір қылу, дене

тәрбиесі, дұрыс киіну, дұрыс тамақтану, тазалық – бәрі қамтылған.

Исламдағы тәрбие баланы адамгершілікке баулу үшін бүкіл қоғам мәдениетін жетілдіру керектігін аңдатады. Өйткені, бала тәрбиесі ата-анаға да, балабақша, мектеп, ұстаздарға, дос-жарандары, ойын түрлері, үйірме, клуб, газет-журнал, теледидар, радио секілді қоғамның басқа да тетіктеріне тікелей қатысты. Осының барлығы қадағаланып, игі мақсатта жұмылғанда ғана тәрбие жақсы нәтиже бермек.

Бүгінгі бала – келешектің тұтқасы. Сондықтан қазіргі ата-аналар Ислам дініндегі мәні терең, мазмұнды тәрбие негіздерімен танысып, иманды, көргенді ұрпақ тәрбиелеп жатса, бұл тектілігімізге қайта оралғандығымыз, ата-бабаларымыздың арманын орындағандығымыз. Артына сауап жолдап тұратын ізгі, иманды ұрпақ қалдыра білген ата-аналардың екі дүниеде де жүздері жарқын болмағы хақ.

Әңгімелескен **Анар Құрманғали**



Жалпы екі заттан - діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн

Нұрсұлтан Назарбаев

ӘДЕТ-ҒҰРЫПШЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОРЫНДАЛАТЫН ЫМ-ИШАРАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әбжан Гүлмарт Мәдіханқызы -

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының оқытушысы, филология магистрі

Әрбір халықтың ұлттық тұрмыс-тіршілігінің тарихи даму барысында ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар ерекше рөл атқарады. Қазақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырған – оның әдет-ғұрыптары, салт-жоралары. Ұлттық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер әрбір адамның жеке индивид ретіндегі ғұмырынан бастап, ұлттық мүддеге қызмет ететін азамат болып қалыптасуына, сол адамдардан тұратын халықтың ұлт ретінде ұйысып, қоғамдық өмір сүруіне барлық жағдайлар жасайды. Ұлттың ұлылығы оның ұлттық дәстүрлерінен, ұлттық табиғатынан көрінеді. Бүгінгі ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, халықтық педагогикалық нәрлі қайнарымен сусындату негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақ халқының батыс елдерінен айырмашылығы, негізгі ерекшелігіміз де – адамгершілік принциптеріне негізделген ұлттық дәстүрлеріміздің, ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық рухымыздың сақталуында, – деп атап көрсетеді фил.ғыл.док., профессор Д.Ысқақұлы /1,33/.

Ұлттық салт-сананың қалыптасуының екі негізі бар: игі әдеттер көп қолданыстан әдет-ғұрыпқа, яғни өмір қолданысына заңды түрде енеді. Сөйтіп дәстүр салтқа (заңға, заңдылыққа) айналады. Оны салт-дәстүр дейміз. Салт, дәстүрлердің ұлттық санаға айналған биігі – салт-сана деп аталады. Дәстүр, салт-дәстүр, салт-сана – ұлттық болмыстың мәдени сәулеті болады. Яғни ұлттың салт-санасы сол ұлттың мәдениетінің биіктік деңгейін көрсетеді.

Әдет-ғұрып – адамдардың белгілі бір жағдайларға байланысты, үйреншікті мінез-

құлықтық іс-қимылдары. Әдет-ғұрыптар тарихи жолмен қалыптасып, одан қоғамның өнегелілігі де қалыптасады /2,54/.

Әдет-ғұрыптардың пайда болуына және сипатына халықтың тарихын, шаруашылық өмірінің ерекшеліктері, табиғаттың ауа, жер-су жағдайлары, адамдардың әлеуметтік ахуалдары, діни көзқарастары т.с.с. әсер етеді. Әдет-ғұрыптың қоғамдық дағды ретіндегі күші бар, ол адамдардың іс-қимылына, мінез-құлқына әсерін тигізеді. Сондықтан, ол ғибраттық тұрғыда бағаланады. Социологияның әртүрлі іс-қимылды немесе іс-қимылдар жиынтығын, олардың тиімділігін анықтау тұрғысынан зерттейтін саласы праксиология саласы.

Даму барысында, адамның психикалық іс-әрекеті сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Бұлардың біріншісі қолды, аяқты, саусақтарды жұмсау арқылы іске асатын реалды заттарға әсер етудің адамға тән түрлерінен тұрады. Екіншісі «ой жүгірту» арқылы іске асып, бұл жерде адам реалды әрекет арқылы, реалды заттарға әсер етпейді, олардың ойлау процесінде жасалатын идеалды динамикалық модельдерін пайдаланады /2,495/.

Әл-Фараби Аристотельдің «өсімдіктер жаны, жануарлар жаны, адамдар жаны дейтін үш түрлі жаны болады деген пікірін қуаттай келіп, адам жанын үшке бөледі, одан соң адамның жан қуатын – ішкі жан қуатын (еске түсіру, талпыну). Сыртқы жан қуаты (көру, есту, дәм, иіс, сипау) деп екіге бөледі /3,79/.

Үйлену тойында өтетін ойын сауықтарда «қол ұстатар», «шашсипатар», «сақина салар» жол-жоралары да ишаралар арқылы

жүзеге асады. Тарихшы – этнограф ғалым Х. Арғынбаевтың пікірінше, «ұрын барудың» мақсаты жастардың өзара тілдесіп, бет-жүздерін көрісіп, құшақ айкастырып жақындасуы нәтижесінде олардың арасында махаббат сезімін ояту екені даусыз /4,36/. Келтірілген деректер негізіне сүйенсек, әдет-ғұрыптардың жанасу ишараты арқылы жүзеге асқандығы мәлім.

Халқымыздың ежелден қалыптасып келе жатқан әдет-ғұрып, дағдысына байланысты көңіл аударарлық ым-ишараттар көп кездеседі. Соның ішінде сезімді, көңіл-күйді, ыммен, ишарамен бет-пішін, түрлі қимылдар арқылы жасау арқылы мән-мағынаға ие болады. Олардың көпшілігі адамның дене мүшелерімен байланысты орындалады. Мыс: арқа. **Арқаға қағу**-риза болу, мақұлдау, қолпаштауды бейнелейді. Яғни «рахмет», «бәрекелді!», «жарайсың!» деген сөздердің орнына қолданылатын алғыс белгісі.

Алақан. **Алақанға түкіру** – ынталылық, құлшыну. Бір іске ынталана кіріскенде алақанға түкіріп алатын әдет бар. Мысалы, біреу «іске құлшынып отыр» дегісі келсе, «алақанына түкіріп отыр екен» дейді. Алақанын уқалау да осындай мәнге ие. **Алақан жаю** – амалсыздық, «енді қайтейіннің» белгісі. Мұның екінші бір мән-мағынасы – сұрау, сұрамсақтықты көрсетеді. Алақан жаю – жаман ырым, оны жиі қолдануға болмайды». Халық тәрбиесінде «Алақаныңды жайма» деген тыйым бар. **Жұдырық түйю** – «көресіні көрсетемін!» деген күш, сес көрсетудің нышаны, төбелестің басы.

Саусақ. **Саусағын безеу** – сені адамсынбаған, менсінбеген тәкәппарлық таныту деген сөз. Адамшылыққа жатпайтын әдеттің бірі – осы саусақ безеу болып саналады.

Саусағын танауына тығу. Кейде біреулердің екі саусағын танауына тығып келетіні бар. Бұл күлкілі көрініс – «құр қол қайттым» деген сөз. Қазақтар «олжасыз келді» дегенді «екі саусағын танауына тығып келді» деп күліп отырып айтады.

Аяқ. **Аяғына жығылу** – жеңілу, кешірім сұрау, масқара болудың ауыр түрі. Бұл әрі

жаза, әрі біреуге мүдделі болды деген сөз.

Ауыз. **Ауыз бұртиту** – өкпелеу нышаны. «Немене, аузың бұртиып кетіпті ғой, кімге өкпеледің?» дейді аузы бұртиып тұрғанды көргендер. **Ернін шығару** – мазақ ету, келемеждеу деген сөз. Бұл әдетте көбінесе әйелдер, балалар қолданады. Біреулер өзіне жараспайтын іс істесе, қылық көрсетсе, оны көрген адамдар ернін шығарып күлген. Бұл әдет басқаларды да ерсі іс-әрекеттен сақтандырады.

Баспен болатын іс-әрекеттердің мәні:

Бас изеу – келісу, мақұлдау. «Осының жөн», дұрыс істедің дегенді білдіреді.

Бас ию – мұның екі түрі бар. Біріншісі – ұлы адамдарға, ата-анаға, ұстаздарға ризалықпен бас ию, яғни бұл құрметтеудің, сыйлаудың белгісі. Екіншісі – жеңілуді, тәуелді адам алдында кішіреюді білдіреді. Орынсыз жерде бас июге болмады, ол өзі-өзі төмендету, бағасын түсіру болады.

Бармақпен байланысты іс-әрекеттер:

Бармақ тістеу – амалы құру, шарасыздық белгісі. Амалсыздықтың өкінішін халық «бармағын тістеп қалды» дейді.

Бет. **Бет сызу** – адам ұялатын сөздер естігенде әйелдердің сұқ саусағымен бетін сызатын әдет бар. Демек, бұл – ұялу мен шошынудың бір түрі екені анық. Ер адамдар бет сызбайды. **Бет жырту.** Мұның да екі түрі бар. Біріншісі – ең жақын туысы не күйеуі, баласы «қайтыс болғанда бұрынғы қазақ әйелдері «құдайға не жаздым?» деп өз бетін тырнап, жыртып тастайды. Бұл ертеден сақталып келе жатқан ғұрып. Екіншісі – адам ренжіскенде, бір нәрсеге дауласқанда, қарсы сөз жарыстырғанда «бет жырттысып» қалды дейді.

Бетке түкіру – масқаралау, қорлау түрі. Әдепсіз, тәртіпсіз немесе ұят басқан адамдардың бетіне түкіріп жазалайтын әдет бар. **Бетіне күйе жағу** да қорлықтың әрі жазалау көрінісі. Мұны әйелдерге қолданады. Қазақта «беті қара» деген сөз бар. Ол «күйеуі қайтыс болған, қаралы» дегенді ұқтырады. Мұны «қара бет» дегенмен шатыстыруға мүлде болмайды. **Бет басу** – ұятқа батқан адамның іс-әрекеті. Ұят басқан адамдар екі қолымен бетін басып, жұртқа

қарай алмайды. Мұндайларға «не бетіңмен жүрсін» деп жекіреді. Жайшылықты бет басу жаман ырым.

Бұрым. **Бұрым кесу** – әйелдерге берілетін ең ауыр жаза. Қазақтың ежелгі заңы «Қасым салған Қасқа жолдан» бастап еріне опасыздық жасаған немесе өте ауыр қылмыс істеген, ел алдында масқара болғанда әйелдердің бұрымын кесу тәртібі қолданылған. Әйелдер үшін жазаның ауыры осы бұрымын кесу болған. Өйткені, шаш, бұрым әйелдің сөні, салтанаты, әйелдік белгісі болып саналған. Өкінішке орай, қазіргі әйелдер мен қыздар шаш кесуді мақтаныш, сәндік білімділік белгісі деп қабылдап жүр.

Біз шаршар – «құда болайық» деген өтініш, елшілік хабар. Ақсақалы-қарасақалы аралас бір топ ер адам қызы бар үйге түсе қалады. Нендей шаруамен жүргенін айтпайды, қонақасын ішкеннен кейін үн-түнсіз аттанып кетеді. Үй иесі дереу көрпе, текеметтің астын қараса шаншулы бізді көреді. Кісілердің неге келгені енді түсінікті болады. **Шашын жұлу** – долы, ашулы әйелдердің ашуланған кезінде өз шашын өзі жұлып бүлінетін әдеті болады. Қайғы-қасіретке тап болған әйелдер де шашын жұлып зар шегеді. **Шашын жаю** – қайғылы, шерлі, күйікті, мұнды, зарлы, азапты, бақытсыз әйелдің ғана ісі. Мұндайда әлгі әйел «қара бір шашым жаяйын, Жайяйын да жылайын» деп жылайды. Бұл әдет дауыс қылу, жоқтау кезінде жасалады. Кешегі өткен зұлмат заманда – соғыс, ашық, тәркелеу, апат, жұрт кезінде әйелдердің шашын жайып жылауы көп болды. Әйелдер мұң, шер жырларын да шығарды. Мұндай кезде ақсақалдар, әйелдер келіп, мұнды адамға тоқтам, басу айтып жұбатуы керек. Қазақ қыздарына «шашынды жайма» деген тыйым сөз тәркіні осындайда шыққан.

Бүйірін таяну – жаман ырым. Әдетте қайғы – қасыретті адамдар екі бүйірін таянады да дауыс қылады, жылайды, аянышты, көңіл-күйін білдіріп зар шегеді. Бұл әйелдерге тән әдет. Осыған сәйкес жастарға «бүйірінді таянба» деген тыйым сөз. **Емшегін көкке сауу** – ана қарғысының ең ауыр түрі. Ана өз баласынан қатты

зәбір көргенде ғана осындай әрекетке барады. Мұндай іс бала үшін ең ауыр жаза, кешірілмес күнә. **Есекке теріс мінгізу** – ата-анасына зәбір, жапа көрсеткен, қол жұмсаған немесе ел-жұртна ел естімеген ұят келтірген жастарды дала заңы бойынша қара есекке немесе қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, мойнына қара құрым ілім, қорлап, жазалайды. Мұны көргендер айыпкердің бетіне түкіреді. Осындай қатал заңдарды халық тәрбиелеу мақсаты ретінде де қолданған.

Жағасын ұстау: тілімізде «жағасын ұстап, шошыды» деген сөз бар. Бұл қатты қорықты, шошыды дегенді білдіретін қазақи ұғым. **Жағын таяну** – торығу, қамығу, мұңаю белгісі. «Жағынды таянба» деген тыйым негізі осыдан қалыптасқан.

Желке. **Желке қасу** – қолдан келер қайрат, амалы жоқ жігерсіздікті, әрекетсіздікті танытады. **Желкеге қолын қою** – айыпталу, тұтқын болудың айғағы. **Жерге түкіру, жер тебу** – өкініш, «саған айтса да болар, айтпаса да болар» деген дөң айбат, ыза көрініс.

Иығын көтеру – енді қолынан келетіні жоқ жанның соңғы әрекеті, «аржағын енді өздерің біліндер» деген екі ұшты әрі сұраулы пішін.

Көз алайту – ұрыс басы, сес, біруге ренжудің бір түрі. Жек көрген адамдар да көз алайтады. **Көз қысу** – «ыммен сөйлесу, үндемеу отыр, бәрін білем» деген сөз. Сондай-ақ бұл ер мен әйелдің арасындағы жасырын ашыналы қатынасты да білдіреді. Тәрбие дәстүрінде көз қысу әдептілік емес. **Қабак түйю** – біреуді ұнатпаудың, бір істі жаратпаудың немесе көңіл-күйі болмай ренжіп отырған жанның кейіпі. Мұндай адамдарға «қабағың түйюлі ғой» немесе «қабағың түсіп кетіпті ғой» дейді.

Кеуде. **Кеудесін соғу** – мақтану немесе жеңістің үлкен белгісі. Бұл әдетті жауын жеңген батырлар, қарсыласын жыққан палуандар көп қолданған. Жеңімпаздың кеудесін соққанының ерсілігі жоқ. Жайшылықта, орынсыз жерде кеуде соғу – әдепсіздік, тәрбиесіздік болады.

Қол. **Қол сілтеу** – ренжу, өкпелеу, «не болсаң, ол бол» дегендей көңілі қалған,

жәбірленген кісінің іс-әрекеті. Біреуге қол сілтесең – ол мұны өзін жәбірлеу, сөгу деп те түсінеді. Қол сілтеу соңы жақсылыққа соқтырмайды. **Қол соғу** – қошамет көрсету, мадақтау, қолпаштаудың жарқын да әсерлі көрінісі. Қол соғу, алақан шапалақтау ақындарға, әнші – өнерпаздарға, спортшы жеңімпаздарға жасалатын көпшіліктің құрметі әрі алғыс сезімі, аса зор ризалық белгісінің жиі қайталанатын, қолданатын дәстүрлі әдет. Мұндай сәтте құрмет иелері жиналғандарға алғыс айтып, бас июге тиісті. **Қол көтеру.** Тәжірибиелі халқымыздың таным-түсінігінде бұл әдеттің бірнеше мән-мағынасы, ұғымы, нышаны бар. Бірінші – сөзім бар, айтарым бар бағындым» дегені. Сондай-ақ «қол көтерді» деген сөз де бар. Ол «ұрды», «соқты» дегенді білдіреді. Мұның сөз болып отырған «қол көтеруге» ешқандай қатысы жоқ. **Қол қусыру** – айыпты болудың немесе кешірім сұраушының «қате менен» деген ишарасы. Дәстүр бойынша кешірім сұраушы қолын қусырып (екі қолын жеңіне тығу) өз кемшілігін мойындап, ғафу өтінеді. «Алдына келсе – атаңның құнын кеш» деген аталы сөзге жығылған қазақ мұндай жерде кешірім жасап, қолын алып, төріне шақыратын тектілігін де көп болған.

Мандай. **Мандайын ұру** – қатты өкінудің яғни қатты қателесудің, тағдырға моюдан туған дағды. Адамның өзіне-өзі белгіленген және қолданатын қатаң жазасы. *Мұның тәртібі* – өкінішті адам өз мандайын өз жұдырығымен соғады. Бұл жазаны көбінесе ер адамдар істейді.

Мұрын. **Мұрын тыржиту** – менсінбеу, теңсінбеу, «неге келесіңнің» тілсіз беоілетін нұсқауы. Бұған мандай, бет тыржиту да жатады. Мұның аржағыайтпаса да түсінікті.

Сан соғу – қапы кету, «қап, әттенген-айдың» зор белгісі. Бұл жай өкіну емес, өксу. «күресте жығылғандар да санын соғып қалып «қапы кеттімін» осы ишарамен» – білдіреді.

От басын сабау. Ел ішінде қиянат, зорлық-зомбылық болмай тұрмайды. Өлі келгендер әлсіздердің немесе жетім-жесірлердің малын тартып алатын кезде де болған. Осындай жағдайда кеткен есесін

алуға шамасы келмейтін әлсіздер зорлық қылғанның аулына барып, оның үйін сабайды, от басын сабап күлін шашады. Есесі кеткендер бұған да қанағат тұтып, өшін алғандай сезімде болады. Қазақ елінде бұрын бұл әдет көп қолданылған, қазір ұмытылып бара жатыр.

Туырлығын тілу – өштескен адамдардың бір-біріне көрсететін зәбірі немесе күш көрсетуі десе де болады. Мұның арты ертеректе дау-жанжалға, қатты іс-әрекет, ұрыс-керіске, тіпті жауласуға да апарып соқтырған. Махамбет ақынның «туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп едім!», – деп армандауында бітіспес кек қалуы да осындай батыл қимылдың көрінісі жатыр.

Төбесіне қолын қойып шығу. Ел-жұртынан безінуге бел бұған адам ортадан төбесіне екі қолын қойып шығады. Бұл сирек көрініс «енді сендерді желкемнің шұқыры көрсін», «көрмеймін», «келмеймін» деген ауыр кесім. Ауыр болса да ед ішінен көңілі қалып, безіп кеткендер болған. Мысалы, Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр» дастанындағы Қалқаман өзін оққа байлаған ел-жұртынан осылай кеткен. «Төбеңе қолыңды қойма» деген тиым осындай әдеттен сақтандырады.

Тізе бүгу. Халық әдетінде мұның бірнеше жолы бар. Біріншісі – бір үйге келген адамның отырмаса да, шаңыраққа құрмет көрсетіп тізе бүгуі. Екінші – бұрынғы дәстүрде бата тілегенде, батырдан мұраға қару-жарақ алғанда тізе бүгуі. Үшінші – ұрыста, айкаста жеңілген дұшпанның тізе бігуі.

Тістену, тіс қайрау – ашу-ызадан, өштесуден туған іс-қимыл. Ашулы адамды «тістеніп отыр екен» немесе «пәленшеге түгенше тісіп қайрап отыр екен» дейді.

Халықтың ұрпақты әдептілікке (мәдениетке) тәрбие дейтін ұлағатты ұғымдары мен ырым, тиым сөздерінің мәдени-тәрбиелік мәні зор. Салауаттылық, сауап, үнем мәндерінің мәнін халық жас ұрпаққа жастайынан түсіндіріп, үнемшілдік, ұқыптылыққа, яғни мәдениеттілік негіздерін білуге тәрбиелейтін.

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы жоғарыда көрсетілгендей түрлері

өте көп. Оның тәрбиелік, өнеге, тәлімі де зор. Халық мінез құлқын жақсы білетін тәжірибелі адамдар әр адамның жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен, қас-қабағынан-ақ оның көңіл-күйін айтпай-ақ сезіп-біліп отырған. Қорыта келгенде, әдет-ғұрып, ым-

ишара ежелгі ата-бабаларымыздың салт, сана, әдеп, үлгі, тәрбие, тағылым, таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге енген және қалыптасқан халықтық, ұлттық бай қазыналарының бір тармағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д.Ысқақұлы. Ұлттық дәстүрлер – ұлттық рухтың қайнар көзі. //Сүлеймен Демирел атындағы Университеттің Хабаршысы. Алматы, 2011, №3,4.
2. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы», 1996.
3. Райыс Ғ. Эстетика: оқулық. – Алматы: «Өнер баспасы, 2012.
4. А.А.Ақажанова. Әдет-ғұрып ойындарының атаулары. //Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. 2010 ж., №2 (32).

Резюме

В статье рассматривается значение и смысл воспитания обычаев у казахского народа.

Summary

The article discusses the significance and meaning of education practices in the Kazakh people.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

*Көшербаева Қаракөз –
№42 орта мектептің*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі,
Тараз қаласы*

Маймышева Ж.Д. –

*«Педагогика және психология»
мамандығының 2 курс магистранты,
ТИГУ*

Ұзақ жылдар бөтен елдің қысымында болып, елдігіміз бен ұлттық құндылықтарымыз орасан зор зардап шегіп келді. Бүгінде тәуелсіз мемлекет болып, бабалар арманы орындалды. Өз тізгініміз қолымызға тиіп, егемен ел атандық. Ұлттық мұрат, ұлттық рух, ұлт қуатын асқақтатып, жоғымызды түгендеуге, өшкенімізді жандырып, өлгенімізді тірілтуге барынша күш салып бағудамыз. Бұл орайда ауыз толтырып айтатын, мақтанатын жетістіктеріміз де, кей ретте қапа болып, қынжылатын кемшіліктеріміз де жоқ емес.

Әрине, айтарға оңай болғанымен, ғасырлар бойғы бодандықтың қамыты оңай шешіле салған жоқ. Бұл ретте 150-ден астам ұлт өкілдері қоныстанған кең-байтақ ел екеніміз тағы бар. Дегенмен, Елбасы Н.Назарбаевтың жан-жақты ойластырылып жүргізілген саясаты негізінде бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену мақсатында рухани іс-шаралар да жемісті нәтиже беруде. Дүние жүзіне аз уақыт ішінде егемен ел ғана емес, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың жаршысы ретінде танылып, бірқатар әлемдік мәселелердің оңтайлы шешілуінің

ұйытқысы болған мемлекетімізді, қазақ ұлтын білмейтін ел жоқ.

Әсіресе, жаңа ғасыр көгінде білімнің асқар туын көкке көтеріп, ел болашағы – білімді жастар» – деп Елбасының өзі біліммен қаруланған ұрпаққа сенім білдіруде. Ал, ұлы ойшыл әл-Фараби «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» екендігін дәлелдеп айтып кеткен. Осы себепті де бәсекеге қабілетті білім берумен қатар, жоғары тәрбие беру, болашақ ұрпақ санасына ұлағатты сезімдерді сіңіре білу – келешектің үлесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Еліміздегі білім беру жүйесін оңтайландыруда осы бағыт негізгі назарда болып келеді. Педагогика саласының белді ғалымдары да білім беруді тәрбиемен ұштастыруға ерекше көңіл бөлуде. Профессор К.Қожахметова: «Әрбір мектеп адам тәрбиелеуді жалпы міндет тұтса, алдымен оны белгілі елдің азаматы қылып, сол қоғамның талабына сәйкес тәрбиелеуге міндетті. Мектептің бағыты сол ұлттың мінезі мен жалпы бағытына тәуелді болуға тиіс» [1], – дейді. Бұл ретте қазақтың ұлттық педагогикасы негізінде білім беру мен тәрбиелеуді жүргізу қажет. Бұл орайда да, бірқатар педагог ғалымдар зерттеулер жүргізіп келеді. Әсіресе, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып – халқымыздың ұлттық ерекшеліктерінің негізгі компоненттері екендігі белгілі. Бұл туралы ғалым Н.Сәрсенбаев: «... обычай есть исторически сложившиеся, более или менее устойчивые нормы общественных отношений людей, их образа жизни и быта, которые передаются от поколения к поколению и охраняются силой общественного мнения...», – деп, ал салт-дәстүр жөнінде: «... традиции – это исторически сложившиеся устойчивые и наиболее обобщенные нормы общественных отношений, передаваемые из поколения в поколение и охраняемые силой общественного мнения» [2], – деп айрықша анықтама беріп өтеді. Бұдан этнопедагогика ғылымының бүгінгі таңда қоғам қажеттіліктерінен туындаған басқа ғылым саласы сияқты өзекті мәселелерге толы екендігін, жаһандану жағдайындағы тәуелсіз

ел ертеңіне саналатын – саналы да, білімді ұрпақ тәрбиелеудің өте күрделі екендігін көруге болады.

Қазақ этнопедагогикасының әлеуметтік құбылыс екенін және оның қоғамдық қажеттіліктерден туындағанын ескере келе ғалымдар өз ойларын: «...Адамның өз ұрпағын еңбекке, кәсіпке, өмірге икемдеп үйретуі адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан тарихи процесс екені белгілі. Мәселен, жас ұрпақты тәрбиелеудің жалпыға ортақ моральдік-психологиялық нормасы белгіленді...» – деп жеткізеді.

Тәуелсіз мемлекет ретінде экономикалық-әлеуметтік және рухани дамудың алғышарттарын, өз бағыт-бағдарымызды ұзақ жылдар езгіде болып келген ұлтымызды ұлықтауға, халықтық дәстүрлерімізді дәріптеу мақсатына бар күш-жігер салынды. Бұл тұста ұлттық педагогика және халықтық педагогика ұғымдарының ара қатынасы қандай деген сұрақ туындайды.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте «Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» – деген анықтама берілген. Анықтама дұрыс ғылыми маңызға ие. Сайып келгенде, аталған ұғымдардың арнасы бір. Этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы және жалпы педагогиканың бастауы, қозғаушы күші. Халқымыздың ұлттық педагогикасы – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған мәдени мұрасы, бала тәрбиесіндегі ұлттық тәлімі, сүйенген қағидасы.

Біз де өз мақаламызда бүгінгі қоғамымызда өте өзекті деп саналып, зиялы қауым өкілдерін көп ойлантып, ашындырып келе жатқан өскелең ұрпақ тәрбиесіне қарай ойысып отырмыз. Батыстың даңғаза мәдениетіне еліктеу, ана тіліміздің өзге

тілдердің шырмауында қалуы, діліміз бен дініміздің дұрыс насихатталмауы, т.б. көп айтылып келеді. Әрине, тәуелсіздіктің екінші онжылдығында рухани дамуымызда айтарлықтай қарқын байқалды. Ұлттық негізде оқытатын мектептер көбейіп, бала бақшаларда тәлім-тәрбиенің ұлттық қағидаттары басшылыққа алына бастады. Дегенмен, ғылыми-техниканың қарыштап дамыған заманында бүлдіршіндер мен жасөспірімдер тәрбиесіне теледидар, қоғамдағы әр түрлі толқулар, мәдени өзгерістер өз әсерін тигізбей қалмайтыны анық. Халық мақалы «Заманына қарай адамы» деп жатады. Дегенмен, ұлттық педагогиканың өзекті мәселелерін шешудің ең дұрыс жолы – ауыз әдебиетін салт-дәстүрлермен арқауластырып, халық ана тілін ұлттық ойдың көрінісі ретінде айқындап көрсете білуде деп білеміз. Бұның айқын дәлелдері де жеткілікті. Мәселен, санамақ өлеңдерінің өзінің тәлімдік те, тәрбиелік те қызметі зор. «Бір дегенім бесік, Шықтым содан өсіп, Екі дегенім – есік», – деп басталатын өлеңдерде алдымен балаға заттың не екенін, қандай екенін ұғындырып, санын үйретеді. Осылай әдет қалыптастырып, тілін ширату мақсатында түрліше жаңылтпаштар айтылады, бала жадын өлеңдер жаттатқызу арқылы бекіте түседі. Баланы бес жасына дейін балаша тәрбиелеп, бес жастан кейін оған еңбек дағдыларын қалыптастыруға, сол арқылы дарын-бейіміне сәйкес болашақ тұлға ретінде тәрбиелеуді басты назарда ұстайды. Әсіресе, батырлық қисса-дастандарды оқытып, ер баланың Алпамыс, Қобыланды, Тарғын секілді батырларға еліктеп, ал қыз баланың Гүлбаршын, Кұртқа, т.б. нәзіктігімен ақылдылығы қатар өрілген ибалы қыз болып тәрбиеленуіне жағдай жасалған.

Олай болса, бүгінгі тәрбиенің тал бесігі – осы халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың ғасырлар бойғы тәлімдік қағидаларынан бастау алуы тиіс. Тарихқа көз жүгіртіп өтсек, ұлтарактай жер үшін болған қанды қырғындарда басын бәйгеге тіккен халқымыз жаугершілік заманмен қатар рухани дамудың жоғары биігінде

болды. Бұның дәлелі ретінде арыға бармай-ақ, кешегі би-жыраулар поэзиясын айтуға болады. Көреген, дана, елінің қамын күн ілгеріден болжап отыратын олар болашақ ұрпаққа өздері өмір кешкен заманның тарихи шежіресін ғана шертіп қоймай, тәрбиелік қуаты мол терең ойлар қалдырып кетті. Ал, XVIII ғасырдан XX ғасырға дейін Ресейдің бодандығында болған кезең қазақ халқының ұлттық тәрбиесіне, ұлттық білім беру ісіне кесір-кедергілерін тигізгенмен, халық педагогикасы (ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлер) дамып, қалыптаса берді. Осы себепті де, тәуелсіздік алғаннан кейін этнопедагогиканың жеке ғылым ретінде зерделеніп, бала тәрбиесінің күрделі мәселелерін шешудегі дербес үлесі ескерілді.

Қандай да дарынға немесе жеке тұлғалық ерекшелікке ие баланы оқыту оны тәрбиелеумен қатар жүргізіледі. Ал, біздің айттып отырғанымыздай, оқыту мен тәрбиелеу тек ұлттық негізде болғанда ғана зор нәтиже бермек. Демек, жан-жақты білімді бала тәрбиелеу – ғылымның барлық салаларымен өзара байланыста жүргізіледі. Бұдан шығатын қорытынды – қасиетті ғылым ретінде барлық маман иелерін дайындауда, қай жастағы баланы болмасын тәрбиелеуде ұлттық педагогика ерекшеліктері ескеріліп, орта мектепте, жоғары мектепте, ғылыми орындарда зерттеп оқыту керек.

Ұлттық дамуымыздағы әжелер мен аталардың педагогтық қызметін жандандырып, тәрбиелік қуатын арттыруымыз қажет. Ертеде әке-шешесі қайтыс болған баланы ата-әжесі тәрбиелеп, еш жетімдік көрсетпеген. Алайда, бүгінгі «әжелер» – бұрынғының орнын баса алар ма? Бұл жерде де, «баланды – өскенше, немеренді – өлгенше бағасың» деген нақылға сүйенуге тура келеді. Мұндағы тұспалдап отырғаны – балаңнан гөрі немереге деген мейірім-ықыластың ерекше болатыны. Ал, жүректің түкпірінен шынайы берілетін мейірім мен жан жылумен айтылатын әрбір ақыл, өсиет сөз ізгіліктің алтын бұлағы іспеттес. Бүгінгі таңда, қоғамымыздағы небір жантүршігерлік жағдайлардың орын алуы, мейірімділіктің төмендеуі, үлкенге-құрмет, кішіге – ізеттің

азайып бара жатқандығы – аталмыш мәселеге немқұрайды қарауымызға еш жол бермей отыр.

Қорыта келгенде, дүниеге келген адам бойында адам болудың нышаны ғана болады. Сол адам нышанындағы тіршілік иесін әлеуметтік-тарихи тұлға (личность) ретінде қалыптастыратын – әр халықтың тарихи-табиғи болмыс-бітімі, дәстүрдің құдіреті, мәдениеттің сабақтастығы. Адам еш-уақытта өзінен өзі адам болмайды, адам болуды шыр етіп дүниеге келген күннен бастап үйренеді. Ал адамды адам ететін – жұмыр жерді мекен еткен сан толқын ұрпақтардың ақыл-ойы мен тірнектеп жинаған тәжірибесі. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға ауысатын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық практикалық дәстүр сабақтастығы үзілген жерде адам ба-

ласы бәрін де тырбанып қайтадан бастауға мәжбүр болар еді. Әрбір адамның бойында адамзат баласы жүріп келе жатқан жолдағы баға жетпес тарихи тәжірибенің үлгісі бар. Сол тарихи-мәдени тәжірибені танып-білу арқылы адам баласы өзінің парасат-болмысын шыңдайды.

«Қазақ халқының өмір-салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған. Кез келген көшпелі өзі туған жердің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын ешбір отырықшы замандастарынан кем сүймеген. Сондықтан да кіндік қаны тамған жері үшін тайсалмастан жүрек қанын да төге білген. Сондықтан да сол даланы әнмен әлдилеп, күймен тербеген» [4], – деген ғалым Н.Сейітқұловтың сөздерімен өз мақаламызды қорытындылауды жөн көрдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: РБК, 1993. – 16 б.
2. Сарсенбаев Н. Обычай, традиции и общественная жизнь. – Алматы, 1965. – 326 б.
3. Сейтқұлов Н.А. Этнопедагогикалық ортаның тәрбиелік мүмкіндіктерін іске асыру // Тәрбие құралы. – 2010. – № 1. - Б. 9-11.

Резюме

В статье рассматривается казахская народная педагогика и основные вопросы воспитания детей в независимом состоянии страны.

Summary

In the article the Kazakh folk pedagogy and key issues of raising children in an independent state of the country.



Өз қатенді өзің түсініп, өзің түзете біл - саясатшы даналығы дегеніміз де осы!

Нұрсұлтан Назарбаев

ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Даулеткелды Ж. –

эксперт,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында Елбасы ұсынған «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жоба бойынша, тәрбие беру мәселесіне жанаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің ұлттық патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіру жолдарын қарастыруда.

Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі, халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Ендігі кезекте «Қазақстанда интеллектуалды ұлт негізін қалаймыз», – деген ұранмен, Елбасы ұсынған жобаны жүзеге асыру барысына белсенді түрде қатысып, бірлесе отырып алдымызға қойылған барлық мақсаттарға жетуді мақсат еткеніміз жөн.

Біздің көтеріп отырған ұлттың ұлттық тәрбие мәселесінің негізгі бөлігі, өз ұлтының ғасырлар бойы қалыптастырылған ұлттық мінезін студент-жастарға өнеге тұтып, қасиетті ұлттық мінезімізді салауаттылық, ұлттық намыс, ұлттық сана, ұлттық әдеп, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық болмысындығы қағидаларымен жандандыру.

Осы тұрғыда халықаралық деңгейдегі, бәсекеге қабілетті, білімді, ғылымды жетік меңгерген студент тәрбиелеудің теориялық негіздерін ашып, интеллектуалды ұлт тәрбиесінің факторларын қарастырайық.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда тәрбие мәселесінің рөлі ерекше. Ұлт тәрбиесі мәселесіндегі негізгі мақсат – ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыда ғылыми-еңбектерге сүйене отырып, «ұлтжандылық» терминін анықтайтын болсақ, ол – елімізде тұрып жатқан 130-дан астам ұлт өкілдерінің барлығы, қазақ халқына, Қазақстан Рес-

публикасының мемлекеттік рәміздеріне, Конституциялық құқығына бағынып, шын ниетімен қадірлеуі. Қазақстанды ортақ үйіміз деп, қазақтың ұлттық менталитетіне, тілі мен дініне құрметпен қарауы, жетістіктеріне шаттануы – осы мемлекетте тұрып жатқан әрбір ұлт өкілінің азаматтық борышы екенін түсінуі.

Ұлт тәрбиесінде замандар бойы қалыптасып келген, асыл рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлікпен жалғасқан, адамның адамдық қасиетін нығайтып, асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалардан құрылған табиғи сезімді білім беру бағдарында жан-жақты саралап, енгізе білсек, Елбасы ұсынған жобаның тәрбиелік қыры ашылады.

Бүгінде Елбасының «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын жүзеге асыру жолындағы, көңіл бөлген мәселеміз – ата-бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлікпен жалғастырған рухани құндылықтарын ЖОО-ның студенттеріне қазіргі заманға сай, жаңа әдістемелермен, ұлттық интеллектпен байланыстыра отырып оқыту және тәрбиелеу, яғни ЖОО-дағы студенттердің ұлттық интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру.

Ұлтжандылықты қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлтының наным-сенімдерін, саяси көзқарастары мен ұстанған бағыт-бағдарын, өз ұлтының ерекшеліктерін ұлттың әрбір азаматы танып білуі керек.

Ұлтжандылықтың негізгі факторлары:

1. Ақылды, намысқор және көпшіл болу. Өнегелі және арманшыл болып өсу. Айтқан сөзді тыңдау. Адамгершіл, шыншыл және байсалды болу;

2. Өскен ортаның ықпалдарына мән беру. Табиғат заңдылықтарымен, жануарлар мен өсімдіктер дүниесімен танысу;

3. Ақылды, білімді болып өсу. Ақыл-ойды дамыту әрекеттері. Дамыта отырып тәрбиелеу үрдістері;

4. Қонақжайлылық. Сыпайылық. Мейірбандылық. Әдет-ғұрыптарды қастерлеу. Үлкен адамдарды сыйлау. Бата-тілектерді дәріптеу;

5. Парасатты, қанағатшыл, елжанды және отансүйгіш болып өсу. Қайратты, әділетшіл һәм адалдық қасиеттері бойына сіңірген тұлға болу;

6. Тыйым сөздер мен ырым-сырымдарды сақтау және қастерлеу;

7. Тәлім-тәрбиенің біртұтас этнокомплектті түрде жүргізілуі;

8. Денсаулықты шыңдау және тазалықты (гигиенаны) сақтау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

9. Үлкенді өнеге тұту. Кішіге ізет көрсету. Ұлттық қазыналарды қастерлеу. Өсиеттер мен аманаттарға назар аудару.

Жоғарыда көрсетілген, қазақ халқының дәстүрлері, мәдениеті мен рухани құндылықтарын бойымызға сіңіру арқылы пайда болатын ұлтжандылық – Отанымыздың әлеуметтік дүниесіне, ғылымына, тарихына қосатын үлесі шексіз.

Осы ұлтжандылық жайында, халқымыздың ардақты ұлы Бауыржан Момышұлы: «Патриотизм түсінігін мемлекеттің азаматы ретіндегі жеке адамның мүддесінен тыс жалпылама, жадағай түсіндіруге болмайды. Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі – ұлттық рух немесе ұлтжандылық өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуға тиіс. Ұлтжандылық өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне басқалардан өзгеше әрі ерекше тарихи ұлттық дәстүрлерге тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы

білу және олармен міндетті түрде санасу қажет» – деп өз ойын ортаға салған.

Ал тәрбиенің маңыздылығын өткен кезеңнің прогрессивті педагогтары мойындаған. Мысалы, ұлы славян педагогы Ян Амос Коменский «Табиғат адамға дүниеге келген сәтінде білім игеруге мүмкіндік береді, бірақ бұл тек тәрбие мен білім арқасында ғана дами алады деп оқытқан». Педагогиканың ұлы классигі К.Д.Ушинский жеке тұлғаның қалыптасуындағы тәрбиешінің ерекше орны туралы былай деген: «Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – елін сүйген адал ұрпақ тәрбиелеу» – арқылы анықтамалар берілген.

Расында да, «Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – елін сүйген адал ұрпақ тәрбиелеу» – деген, Ушинскийдің ойы өте орынды, тәрбиеші мен тәрбиенің, ЖОО-да *интеллектуалды* студент қалыптастырудағы орны өте ерекше және маңызды.

Студенттер – біздің болашағымыз. Сол студенттерімізді Отанын, ұлтын сүйетін ұлтжанды, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеп, нәтижесінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру қамын бәріміз ойлаймыз. Бірақ оған барар сара жолда, іске асатын нақты бір жүйемен, бұлжымас ережелер мен қағидаларды ұстануымыз керек.

Біріншіден әр мамандықты теориялық білім деңгейінде меңгертіп қана қоймай, оның тәрбиелік, ұлттық негіздерінен хабар бере отырып, еңбек сүйгіштік, елжандылық, ар-намыс, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыруды көздеу керек. Сонда ғана, ұлттық, саяси, құқықтық, ізгілік, патриоттық, адамгершілік, экологиялық, экономикалық тәрбие түрлерімен ұштастыра жүргізу арқылы жемісті нәтижелерге жетеміз. Осы арқылы, қазақстандық ұлтжандылық, азаматтық, ізгілік пен жалпы азаматтық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиелеушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру мақсатында, білім беру ұйымындағы ұлттық мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, тәрбиелеудің тиімді жүйесін әзірлеу мен енгізуді міндет етеміз.

Түйіндей айтсақ, жалпы дамудың бағыты тіпті де әрбір сабақ сәтінде сүзгіден өткізе бағдарлауды аңғартады, ал бұл әр қилы нақтылы өзіндік көріністермен айқындала жүзеге аспақ.

Ұлттық тіл мен әдебиеті бойынша: (Қазақ ұлттық әдеби тілі және оның уақыт пен кеңістіктегі даму жолдары, ұлттық, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды жинақтау, сақтау, жаңғырту)

География және табиғатты пайдалану, қорғау дәстүрлері бойынша: (Аңшылық және саятшылық салты. Экологиялық тақырыптарға арналған тыйым сөздер.)

Биология және биотехнология факультеті бойынша: (Мал өрісі және оны түрлері, жануарлар дүниесін және өсімдік-топырақ жамылғысын қорғау.)

1. Музыкалық аспаптарда ойнау бойынша: (Халық әндері мен билерінің тарихы. Зергерлік бұйымдар мен әшекейлер жасау. Айтыс дәстүрі. Ою-өрнектердің тарихы. Сурет салу. Таңбалы тастар. Ұлттық қолөнер туындылары. Тән мен жан сұлулығы, халықтың музыкалық мұралары һәм фольклорлық аспаптарын қастерлейтін ұрпақты дайындау.)

2. Экономикалық тәрбие бойынша: (тәуелсіз қазақстан мемлекетінің экономикалық дамуына жеке үлесін қосуды мақсат ететін тұлғаларды дайындау.)

3. Әскери-жауынгерлік өнерін дамыту: (Адамзат перзентінің асыл құндылықтары негізінде ұрпақ санасында ізгілік қасиеттерін қалыптастыру, туған жерін, ата-жұрты һәм Отанын қорғайтын жалынды жас ұрпақты тәрбиелеу Ат құлағында ойнау. Төзімділік, қаһармандық һәм батырлық дәстүрлері. Соғыс өнері. Әскери-көшпенділік тұрмыс салты. Дене болмысы.)

Философия және саясаттану, тарих, археология және этнология пәндері бойынша:

Ақыл-ой тәрбиесі: (танымдық жетілуінің онтогенездік сипаты, терең ойлау һәм тұспалдау, ұлттық дүниетаным негіздері).

Ата тағылымы: (ата-баба салты, әке дәстүрі, әулет ғұмырнамасындағы

этногенеологиялық ерекшеліктер, ағайындық қарым-қатынас).

Ана һәм ене тәрбиесі: (халық тұрмысындағы қыз балалар тәрбиесі, ана шуағы, ене мейірі, ана-сіңілілік қарым-қатынас).

Әулет тәрбиесі: (отбасы һәм қоғам дәстүрлерін ұрпақ санасына сіңіру).

Имандылық, мұсылмандық тәрбие: (әлемдік діни конфессиялардың гуманистік құндылықтары негізінде ұрпақ санасына діни-теологиялық қасиеттерді дарыту, Қасиетті Құран кітабы һәм мұсылмандық діни-мәдени құндылықтар арқылы нағыз адамды тәрбиелеу).

Еңбек тәрбиесі: (жас ұрпақты халық һәм ауылшаруалығының қыр-сырларын білуге баулу).

Эстетикалық тәрбие: (этномәдени мұралар һәм халық өнерінің қыр-сырларын ұғынуға баулу).

Құқықтық тәрбие: (қазақ халқының үкім-кесім һәм тыйым дәстүрлері мен ҚР Заңдары негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу).

Саяси-идеологиялық тәрбие: (Қазақстан мемлекетінің ұлттық рәміздерін, Заңдарын, ҚР Президентін құрметтеу).

4. Салауатты өмір салты, ұлттық спорт тәрбиесі бойынша:

(ұлттық ойындарды қастерлейтін, салауаттылық өмір салтын сақтайтын, денсаулығын шыңдайтын ұрпақтарды дайындау).

Екінші мәселе, жоғарыда көрсетілген мамандықтар бойынша, елімізге белгілі әр саланың мамандарын, көрнекті-педагог ғалымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін, эстрада жұлдыздары, спорт шеберлері, әлемге қазақ елін танытып жүрген ұлт мақтаныштары мен жанашырлары және визажист, киім үлгісінің дизайнері, хореограф, стилист, сөз өнер шебері сияқты мамандар арнайы шақырумен келген мастер-класс сабақтарын ұлттық интеллектпен байланыстырып өткізу мүмкіндігін жасап, оқу үрдісіне қосу керек.

Бүгінгі күнде мастер-класс сабақтары тиімді және терең білім алудың көзі болып табылады. Жеке дағдыланған озық тәжірибе

нәтижесін 3D – пердеде әлемімен көру мүмкіндігі арқылы және интерактивтік құралдармен жабдықталған аудиторияда қатысушылардың, қысқаша теориялық бағытпен жүргізетін білім жетілдіретін тиімді әдіс. 3D тиімді ғана емес, пайдалы бола алады. Ең алдымен, 3D, яғни үш өлшемді сурет – өз көзіңмен көргендей, көру мүмкіндігі.

Мысалы: Өз ұлтының ерекшеліктерін, оның құрылымын, негізін, наным-сенімдерін, саяси көзқарастары мен ұстанған бағыт-бағдарын түсініп-білу үшін, жан-жағынан ізденіп оқып, есте қалу үшін семинарлар жүргіземіз. Ал, мастер класс сабағының семинардан айырмашылығы, жаңа технологияның ерекше даму мүмкіндігімен, әдістерді іс жүзінде көрсетуі, яғни виртуалдың жандануы, нақтылануы. Мастер-класс сабағы – бұл жаңа технология арқылы әлеммен танысып, өнер-білімге, тәлім-тәрбиеге, ғылымға деген жаңа ой туындындауына, жаңа эмоциялар алуға мүмкіндік береді. Әр саланың жетекші мамандары теориялық білім деңгейінде меңгертіп қана қоймай, оның тәрбиелік, ұлттық негіздерінен хабар бере отырып, еңбек сүйгіштік, елжандылық, ар-намыс, адамгершілік, ізгілік қасиеттерін қалыптастыруын көздеп дайындаған видеороликтерін, тәжірибелік әдістерін нақты дәлелмен жүргізсе, студенттердің ынтасы көтеріліп, зерттелетін мәселені жүрегімен сезінуге мүмкіндік береді.

Мүмкіндікті қалай жасаймыз дегенде, басты мәселе, ЖОО-да шеберлік сыныптарын ашып, оны жаңа технологиялармен, интерактивтік құралдармен және әр сала бойынша керекті материалдармен жабдықтау керек.

Келесісі жетекші маман таңдауда, ол өз мамандығын жетік меңгерген, ұлттық тілде сөйлеген сөзі де, іс-қимылы да, жүріс-тұрысы

да, қарым-қатынасы да ұлттық әдепті бойына сіңірген, кішіні ізеттілікпен құрметтеп, үлгі алады арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелей алатын, басқаларға үйретуден жалықпай, басқаларға барынша жақсылық жасауға тырысатын білікті адам болу керек.

Мастер-класс сабағында жетекші мамандар студенттерді сөйлеу әдебіне, киім кию әдебіне, дастархан басындағы әдепке, қоғамдық орындардағы мінез-құлық әдебіне, адамның қимыл-қозғалыс әдебіне, кәсіби қарым-қатынас әдебіне, сәнді билеу әдебін үйреулері керек.

Мастер класс сабағында, жетекші маман жаңа әдістемелер және авторлық жұмыс нәтижелерін, ұлттық интеллектпен байланыстыра отырып өткізуін қадағалау.

Қорытындылай келе, Жоғары оқу орындарында студенттерге заманға сай жағдай жасалып, интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолында жоғарыда көрсетілген мәселелерге көңіл көліп саралағанымыз дұрыс. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолында, осы мәселелерді оқу үрдісіне қосудың маңызы ерекше және кепілдігі бар. Өйткені, Егеменді ел болған соң, сол елдің елдік белгісі, ұлттық патриотизм тәрбиесі айқын көрінетін дәрістер жүргізілуі заңдылық болуы керек.

Қазақ халқы ұлттық әдепті бойына сіңіріп, өскен ұрпақты ұлағаттаған, әдептілік мінезін қалыптастырған. Әдепті халық – ұлттық әдепті қастерлей біледі, адамгершілікті ардақтайды Сондықтан, біз осы бір қасиетті ұғымға біржақты білімділік талап-тілегінен келмеуіміз керек екен. Сондықтан да, интеллигенттік дегенді білімнен емес, әдептілік пен жақсы адамдық қасиеттерден іздеген жөн. Оның бірден-бір көрсеткіші өзіңнің мемлекетіңді, қоғамыңды, ұлтыңды сүю. Қазір қазаққа сын көп, сүрінбей өту міндет. Міндет – мінсіз болғанда ғана орындалады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – А.: 1999, ҚЭ, 2 том, 135 б.
2. Педагогика және психология //Қазақ тілі терминдерінің салааралық ғылыми түсіндірме сөздігі. – А.: Мектеп, 2002, 152 б.

3. Ұлттық тәлім-тәрбие мазмұны Абай мен Мұхтар Әуезовтың педагогикалық идеяларында//Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Семей, 2006, 126 б.
4. Малдыбаев Ә. Мұны әркім де білуі тиіс. – А., 1987, 45 б.

Резюме

В статье рассматриваются о формировании интеллектуального потенциала студентов основанные на идеях автора, как формировать национальный характер, такт, дух, национальные традиции, честь и качества будущего Казахстана.

Summary

In the article on the development of intellectual potential of students based on the ideas of the author, as to form a national character, rhythm, spirit, tradition, national honor and the quality of the future of Kazakhstan.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ПРОЗАЛАРЫНДА БЕРІЛГЕН ДӘУІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Сейтова Жанат

Көркем шығармаларындағы ұлттық өмірдің шындығын арқау ете суреттеген талант иесі көркем шығармашылық жолда қырық бес жылдай еңбек еткен аралықта артына мол өшпес мұра қалдырды. Қазақтың ұлттық драматургиясын жасау, ұлттық эпопеясын жазу, ең бастысы әлем әдебиетін қазақ халқының рухани дүниесімен жалғастыру тек Әуезов маңдайына біткен бақыт.

Адам баласына ой саларлық, көркем ғибрат беретін әдеби мектепте кейіпкерлерінің ойы мен сезімін терең меңгеріп, солардың жүрегіне жол таба білуімен, көркемдік ойлау ерекшелігі, ұлт психологиясын жанымен түйсіне отырып дарытқан, нағыз көкейкесті мәселені тап басуы, тіл шеберлігі, мезгелен мақсатына жетуімен дара қолтаңбасын өзіндік оймен бағалау мен байыптау, саралау қашанда ұрпақтың күн тәртібінен түспек емес. Әрине, ұлттық әдебиеттегі үдеріс төркінін, ондағы шығармашыл күштердің ара қатынасын тереңнен ұғынбай, әдеби туындыға баға беру күрделі екенін естен шығармаймыз. Дегенмен, жазушының рухани болмысы, өмірді тереңнен байыптауы, адам жан-дүниесін, қоғамды, халықтың

ұлттық сипаттарын жан-жақты қамтуы оқ-ырманын өзіне тылсым күшпен тартқандай әсер етуімен күдіретті. Сонымен қатар, М.Әуезов суреткер ретінде әлі де біз үшін жұмбақ, өйткені қаламгер шығармашылық тұлға ретінде қаншалықты дара болса, оған баға беру де соншалықты қиын.

Жалпы, М.Әуезов шығармаларына қазақ халқының сан ғасырлар бойы жасаған бай ауыз әдебиетімен, жазба әдебиеттегі қазыналар нәр беріп, көркемдігін арттырып қана қоймай, қазақ өнерінің ұлттық және әлемдік аренада сипатын танытуға зор үлес қосты. Әлемге шығармалары арқылы қазақ халқының өзіндік мені бар екенін де дәлелдеп берді.

Қазақ жазба әдебиетінің алғаш игерген прозалық жанрларының бірі – әңгіме жанры өзінің уақыт күйіне үндесе білетін ықшамдығымен, әрі ойының ұшқырлығымен қашанда оқ бойы озық тұрады. Тұңғыш қалам тербеген Абай мен Ыбырайдан соң кең көлемде ізін жалғастырушылардың бірі – М.Әуезов қаламынан да көрініс тауып, өз заманының кескін-келбетін суреттеуге төселіп, үлкен прозаға бет алуына септігін тигізді.

Әңгіме – қаламгердің жазушылық жолындағы шынайы талабын шындайтын шеберлік мектеп саналады. Осы орайда, М.Әуезов жазушылықтың нағыз шеберлігін әңгіме әлемінен бастағаны да ақиқат. Сондықтан да, біз ең алдымен қаламгер әңгімелерінің замана шындығына, идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкер келбетін даралау сипатына, тәлімдік қырларына үңілеміз. Жазушының шеберлігі сол, өмір шындығын жіті көре, аңдай білуінде, түсінуі, сан алуан адамдардың мінез, қимыл, іс-әрекетін, бітімін, психологиялық ерекшеліктерін тани-білгендігінде және мұның барлығын шағын ғана жанрда ерекше көркемдікпен сыйдыра білгендігінде.

Қаламгердің өзі үшін де, жалпы оқырман үшін де оның прозаиктік талантының алғашқы көрінісі саналатын «Қорғансыздың күні» әңгімесі мен «Еңлік-Кебек» драмасының мәні зор. Өмір бойы талантының осы екі қырын ұстап өтті.

М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» (1921) әңгімесінің атауынан-ақ қорғансыз адамдар тағдырын суреттеп, трагедиямен аяқталатынын іштей қолға ала бастағаннан сеземіз. Қаламгер тақырыбымен-ақ оқырманына әңгімесін қалай аяқталатынын хабардар етіп, тұспалмен оқиға барысынан білдіреді. Бұл жайында, қорғансыздарға төнген қауіпті әдебиет зерттеушісі Ы.Дүйсенбаев: «...Шағын кіріспенің өзінен-ақ қорқынышты оқиғаның төнгенін сезініп, дегбірсізденгендей боласыз. Күннің райы да, табиғат ерекшелігі де көңілдегі күдікті күшейте түседі» [1. 4-5.], – дейді.

«Қорғансыздың күнінде» жазушы Ақан сияқты қатігез, безбүйрек, айуанмен парпар болыстың және оның алаяқ ат қосшысы Қалтай арамзаның қанды шеңгелінен қаза тапқан уыздай жас Ғазизаның, оның отбасын аянышты халмен баяндап, асыраушысынан айырылған қаралы үйдегі жандардың қорлық пен күндікте өткен өмірін, шеккен жәбірін шыншылдықпен суреттейді. Бұл тек бір ғана Ғазиза басындағы жай емес, сол кезде қоғамда мұндай әрекеттер молынан кездесетін. Сұм, жауыздардың кінәсіз, өзі жарым жан болып отырған жандарға

қылған жан түршігерлік айуандығы оқырманға ыза, жиренішпен әшкереленсе, ал Ғазиза мен оның қайсар әжесін автор сүйініш, әрі аяныш сезіммен бере отырып, творчестволық тәсілдің екі жақты қырын береді. Олардың жасаған қатігездігіне қарсы тұрарлық күші бұлшық еттерінде емес, рухани тазалығында, ар-инабаттылығында десек әбден болады. Олай айтуымызға себеп, қорланған қыз басын ажалға байлайды. Халқымыздың «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ежелгі мінезі бойына сіңген ажар байқалады. «Қорғансыздың күні» әңгімесінде зор тәрбиелік мағына жатыр. Шығармада суреттелетін тұрмыс-тіршіліктен, мінез-ғұрыптан аса айқын ұлттық бояу байқалады. Оны Күшікбай батыр жайлы аңызды әңгімелеу барысында көрінеді. Қаламгердің өзі де екі түрлі қасиетін анық аңғартады: өмірді шыншылдықпен бейнелейді; органы ұлттық ерекшелікпен танытады.

Ғазизаның отбасы кешкен күйді жазушы оқырманына ескі ауыл көрінісін, табиғатты шебер, әсерлі тілмен байланыстыра бере отырып, кейіпкерінің пасық, озбыр әрекеттерінен жиіркеніңдер дегендей де алдарына тартады. Әңгіме Арқалық тауының етегінде, қақаған қыста өтеді. Адамдардың бақытына, еркіне тұсау болған ескі әдет-ғұрыптар осылай әшкереленеді. Шығарманы реалистікпен шыншыл тұрғыда батыл суреттеген қаламгер еңбегі – нағыз талант екенін бағалаған мына бір пікір айқын дәлел бола алады:

«М.Әуезовтің сомдаған әйел кейіпкерлер жүйесінен олардың өзіндік ерекшеліктері танылады. Жазушының «Қорғансыздың күні» шығармасында суреттелетін үш әйел – тағдыр тәлкегінің, ескілікті заманның құрбандары. Өзінің бейнелік айқындығымен, трагедиялық сипатының тереңдігімен Ғазиза Шекспирдің әйелдер бейнесімен, Островскийдің Катеринасымен қатар тұра алады» [2. 313.].

Әңгімеде үйдегі қорғансыз, қауқары жоқ жандардың өмірден еш шарасы, үміті жоқ екендігін өлімге, қазаға байланысты айтылатын – «кебін» сынды астарлы сөздер

арқылы білдіреді. Жазушы ойын ишарамен, меңзеумен жеткізеді. Философиялық ұғымда мән бере қарасақ, қорғансыз аруақ, қорғансыз жандар, қорғансыз мекен образдары тұтасып, қорғансыз қалайын деп тұрған қазақ даласына деген автордың көзқарасы аңғарылады. Астарлы ой – бейіт, мола көрінісі. Жазушының оған көңіл бөлгені қазақ салтындағы аруақты сыйлау, пір тұту, жалбарыну сынды ұғыммен астасып жатуында болса керек. Қорғансыз жандардың ауыр тұрмысын, Ғазизаның өлімін, кедейлердің ауыр тұрмыс-жағдайын қыстың қаһарлы аязы мен боранды күндерін қат-қабат табиғатпен байланыстыра отырып, шығармаға жан кіргізген. Тегінде, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, оны нәзік лиризм, табиғат құбылыстарын адам сезімдерімен сәйкес суреттеу М.Әуезов қаламына тән ерекшелік болса керек.

Осы тәріздес қорғансыз жандардың қилы тағдыры жазушының бірқатар әңгімелерінде де көрініс тапты. «Қыр суреттерінде» әмеңгер шалдан қашып боранға ұшыраған Рабиға, «Жетім» әңгімесіндегі әке-шешесінен айырылғаннан соң байшыкеш туысы Иса мен әйелі Қадияның қолында қалып, жетімтіктің қасіретін тартқан Қасымның қашып, жолда қатып өлген ащы тағдыры – барлығы да ескілікке мойынсұнбаған қорғансыз жандар.

Қаламгер қаламынан туған осы тәріздес қорғансыз жандар өмірі баяндалған әңгімелерінен үлкен мәселені көруге болады. «Бұл жазып отырған жандар ғана ма қорғансыз? Жалпы қазақ қауымына кім қорған, кім пана?» деген сияқты сұрақтар мүмкін туындауы да ғажап емес. Бүгінгі жастар осындай шығармаларды оқи отырып, өз отандастарының кешегі халін білмесе, бүгінгіні бағалай да алмаған бола еді. Осындай үлкен мәселені кішкене ғана парак беттеріне сондай нәзік тілмен шебер бергендігіне қайран қаласың.

Сонымен қатар, қаламгердің әрбір әңгімесіндегі ұлттық, этнографиялық, фольклорлық ұғымдарды ескерсек, асқақ рухта беру тәсілі жеке дәстүр ретінде қалыптасты. Мысалы, «Қорғансыздың

күні» әңгімесіндегі найзаға сүйеніп тұрып жан тапсырған батырлық рухтың символы Күшікбай батыр бейнесін дәріптейтін аңыз бен «Жетімдегі» өгейлік тепкісіне көне алмай, қараңғы түнде әке-шеше зиратын іздеп шығып, өлімді қорлықпен зорлыққа қарсы құрал ретінде мойындаған он жасар Қасым рухы – осының дәлелі. Жазушының «Бүркітші» атты әңгімесінде Бекбол аңшының қасиеттері мен қыран құстың қимыл-қозғалысы, ұшу бағыты мен тілек-қалауын тәптіштей суреттеледі. Бұл ежелгі аңшылық, саяткерлік өнердің қыр-сырын жетік білетіндігін аңғартады. Бұл турасында ғалым Б.Майтанов: «Әуезовтей қаламгер «аңшы мен бүркітті бірінен бірін айырып, ажырағысыздай бір тұтастыққа айналдырып жіберді. Мөлдіреп тұнып тұрған табиғат құшағындағы ақынның іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, мінез қылығы ұлттық өзгешелікке әңгіме көлеміне лайық береді» [3. 132.], – деп тұжырымдайды.

Жазушы халықтың бай әдебиетін де шығармаларына кірістіріп отырған. Бұл бір жағынан оқырманына халықтық фольклордан хабардар берумен қатар, танымын кеңейтуге де өзіндік үлесін қосады. Қара сөз үлгісіндегі фольклорды «ертегі, аңыз, күй аңызы» деп ғылыми тұрғыдан жіктеп қана қоймай, оны көркем туындыларында ұтымды пайдалана білген. Бұл өз кезегінде шығарманың көркемдік құнын арттыруда мол үлес қосқан.

Мәселен, «Қыр әңгімелері», «Сыбанның моласында» атты шығармаларында дәстүрлі әңгімешінің тұлғасын тірілтіп, ауызекі әңгіме заңдылықтарын прозада пайдаланудың тың ізденісін көрсетеді. Мұндай хикаялық сарынды өзінің жазған әңгіме, повесть, роман т.б. жанрларына икемдеп, пайдаланып отырған. Ұлттық көркем әдебиеттің атасы М.Әуезовтың кез келген шығармасында қазақтың әдет-ғұрыптары, салт-санасы, кәсібі, ойын түрлері т.б. аса кең пайдаланыла отырып, көркем тілмен аса ұғынықты етіп оқырманына жеткізілген. Халықтың сан ғасырлар келе жатқан бай тілінің бейнелі, алыстан орағытар шешендігі мен әсерлі сөз келісімдерін сақтай білгендігі

де аңғарылады. Өйткені, жазушы ұлттық характер, ұлттық болмыстың тек бір күннің жемісі емес, сан ғасырлық тарихтың ізі екендігін жете зерделеген.

М.Әуезовтың «Кім кінәлі?» (1923) әңгімесінен сол кездегі қазақ әйелінің жабырқау жүзін, бас бостандықты аңсауын және олардың санасының жаңғырып келе жатқандығын көреміз. Бұл әңгімесінде бас кейіпкері Ғазизаның атастырған күйеуіне шыққысы келмей, сүйген ғашығы Ісләмға қосылғысы келетіні суреттеледі. Оған әкесі Ысмайыл ақсақал ата-баба дәстүрін бұзғаны үшін қызы мен әйелі Қалиманға ашулы. Ескіліктен арылып болмаған көшпенді ел санасы қыздың тағдырын өз қолдарына алуымен ерекшеленеді. Шығармадан қазақ халқына тән тәлімдік асыл қасиеттерді де байқауға болады. Қазақ халқында қыз баланы айрықша көрген. Бала тәрбиесінде ана ролі басты орын алады. Басқа шығыс халықтарындай емес, қызды ер баламен тең ұстаған, бетін бүркелемеген, ешқашан бетінен қақпаған. Сол себепті, ерлермен тең дәрежеде сөйлесетін болған. Мұндай сипатты әңгіме барысынан да байқауға болады:

«— Өсіргенің, асырағаның адыра қалсын! Балаға жақсылық үйрететін ақыл бар ма сенде? Сенің ақылың емес пе осыған жеткізіп отырған! Сенен басқа өзің теңдес кісіде кімнің қызы бүйтіп бұзылып, ел-жұртқа жаманаты шығып еді? Осы елден сенен ақымақ шеше, сенің қызыңнан антұрған қыз көрдің бе? Айтып бер деймін соны, құдай ұрғыр! — деп қатты зекіді. Қалиман ашуынан басылған жоқ.

— Бишар-ау, өз балаңды өзің қорлап не болды. Дұшпан айтпайтын сөзді өзің айттың ғой. Менің Ғазизамдай кімнің қызы бар екен осы атырапта? Патшаның, ханның қызы қандай болса, менің балам да сондай. Кінәсі — қатыны өлген кәрі күйеуге бармаймын дейтіні ме? Ол үшін балам жазықты емес. Тіпті, қас-қабағыңа қарап үйдемеймін десем де қоймадың ғой, өл де маған!» [4, 157.].

М.Әуезов кең даланың осындай тағы мінезіне наразы. Мұндай тұрмыстың арты жақсылыққа апармайтынын да білдіреді.

М.Әуезов 1920-30 жылдардағы қоғам болмысын, шындығын «Сөніп-жану» (1923), «Оқыған азамат» (1923), «Кінәшіл бойжеткен» (1925) сынды «оқығандар образдары» арқылы да ашып береді. Қазақ әдебиетінде осы тұста жарық көрген бірқатар шығармаларға оқыған, жана адамдардың бейнесі әр қырынан көрінеді. М.Әуезовтың және басқа да жазушылардың 1920-30 жылдардағы көркем туындылар арқылы берген «оқыған азаматтардың» типтері әр алуан. Онда жазушы қалаға келіп, «мәдениетке үйрене» бастаған қазақ жастарының тұрмысындағы өзгерістерді баяндайды. Сонымен қатар, жастар тәрбиесі, ар-инабаттылық сынды мәселелерді алға қояды. Сондай оқыған азаматтың біреуі — «Сөніп-жану» әңгімесіндегі Сыздық. Оның ауылдағы әйелін ұмыттырып, сымбатты орыс әйеліне еліккен көрсеқызар, тұрақсыз сынды ішіндегі мінез-құлықтарын бере отырып, қоғамдық, әлеуметтік ортадағы тоғышарлық, пендешілік сипаттарын танытады. Мұнда қаламгер айтпақ ойын жарқыратып, ашып тастамайды, символикалық сипатпен береді, яғни айтпағын көлегейлеп, астарлап, символмен, меңзеумен, шағын деталь арқылы, астарлы метафора көмегімен, тұспалдап, ишарамен, емеурінмен ұсынады.

Ал, «Оқыған жігіт» әңгімесінде жазушы кейіпкерлерінің мінезін шынайы түрде ашып береді. Бұл әңгімесінде Мақсұт деген оқыған жігіттің айықпас дертке ұшырап, досы Мейірханды шақыруымен басталады. Демі таусылып, Мақсұт қайтыс болған соң Мейірхан көп келмейтін болады. Жиі келетін жолдары — Жұмағұл мен Ақай ғана. Жұмағұлдың мақсаты, түпкі ниеті жас әйелді өзіне қарату, артындағы мұраға ие болу. Оған бұл көп қиындық келтірмейді. Сөйтіп, көп кешікпей Жұмағұл мен Қадияша үйленіп, жолдастарын қонаққа шақырады. Кәрі шеше жалғыз қалады. Баласы Жұмағұл байдың қызына үйленді дегенді естіген әкесі мен шешесі мәз болысады. «Ол немені біз оқытқанда, «ылғи бізден шығын шығара бер, кемпір-шалдың қолындағы азын-аулағын тауыса бер» деп оқытып па едік?!» [4.

361.], — дейді. Жұмағұл мен Қадияша ауылға келеді. Басында «сіз-біз» деп сыйласқан сыпайы «оқығандар» мен туыстарының нағыз келбеті ашыла бастайды. Бала мен әке, келін мен ене бір-біріне жақындаса түседі. Оны жақындастырған — дүниеқоңыздық, сарандық. Жалғыз қалған кәрі шешені зар еңіретіп, о дүниеге өз қолдарымен жібергендей болады. Олардың мұраты орнына келеді. Жазушы осы әңгімесінің тақырын тырнақшаның ішіне алған. Мұндағы айтпақ ойы, білім алып, адамгершілік сападан жұрдай, ар-инабатын болмаса елге тигізер пайдаң да шамалы дегенді айтқысы келеді. «Оқығандар» бойындағы қатігездік де көрінеді.

Мұхтар Әуезов «Оқыған азамат» деп әңгімесінің атын тырнақшаның ішіне алған. Жазушы әңгімесінде білім негізінде адамгершілік, ар-инабаттылық болмаса, елге пайдасы шамалы дегісі келеді.

Жазушы қалаға келіп «мәдениетке үйрене» бастаған қазақ жастарының тұрмысына енген өзгерістерді, сонымен қатар жастар тәрбиесі, құлықтылық, ар-инабаттылық проблемаларды алға тартады.

Жазушының бұл уақытта жазылған шығармаларынан «Көксерек» (1929) хикаясын ерекше атаған жөн. Бұл ұзақ әңгіменің тақырыбы басқа әңгімелерінен оқшау көрінеді.

М.Әуезов қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды, қоғамдағы қайшылықтарды сұсты, реалистік, трагедиялық шығармалар арқылы шынайы бейнеледі. Осы кездегі М.Әуезовтың реалистік қолтаңбасы айқын аңғарылған, шығармаларының ішінен шоқтығы биік екі шығармасы — «Қараш-қараш оқиғасы» (1927) мен «Көксеректі» (1929) атауға болады. Әрине, екеуі біріне-бірі мүлде ұқсамайды. Өйткенен де, өмірді жан-жақты қамтып, терең сипаттағаны өзгелерден айқын аңғарылады. «...Біздің әдебиетімізде философиялық символика М.Әуезов шығармаларынан басталады. «Көксерек» — осы арнаның басы» [5. 120.], — деп, сыншы С.Әшімбаев пікіріне сүйенсек, ұлы жазушының бұл шығармасы ойды символикамен жеткізу әдісін батыл игерудің

жемісі іспеттес. Автор ойын жарыққа шығарудың тәсілі ретінде символиканы қолдануы әбден заңды.

Көп ізденісінің нәтижелі жемісі, әлем әдебиетіндегі классикалық шығармалармен салыстыруға тең тұрарлық, тұтас философиялық шығарма — «Көксерек» әңгімесінен де зор шеберлікті көреміз. Бұл повесть жайында әр кезеңде жазылған зерттеулер біршама бар. Шығарманың көркемдік қуатын, тілдік ерекшелігін, құрылымдық даралығын саралаған зерттеушілердің қатарында М.Қаратаев, Ы.Дүйсенбаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, М.Мырзахметовтерді айтуға болады. «Көксеректегі» образ бен символға байланысты жана, құнды пікірлер айтқан академик Р.Нұрғали болды. Шығарма көлемі жағынан шағын болса да, қаламгер көп мағына сыйдыра білген. Бірер деталь арқылы көп сыр аңғартады.

Кезінде теріс, жат сарындар басым деген эстетикалық қате тұжырыммен дау туғызған болатын. М.Әуезовтың осы әңгімесінен дүниежүзі классика үздіктері Эрнест Сетон-Томпсонның «Лобо», «Қуғындылар», «Аюдың өмірі», «Виннипег қасқыры» әңгімелерімен, Джек Лондонның «Ақазу» романымен таныс болғандығын ешкім де шек келтірмейді. Сонымен қатар, ұлттық әдебиетті биікке көтерген бұл туынды арқылы жазушы әлем әдебиетінің осы бағыттағы Джек Лондон, Эрнест Хемингуэй, Эдгар По, Марсель Пруст шығармаларымен көркемдік шеберлігі жағынан шығармашылық бәсекеге түсе алатыны даусыз. Қасқырдың «психологиясын» ағылшын жазушысы Джек Лондон дәрежесінде бейнелеп, баяндауы қандай қаламгерлік өнер десеңізші! Шығарманы оқи отырып, әсіресе, Канадалық жазушы Э.Сетон-Томпсонның «Виннипег қасқыры» мен ағылшын жазушысы Д.Лондонның «Ақазу» шығармалары арасындағы ұқсастықтарды бірден байқауға болады. Кеңестік дәуірдегі әдебиеттанушылардың зерттеуінде Көксеректі бас кейіпкер етіп алуының сыры жоғарыдағы аталған туындыларға еліктеушілікте жатқандығына

тоқталғаны рас. Алайда, жазушының өзінің ғылыми зерттеулерінен аңғаратынымыз, ең алдымен, арысы ежелгі түркілердің, берісі қазақ халқының көне дүниетанымын шығармашылық мақсатта қолдануға ұмтылысына негізделгенін байқаймыз.

Онда қолда өскен, асыранды Көксерек атты бөлтіріктің тарихы жайында айтылады. «Көксерек» әңгімесінде еркіндік және ұлттық сана-сезім ролін алған қасқыр күшігі бір жасына келгенде ит және адамзат атаулыны да қызғандырып қайран қалдырады. Бөлтірік өсе келе қасқырдың табиғаты жеңіп, күндердің күнінде тағы да тектестерінің үйіріне қосылып кетеді. Енді өзі өсірген ауылға маза бермей, малға тиседі. Бұл жерде Көксеректің жыртқыштық мінезі қатал беріледі: «Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ырр» етіп кішкене күшікті тістеп суырып шықты. Бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап берген еді, Көксерек сонда да тоқтамай көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады» [6.13]. Өз күшігін аямаған Көксеректен адамға қайырым қайдан болсын. Ақыры Көксерек өзін асырап өсірген Құрмашты ат үстінен жұлып ап, өлтіріп кетеді. Мұнда Әуезов қасқырдың сүлдесінен мейірімсіз қарақшының мінезін танытады.

Адам – бөлтірік – ортаны жазушы диалектикалық байланыста береді. Бөлтіріктің көбінше зоолоиялық өсіп-өнуіне емес, сыртқы ықпалға, яғни оның мінез ерекшеліктеріне, қатын-қалаш, ауыл иттерінен көрген жәбірінің жалғыз бала Құрмаштың жібите алмағандығын нанымды береді. Қырдың дүлей күшінің еріксізден қолға түсіп, өсе келе бостандыққа ұмтылуы, ұяластарын іздеуі жаратылыстың заңы. Нәсілі бір болса да, өзге қасқырлар Көксеректі оп-оңай тобына да қоспайды... Осылай жүйесі үзілмеген шығармаларды оқи отырып, астарлы сырлар мен ойларға жетеленесің. Мәселен, «...Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды. Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап

аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды. Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды...» [4. 26.]. Осы эпизодты оқи отырып, «опасыз пәни деген осы» деп тұжыруыңыз да әбден мүмкін. Кеше ғана өздерін оттан, судан, жаудан сақтап жүрген басшы көкжалды, бүгін одан да мықтырақ біреу шығып еді, артындағылар жарып, оған ғана қанағаттанбай жеңі де салды. Егер ертең тағы бір күш иесі шықса, бүгінгі жеңімпазды өткеннің кебін кимесіне кім кепіл. Қасқырлардың осы жасаған іс-әрекеті адамзат қоғамында да кездесетінін ойлағанда, Көксерек – көкбөрі зұлымдық бейнесінде алынғаны ма? Кеше ғана бауырына тартып, қорғап жүретін пана-сыз дала бейнесіндегі Құрмаштан бүгін Көксерек сырт айналып, ажал болып келе жатқаны несі? Кешегі жасаған жақсылық, адамгершілік қарымтасы қайда? Әлде әлсізге күшті қашанда ықпалын жүргізу керек пе? Адам қоғасы мен хайуанат арасында бітіспес күрес бар ма? Т.б. осы сынды адам мен адам арасында болатын сұрақтар да кесе-көлденеңнен тұратындай.

Шығарманың сюжеті Құрмаштың өлімімен аяқталады. Бұл жерден автордың Құрмаш өлімін трагедиямен аяқтауының себептері астарлы. Осында көрінетін қатігездік, сатқындық, жауыздық сынды қоғамдағы адамдар арасындағы ахуалды сипаттағандай әсер береді. Жазушы шығарманы Құрмаштың өлімімен аяқтаса да болар еді. Бірақ мұндағы жазушының айтпағы қашанда зұлымдыққа, озбырлыққа қарсы тұратын, оны женетін күш бар деген астарлы сарынды да білдіре түскендей...

Әйгілі «Қараш-қараш оқиғасы» оқиғасы жазушының 1920-30 жылдардағы ізденістерінің тиянақталғанындай көрінісі деуге келер. Өйткені, жоғарыдағы әңгімелерінің барлығында зорлықшылдар бар да, оған

қарсы тұратын күрескер жоқ. Олар үшін оқырманы кек қайырап болса, өмірден алынған бұл шығармасында күрескер бар. Барлық алынбаған олардың кегі осы шығарма арқылы, Бактығұлдың атылған оғымен қайтқандай болады. Басқалай амал жоқ еді. Үй ішін асырау үшін аң аулау кәсібімен қатар, амалсыздан алыстағы елдерден анда-санда барымталап қайтады. Бір күні ауа райының кенеттен бұзылуына орай, алысқа бара алмай, кез болған үйірден мал ұрлап, сойып алғанның үстінен ұсталады, қуғыншылардан есі ауғанша дүре жейді. Ұрлықтың төлеуі есебінде жалғыз аты мен сиырын алып кетеді. Есіне келіп, барлық мән-жайды әйелінен естіп білген соң, ұрлықты тастап, адал күн кешпек болады. Сөйтіп, Жарасбай болысқа барып жалданады да, бір жыл қызмет атқарып, болыстың шабарманы ретінде белгіленіп, ескі кәсібін ұмытқандай бола бастайды. Бірақ, Жарасбай өзімен жауласқан рудан кек алу мақсатында Бактығұлды еріксіз барымтаға аттандырады. Ру арасындағы тартыс толастаған уақытта өзін ақтап шығу үшін Жарасбай Бактығұлды баукеспе қарақшы деп билер сотына тапсырып, түрмеге жаппақ болады. Мұны сезген Бактығұл болысты өлтіріп кек алмақшы болады.

Повестегі кейіпкерлердің барлығы өмірде болған, протиптері бар жандар. Бактығұл – Рысқұл (Т.Рысқұловтың әкесі), Саймасай – Жарасбай болыс. Осы шығарманың желісінде тамаша кинофильм де түсірілген. Бактығұл – М.Әуезов кейіпкерлерінің ішіндегі елеулісі. Кейіпкерінің басындағы ащы тағдыр арқылы сол кездегі өмірдің күрмеуі көп қайшылығын, адамдар арасындағы теңсіздікті шыншылдықпен суреттейді.

Шығарма қазақ қоғамының шындығынан туған, ескі ауылдағы әлеуметтік теңсіздік тартысына құрылған. Мұндағы бас кейіпкер өз тағдырының қожасы болуға ұмтылған және де өзіне дейінгілерден өзгеше күрделі тип. «Қараш-қараш оқиғасы» стихиялы түрде жүріп жатқанмен де – күрес, тіршілік, әділдік үшін айқас, кек қайтарушы әрекет адамы.

Әуезов және қазақ халқы – айыруға көнбейтін, ажырағысыз ұғымдар. Осы заманғы қазақ тарихының жарты ғасыры көркем сөз кемегерінің көз алдында өтті. Ол өз мойнына ескі көшпелі әлемнің күйреуі алдындағы халық болмысының дәуірін тану мен зерделеу, біз кіміз, жаңа өмірге қалай келдік, оған не ала келдік деген сауалдарды ой таразысынан өткізу сияқты ұланғайыр жауапкершілік жүктеді. Сондықтан да бүгінгі қазақ жастарының ұлы қаламгердің шығармаларынан алатын тағылымы аз емес.

Мұхтар Әуезов дүниежүзі әдебиетіне үлкен үлес қосқан, барлық халықтарға ортақ классик. Әрине, Мұхтардай ұлы тұлғаны бағалауға қандай эпитет, сипаттаманы алсақ та, жеткіліксіз. Оның халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек.

Қазіргі кезеңде біз өз халқына өлмес туындыларын тарту еткен жазушымыздың есімін мақтанышпен айтамыз. Осындай рухани қазынасы бар, барлық адамзатқа дос ниетпен қарайтын қазақ халқын тамаша болашақ күтіп тұр деп айтқым келеді. Мұхтар Әуезов есімі қазақ әдебиетімен мәңгі бірге жасамақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уақыт және әдебиет /Құраст. Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: «Қазмемкөркемәдеббас», 1962. – 428 б.
2. Исмаилова Ф.Е. Феминистская имагология. Монография. Алматы, 2003.—348 с.)
3. Майтанов Б. Әуезов және қазіргі қазақ романындағы эпикалық баяндау үрдістері. М.О.Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: 2009. – 336 б.
4. Әуезов М. Көксерек повесі мен Бүркітші және басқа әңгімелері. Құрастырған О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2006. – 512 б.

5. Әшімбаев С. Проза парасаты және ізденіс //Жалын, 1971, №6.)
 6. Уақатов Көркемдік ізденістер. – Алматы: Жазушы, 1991.– 208 б.

Резюме

В данной статье автор показывает колориты национального воспитания к молодежи в прозах великого писателя народа М.Ауезова. Цель данной статья разгадать философские смыслы воспитание в прозах.

Summary

In this article the author shows colors of national education to youth in prose of the great writer of the people of M. Auezov. Given article to solve the purpose philosophical understand education prose.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Қалыбаев Кенжебай Қалыбайұлы –

Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының директоры, білім беру ісінің үздігі Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар ауылы

Ұлттық тәрбие мәселесі қашанда күн тәртібінен түскен емес. Халқымыздың дана ұлы Абай атамның жастарға: «...көрсем, естісем, білсем екен деген жан құмарлығын» [1.58] алға жетелеп, өскелең оқушы жастардың тұлға ретінде қалыптасуына, бос уақытын салауатты өткізіп, қосымша білім мен тұлғалық тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алуына барынша жағдай жасалған. Ұлт, халық ретінде ерен болмысымен ерекшеленетін қазақ халқы қарттықты құрметтеп, кішіге құрметін, ініге ілтипатын аямайтын, қайырымдылықты қастерлеп, балаға мейірімін төгіп, үлкенге ізетін, рухани өміршендігін сақтап келе жатқан ел. Ұлттық тәлім-тәрбиеміздің де қанымызға сіңген басты көрінісі осы екендігінде дау жоқ. Олай болса, бізді алаңдатар не деген сауал туындауы әбден мүмкін. Болашақтың елшісі – жастар, ол – ұлт көшін алға сүйрер білімді де, саналы, салауатты болып қалыптасуы қажет. Өйткені, 2020 жылға қарай Қазақстан – білімді, саналы экономика мен жоғары білікті жұмысшы күші жоғары дәрежеде қалыптасқан мемлекет болуы керек. Ол ең алдымен оқушыға білім берумен айкындалады. Сол себепті, баршамыз білім беру ісін дамыта отырып гүлденген, тұғыры биік Қазақстанды қалыптастыруға ат салысуымыз қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы халыққа жолдауында: «Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал, мелекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады» [2.3] деп атап көрсеткеніндей, жасөспірімдерді, балаларды, оқушыларды жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға етіп қалыптастыруда балабақшадан бастап, мектеп, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары, жастар мен жасөспірімдердің бұқаралық ақпарат құралдарының, отбасының ролі зор. Жанашыр ұстаздардың мақсаты осындай жағдайларға негізделуі тиіс. Сол себепті де, сапалы білім мен саналы дағды алған ұлтжанды, мемлекетшіл, отансүйгіш тұлға етіп тәрбиелеу біздің мақсатымыз. Кезінде басынан талай теперішті көріп қалған қазақ халқы енді тыныштала бергенде мүлт кетсең жұтып қоятындай боп тұрған жаһандануға кеп кезікті. Отарлаушылардың саясатының құрбаны болып, ұлттық қаймағы бұзылып, салт-сана, әдет-ғұрып, ділінен ажырап бара жатқан жерінен Елбасының бастауының арқасында егемендікке қол жеттік. Өшпестей ізін салып кеткен езгінің салдарынан жастарымыздың арасындағы кейбірінің қазақ тілін, салт-дәстүрін, тарихын білмеушілік, бізді жаһандық талапқа сай бәсекелестікте әлі толық

қабілетті болып үлгермеуі алаңдатады. Ұлттық идеологияның мемлекеттік, жалпы ұлттық деңгейде көтерілмеуі, экономикалық, ғылыми-технологиялық бәсекелестікте қазақ жастарының үлес салмағының аздау болуы ертеңгі күнді алаңдатып отырғандығы рас. Қазіргі кезде ата-бабамыздың бойымызға сіңірген ұлттық тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбейді деп айтуымызға мүжбүр еткен де осы жағдай десек қателеспегеніміз. Оған бір жағынан, бүгінгі таңдағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму ықпалының жастарға әсерін ескерсек, екінші жағынан, саяси ықпалдың жастар тәрбиесіне дұрыс ден қоя білмеуі тұрғысынан қарастыруға болады. Кеңес үкіметі күйрегеннен кейін ұзақ жылдар енгізген тәрбие негізін құрту мақсатында шетелдік идеология өз миссиясын жүргізуге кірісті. Ал енді, өзінің үрдісінен, ата-дәстүрінен жеріп, «демократия» деп, барды дұрыс бағаламай, ұл-қыздардың өктем, өрескел сөйлеуі, ашық-шашық киінуі, келіссіз боянуы, ішімдікпен, шылыммен, есірткімен әуестенуі – демократияның бізге әкелген жағымсыз жақтары екені баршаға мәлім.

Ақпарат ғасырының дамуына негіз болатын азаматтық қоғам құру барысында, дамыған батыстық мемлекеттердің ең біріншіден, ел ішіндегі саясатқа араласары сөзсіз. Даму бағытын жаңа айқындап, стратегиялық жоспарларын енді ғана іске асыра бастаған жас мемлекет – экономикасы қарқынды дамыған мемлекеттер үшін, өз саясатын жүргізуге қолайлы аймақ болып табылатыны тарихта жаңалық емес. Олар – қызды ардан, ұлды намыстан айырып ұлтымызға жат, ұятты істерге итермелеп санасын уландыруда. Қазір демократия деп, теледидар, ақпарат құралдары арқылы ұлттық дәстүрімізді бұзатын қолайсыз хабарлар көп таралуда. Еліміздің табиғатында жоқ бұл ақпарат ағынын тезге салу – демократия талабына қайшы деп екпін ұғым тарататындар бар. Демократия ойға келгенді істеу емес, ол егеменді елді дамытуға бағытталуы керек. Оның көмескі жағдайларына тосқауыл қойған дұрыс болар еді.

Сондықтан, жастарымыз алды-артын бажайлап, ақылмен ойлап, өзінің ұлттық негізгі салтына сәйкес салмақтап, дұрысын бойына дарытып, байсалды, байыпты болғаны жөн. Өйткені, көп ұлтты еліміздегі қазақтар үшін, демократияның маңызды өлшемі – ұлттық құндылықтар екені сөзсіз.

Олай болса, «батпандап кірген ауру мысқылдап шығатын» «өзгенің қаңсығы, кейбіріне таңсық» болған жаһандық елдердің озық мәдениеті мен технологиясын қабылдаудан бұрын, сапасыз тауарлары мен темекі, арақ, есірткі т.б. әуестенуге жол берілмеуі тиіс.

Балалардың сапасы өте нашар уытты ойыншықтары, түрлі компьютерлік ойындар, қаптаған интернеттік сайттар, санасын улайтын түрлі кинолар мен ақпарат көздері жеделдеп кіріп те жатыр. Әрине, жаһандану өз кезегінде жақсы болғанымен, біздің ұлтымыздың болашағы – жастарымыздың тәрбиесіне кері әсерін тигізетін жағын ескерсек, оған жаңаша қарау, озығын жаңғырту бүгінгі күннің басты қажеттілігі.

Бүгін біз: «Білім – жас ұрпақ тәрбиесінің негізгі құралы» дегенімізбен, адам өміріндегі оның алатын орны жаңаша пайымдалып белгіленбесе, оны қаншалықты жамап-жасқап, оқу мерзімін ұзартқанымен, жаңа атаулармен атап, жаңа пәндер кіргізіп, жаңа әдістер қолданғанымызбен, бүгінгі тіршілік әлеміндегі бұл білім беру жүйесі, дәл бүгінгідей жүйесіз, бір-бірімен байланысы жоқ, ыдыраңқы күйінде. Себебі, бүгін, білім, Адам игілігіне қызмет етуден гөрі технологияны өркендетіп, техниканы күшейтуге ғана бағытталған. Біз тәрбиесіз адамнан рухтандыратын жаңалық пен өркендеу шықпайтынын ескеруіміз қажет. Тіпті шыққан күнде де оның нәтижесі дұрыс, яғни адам баласының жан-дүниесінің даму бағытына пайдаланбауы мүмкін. Интернет пен теледидардағы анайы материалдар, адам ағзасына зияны көп музыкалық әуендер, тәрбиелік мағынадан жұрдай киносуреттердің жастардың тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жатқаны сөзсіз. Осындай жайттарға тосқауыл қоятын, тексеріс нәтижесінде ғана көруге рұқсат беретін

арнайы ұйымның болмауы болашағымызды күйретіп бара жатқаны анық. Сол себепті, Қазақстанның барлық аймақтарында тікелей оқушы балалардың қосымша білім мен тәрбиесімен айналысатын ұйымдар көптеп ашылуы тиіс.

Адам тәрбиені, дүниедегі бар жақсы болсын, жаман қасиеттерді болсын дүниеге келген отбасы – алтын бесігінен, білім алған алтын ұя – мектебінен, өмір сүріп отырған ортасынан алатыны белгілі. Өйткені адам қоғамнан, қоғам адамнан тыс өмір сүре алмайды. Яғни, тәрбие – қоғамдық маңызды үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара қатынасын қамтамасыз ететін жүйе. Оқушыларымызға отбасынан тыс, ұлттық тәлім-тәрбие беруде, еңбекке баулу, мамандандыру, қысқасы өмірге даярлауда мұғалімнің атқарар орны ерекше. Соның ішінде, еліміздің озық ойлы, парасатты азаматтарын қалыптастыруда қосымша білім беру ұйымдарының орны зор деп айтқан болар едім. Тәлім-тәрбиені заман талабына сай жетілдіріп, жасөспірімдерге жеке тұлға ретінде өз орнын нақты табуы үшін алдымен басты тұлға мұғалімге, қосымша білім беру педагогтарына зор міндеттер қойылған.

Осы тұрғыдан қарасақ, біздің барша Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығындағы мұғалімдердің мынадай қасиеттері қатаң түрде қаралады: іскерлік, жауапкершілік, ізденімпаздылық, жаңашыл шығармашылық, біліктілік, жаңа технологияны жан-жақты меңгерген, баланың психологиялық икем, дағдысы мен қабілетін аша білетін, жүзеге асыра алатындығы ескеріліп отырады. Осы тәріздес педагогтардың интеллектуалдық даму деңгейі, психологиялық-физиологиялық, жеке ерекшеліктері ескерілетіндіктен, орталықтағы тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы оң шешімін табуға септігін тигізеді.

Еліміздің ертеңі – жас ұрпақ десек, оның тағдыры ұстаздардың қолында. «Ертеңгі күн – бүгіннен басталатынын ескере отырып, мектеп – мұғалім – ұстаз – оқушы – ата-ана тығыз байланыста болу қажет, сонда баланың өзіне деген сенімі

артып, шыңдала түсуіне жол ашылады. Кез келген ата-ана баласының мектептен тыс уақыттарда бос уақытының тиімді ұйымдастырылып, қоғамдық жұмыстарға қатыстырылып отырғандығын қадағалап отыруы шарт. Ал, осындай маңызды іске педагог жауапкершілікпен қарап, алдына түрлі мақсат қойып, шәкірттерін жүргізіп отырған үйірмелеріне бейімдеуі қажет. Өз ісіне қызыққан педагогтың жоспарлы еңбегін нәтижелі әрекеті көрсетеді. Түрлі үлгідегі үйірме жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың білімін, жауапкершілігін, күш-қуатын, ынтасын дамытуға, салауаттылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке баулимыз. Мәселен, туған өлкеміздің тарихын, экология мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу оқушыларды елін, жерін сүйуге бағыттап, қызығушылығын, ізденісін арттырады. Шығармашылық бағытта берілген білім баланың әдемі сөйлеуін, ойын қиындықсыз анық жеткізе білуге, мәнерлеп оқуға жетелейді. Ол – адам жанының ішкі айнасы. Адамға күш беріп, ойын таразылап, рухани күш-қуат та береді. Ал, өнерге баулу жұмыстарымен айналысатын үйірмелер, шығармашыл, адамгершілік қасиеттерге бай, өз бетінше шешім жасай алатын, ойы терең, талапты, талантты болып қалыптасуына әсер етсе, спорттық бағыттағылар баланың салауатты өмір салтын дұрыс ұстанып, жағымсыз әдет, дағдыдан аулақ болуды насихаттайды. Көп жылғы тәжірибемнен байқағаным, мектептен тыс уақытта қосымша білім беру ұйымдарында білімдерін жан-жақты дамытып жүрген шәкірттердің алға қояр мақсаттары да зор болып келеді. Уақыттарын текке өткізбей, пайдалы іспен айналысып, биікке ұмтылып жатқандарын көріп, жадырап қаласың. Бұл шәкірттің тәртіптілігіне қанағаттанбағандығын көрсетеді. Спорт, өнер, шығармашылық сынды таңдаған түрлі бағыттағы үйірмелерге қатысқан жасөспірімдердің бойына жат мінез жуи қоймайды. Ол теріс жолдардан бойын аулақ салуға, уақытын үнемді пайдалануға дағдыланады. Жалпы, қосымша білім беру ұйымдарының міндеті – білімді, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті, өзінің және

қоғамның мүддесін қорғауға дайын тұлға қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта барша жасөспірімдер тәрбиесі – қоғамдағы келелі мәселелердің маңызды бір бөлігі. Сондықтан, тәуелсіз Қазақстанның гүлденіп, алға жылжуына өскелең ұрпақты ұлттық тұрғыда тәрбиелеу алға қойылған. Сол себепті, ең алдымен талапты педагогтарға қойып, ұлттық тәлім-тәрбие беруге жұмылдыру қажет. Ол үшін оқушыларға әр оқу-жаттығу барысында түрлі халықтық, қазіргі заманауи технологияларды ұлттық тұрғыда кірістіріп, сол арқылы ықпал етіп отырса, нәтижеге жетері сөзсіз. Ал, мұның барлығы орта, орда мәдениетті болғанда ғана тәрбиеленген шәкірті де толық сол діттеген үрдістен шығады. Осы тұрғыдан қарар болсақ, оны былайша ұйымдастыру қажет деп санаймыз:

– Ең алдымен баланы психологиялық дайындықтан өткізу қажет;

– Өтетін тақырыптарды, жаттығуларды оқушының жас ерекшелігіне қарай бөліп, бейімдеу;

– Жас ұрпақты туған жері, өскен ортасын құрметтей білуге, сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық құндылықтарды қастерлей білуге негізделген шығармаларды пайдалану, оны үйрету;

– Жасөспірімдерді өздері таңдаған бағыттағы үйірмелері, саласы бойынша баулып, болашаққа апаратын өмір жолын, мамандығын таңдауға көмектесу;

– Шығармашылық тәрбие арқылы балалардың дарындылық қабілеттерін ары қарай дамуына бағыт-бағдар беру, ата-бабамыздың шешендік өнеріне баулу;

– Заман талабына сай өз бетінше жеке немесе топтық жұмыс жасауға икемдеу;

– Білім беру кезінде түрлі әдіс-амалдар, тәсілдер арқылы жас ұрпақ санасына интеллектуалдық, патриоттық, адамгершілік қасиеттерді шоғырландыру;

– Талантты жастардың талабының ары қарай шыңдалуына;

– Өз бетінше ойлап, сол ақылы әрекет етуге, өзге ортада өзін мәдениетті ұстай білуге, коммуникативтілікке бейімдеу және т.б.

Әр оқушы қатысқан үйірмесінен уақытын тиімді өткізуімен қатар, өз бетімен жұмыс жасап, ұнамды іспен айналысуына мүмкіндік туады. Зерттеу нәтижелері бойынша көбіне ұрлық-қарлық, ойын-сауық өткізетіндер, төбелес, бұзақылыққа баратындар бос жүрген жасөспірімдер. Әлеуметтік жағдайды ескерсек, нашар тұратын отбасылар балаларының уақытының дұрыс ұйымдастырылуына жағдай жасай алмайды. Сол себепті, олар уақытының көп бөлігін көшеде өткізеді де, теріс әрекеттерге бой алдырады. Тегін берілетін қосымша үйірмелерге баруға кез келген бала тартыла бермейді. Сондықтан, біріншіден, мүмкіндігінше отбасы тәрбиесі дұрыс ұйымдастырылуы қажет, екіншіден, педагогтар әлеуметтік қажеттілік жағдайында жүрген балаларға көмегін аямауы керек. Ол үшін оқушыға баланың жақсы қасиетін өзіне дәлелдеп көрсету, өмірде, қоршаған ортада өзіндік орны бар екенін сезіндіру, жақсы қасиеттері, жетістіктері болса міндетті түрде дәріптеу, баланың көңілі қалаған ісімен шұғылдануына жағдай жасау, үйірменің жұмыстарына жұмылдыру, қадағалап қана қоймай, тең құрбысындай ақыл-кеңес беру қажет.

Саналы да, сапалы ұрпақты тәрбиелеп, қатарға қосу – бүгінгі күннің басты талабы. Қосымша білім беру ұйымдары оқушының тек бос уақытын ұйымдастырудың құралы ғана емес, жасөспірімдерді әлеуметтендіру, тәуелсіз Қазақстанның ұлтжанды, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдері қалыптасқан, рухани дамыған кемел тұлға тәрбиелеп шығуда орны зор. Елімізде осындай тәрбие мен білім беретін ошақ көздері көбейе бергей!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: «Қазақстан», 1993. – 128 бет
2. Қ.Р. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы Халыққа жолдауынан

Резюме

В данной статье рассмотрены проблемы о национальной воспитаний молодежи, а также воспитательно-образовательную деятельность в организациях дополнительного образования. Указаны об определенных требования к их решение.

Summary

In this article problems about national vospitaniye molodezhy, and also educational and educational activity in the organizations of additional education are considered. Requirements to their decision are specified about defined.

БЕТАШАР ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫПТАРДАҒЫ ПАРАЛЛЕЛЬДЕР

*Самал Дәрібайұлы –
ал-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті,
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақ фольклорының жанрларында әлі де зерттеуді қажет ететін тұстар аз емес. Соның бірі – үйлену және жерлеуге қатысты әдет-ғұрыптардағы параллельдер. Ал-аш баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі таным түсінігінің тоқайласар тұсы қазақ халқының **беташар** салтында айқын аңғарылады.

Біз сөз еткелі отырған үйлену мен жерлеу ғұрпындағы параллельдерді ғұрыптық өлеңдерге, түр-түске және ырым-тыйымдарға байланысты танымдар арқылы қарастыруға болады.

Күні бүгінге дейін беташар салтының тұрмыс-салт өлеңі ретінде жанрлық ерекшелігіне, тәрбиелік мәніне фольклортанушы ғалымдарымыздың еңбектерінде жүйелі пікірлер білдірілді.

Қазақ халқының дүниетанымында **беташар** қыз баланың келін атанып, жаңа шаңырақтың табалдырығын аттағаннан кейін бір рет қана және міндетті түрде жасалатын ерекше салт.

Беташар – келінге жаңа ортаны таныстырумен бірге, тазарту миссиясын да жүзеге асырады. Яғни, келін түсіруші жак

беташар жасау арқылы жас келінге келген ортасын таныстыра отырып, онымен бірге көзге көрінбес тылсым зұлым күш иелерінің ілесіп келмеуін де мақсат етеді. Келіннің қадамының құтты не құтсыз болуы оның түскен шаңыраққа тез сіңіп кетуіне тікелей әсер етеді. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген мақалдың осындай жағдайларға байланысты айтылғаны хақ. Егер келін түсірген шаңырақ немесе әулет тойдан соң тағы бір қуанышқа кенеліп жатса, үлкендер жағы «аяғы құт болды» деп жақсылыққа жорып жатады. Мұндай жағдайда жас келіннің іс-әрекетіндегі кейбір олқылықтар көпке дейін еленбей қалатыны да анық. Сол секілді босаға аттағаннан кейін әулет ауыр қайғыға ұшыраса (отбасы мүшелері не жақын туыстардың қайтыс болуы, ауруға ұшырауы, т.б.) «аяғы құтсыз келін» деген атқа таңылуы да мүмкін. Бұл – күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан түсінік. Келіннің бетін ашарда кей жерлерде қамшының пайдаланылуы да негізінен осы факторға байланысты. Себебі, қамшы – көне түсініктер бойынша сыртқы тылсым күштерден қорғаушы. Ертедегі бақсы-

балгерлердің толғағы ауырлап, босана алмай жатқан әйелдің – жан-жағынан ауаны қамшымен оскылап, оны жеңілдетуге тырысқандығы туралы деректер баршылық. Яғни, бұл ретте қамшы – әйелді қинап жатқан **албасты** секілді зұлымдық иелерінен сақтайды деген түсінік болған. Беташарда келіннің жаулығының ұшына байланатын қамшы осы функцияны атқарады. Күні бүгінге дейін қазақ отбасында қамшы аяқ асты тасталмайды, көрнекті орынға (төр) ілінеді.

Беташардың ғұрыптық генезисінде фольклордағы «жұтып, қайта құсу мотивінің» негіздері бар екенін аңғарамыз. Белгілі зерттеуші-ғалым С.Қондыбай өзінің «Арғы қазақ мифологиясы» атты еңбегінде бұл мотивті «...тек ұсталықпен, металмен байланыстырып қоюға болмайды. Осындай байланыстың дұрыс екендігі анық, дегенмен «металдану идеясы» бастапқы «ұлы ананың жұтып, қайта құсуы» әрекетін инициациялық сынақ түрінде қайталап отырудың бір варианты ғана. Бастапқы әрекеттік схемадан – архетиптен басқалай да (ұсталыққа, металға қатысы жоқ) түсініктер, ырымдар, ғұрыптар өрбіп шыққандығы анық...» деп түйіндеген болатын. Олай болса ғалым пікіріндегі «өрбіп шыққан» ғұрыптың бірі осы **беташар** деп айтуға негіз бар. Себебі, беташар салтының негізінде қалыңдықты «өмірге қайта әкелу» миссиясы бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін беташарға дейінгі жасалатын ғұрыптардағы параллельдерге назар салайық:

Тұрмыс-салт өлеңдеріндегі параллельдер. Қазақ халқының қыз балаға «аз күнгі қонағым», «жат жұрттық бала» деп ерекше ілтипатпен қарағаны белгілі. Қызын ұзатқан үйге «қызынды құтты орнына қондырдың ба?» деген мағынадағы тілек сауалдарды дүниеден бақилық болған адамның артынан шаңырағына бата оқып барушылардан «қарияны құтты орнына қондырыпсыздыр» деген сипатта естіп жатамыз. Қыз баланың ұзатыларда айтатын **сыңсуы** мен дүниеден озған адамға арнап айтылатын **жоқтаудың** арасында да көне танымдардың ізі жатыр. Бұл екеуі де міндетті түрде айтылуы тиіс

ғұрыптық өлеңдер. Осы ретте сыңсудың көп ретте қыз баланың өз теңіне қосыла алмай, шерменде болып бара жатқанда ағайын-тумасымен, ата-анасымен қоштасып айтатын өлеңі ретінде танылып келгені де жасырын емес. Әсіресе бұл ғұрыптық шығарма кеңестік идеология тұсында кедей қызының малға сатылып, өзінен бір-екі мүшел үлкен адамға тоқалдыққа еріксіз бара жатқанда айтатын өлеңі ретінде біржақты баяндалды. Әрине, халықтың тұрмыстық жағдайында осындай беттердің болғаны да ащы шындық. Дегенмен, сыңсуды тек қыз баланың сүйгеніне қосыла алмай, өзіне тең емес адамның етегінен амалсыз ұстағандағы зарлы шері, мұңды әні ғана деп қарау дұрыс емес. Сыңсу қыз баланың қандай жағдайда ұзатылып бара жатқанына тәуелді емес және міндетті түрде айтылуы тиіс ғұрыптық өлең болған. Бұл функция жоқтауға да тән. Дүниеден озған адамның артынан жоқтау айту күні бүгінге дейін көп жерлерде сақталып қалған. Жоқтау – дүние салған адамның жасына, пәни дүниедегі жақсылық-жаманды істеген әрекет-амалдарына тәуелсіз айтылуы тиіс шығарма. Яғни, жоқтау да сыңсу секілді қайтқан кісінің не ұзатылғалы отырған қалыңдықтың әлеуметтік статусынан тыс **міндетті түрде орындалатын** ғұрыптық шығарма. Әрине, біздің бұл ретте айтпағымыз, адамдардың әлеуметтік жағдайына қарай кәде-салттардың барлығы бірдей орындала бермейтіндігі. Белгілі фольклортанушы – ғалым Б. Уахатов осыған байланысты: «Мұның өзі бір жағы байлықтан, барлықтан, асып төгіліп жатқан жеке адамдардың молшылығынан туғанымен, қалың кедей, кемтарлар, қойшы-қоландар үшін қолдан келмес кәделер. Бұл кәделер: ат байлар, ентік ақысы, сүт ақысы, жыртас, босаға аттар, көпшік қыстырар, шатыр байғазысы (мұны бөкейліктер «отау тігер» дейді), түндік жабар, кемпір өлді, ит ырылдатар, шаш сипатар, қол ұстатар, төсек салар, шымылдық байғазысы, арқа жатар, қыз көтерер, көрпе қимылдатар, мойын тастар, бақансалдымдық, төстің басы, күйеу аттандырар, сарын (аужар), орын тойы (қыз қашар), келін келді, сәукеле байғазысы,

босаға ілу, отқа май құю, беташар, бие қысырамас, өңір салу, енші бөліп беру, төркіндеу секілді түр-түрге бөлінеді де және соның әрқайсысына ақы төленеді» деген пікір айтады. Ғалым дерегінде баяндалған салт-дәстүрлердің беташардан басқасы сыңсу мен жоқтау секілді міндеттілікті қажет етпейді. Бұл кәделерді әркім өз жағдайына қарай орындауға тырысады. Оның әр өңірдегі аймақтық ерекшеліктерге, келін алған не қыз ұзатқан әулеттің тұрмыстық жағдайына байланысты бірі орындалып, бірі орындалмай жатуы да мүмкін. Ал сыңсу мен жоқтаудың танымдық мәні адамдардың әлеуметтік статусын теңестіреді. Бұл ретте ескеретін нәрсе, қалыңдықтың ұзатылып, беташары жасалғанға дейінгі жоралғылары дүниеден озған адамға жасалатын ғұрыптармен қатар өрбіп отыратындығы.

Ырым-тыйымдардағы параллельдер. Қыз балаға өз ошағынан ұзатылып келін атанғанға дейінгі аралықта жасалынатын ырым-тыйымдар мен әдет-ғұрыптар да негізінен дүниеден озған адамға жасалар жоралғылармен параллель келіп отырады. Мысалы, қыз ұзатылып бара жатқанда үлкендер жағы «артыңа қарайлама» деп ескертіп жатады. Бұл – егер қыз артына қараса барған жерінен төркініне қайтып келуі мүмкін деген сенімнен шыққан тыйым. Дәл осыған ұқсас тыйым дүниеден озған адамды жерлеп немесе бейіт басына зиярат етіп келе жатқанда да жасалады. Яғни, бейіттен қайтқан кісілерге артына қарайлауға болмайды деген табу жасалынған. Табудың түп төркінінде оны бұзған жағдайда «әруақтар әлемі шақырады, өлім жақындайды» деген түсінік жатыр. Сол секілді ұзатылып бара жатқан қыздың басынан жеңгелері немесе жақындары дәм-тұз айналдырып алып қалып жатады. Бі.Алтынсарин дәл осы ырымның қайтыс болған адамға да жасалғандығына дерек келтірген. Екі ырымның да көздеген мақсаты біреу: құт берекенің шаңырақтан ауып кетпеуі. Нақтырақ айтар болсақ, алғашқысында құттың ұзатылған қызбен кетпеуі, ал екіншісінде дүниеден салған адамның отбасының ырыс-несібесін өлі-

ліер әлеміне алып кетпеуіне байланысты жасалатын ырымдар. Қазақ қашанда отбасының, әулеттің құт-берекесін сақтауға мүдделі. Сондықтан болар, қазақ тұрмысында әлі күнге жалғасын тауып келе жатқан ырым-жоралғылар (қазанды ретсіз бермеу немесе бос қайтармау, төңкеріп тастамау, бас тартылғанда оның құлағын кесіп алып қалу, сатылар малдың бас жібін бермеу, т.б.) құт-берекені сақтаумен тікелей байланысты.

Ұзатылған қыз көші межелі жеріне жетем дегенге дейін еш жерге аялдамауды, кідірмеуді көздеген. Бұл ырым дүние салған адамды жерлеу ғұрпында да ескеріледі. Мәйітті құтты мекеніне қойғанға дейін еш жерде аялдатпау, жерлеу барысында мүрдені көмушілердің күректі бірінен бірі іліп әкеліп, толық аяқтағанша жұмысты кідіртпеуі алдағы мысалмен қабысып жатыр. Осы ретте екі функцияның да ертеректе түске дейін, яғни күннің алғашқы жартысында жүзеге асырылатындығына да мән берген жөн. Дегенмен қазіргі қыз ұзату тойлары кешке басталатындығына орай қалыңдықты түнгі он екіге дейін әкету (сағаттық өлшеммен қалыптасқан дәстүр) дәстүрі қалыптасқан.

Сыңсу айтылып болғаннан кейін қыз шашы тарқатылып (ертеректе қайтыс болған адамның шашы тарқатылған), қос бұрыммен өрілген. Себебі, қос бұрым – жұптық өмірдің белгісі. Ал, қазақ қыздарының кішкентай кездерінде шаштарының көп бұрымды болғанын да ескеруіміз керек. Осы орайда қазіргі қазақ қызының сұлулығының өлшемі болып жүрген қос бұрымның көне жырларымызда кездесе бермейтіндігін де ескерген жөн. Қазақ халқының лиро-эпостық жырларында мақпал шашты, сүмбіл шашты, қолаң шашты қазақ аруларының бейнелері сомдалғанын айта кеткеніміз орынды.

Түр-түске байланысты параллельдер. Қазақ халқының дүниетанымында ақ орамал тағу босаға аттаған, есік көрген әйел баласына тән. Сондықтан тұрмысқа шықпаған қыз баланың орамалы ақ түсті болмауы қадағаланады.

Қыз бала ұзатылып барған жерінде беташар дәстүріне дейін ақ шымылдықтың ішіне түсіріледі. Бұл қазақ даласының көп

аймақтарында әлі күнге дейін сақталған. Шымылдық ішіне кіргізудің параллелін біз дүниеден озған адамға да жасалатын ырымдардан көреміз. Яғни, мәйітті жөнелтуден бұрын оны ақ шымылдыққа жатқызу ғұрпы, оң жаққа қойылуы (қыздың ұзатылғанға дейінгі оң жақтағы орны) Қазақстанның көптеген өңірлерінде, ата дәстүрдің қаймағын бұзбай сақтап отырған шет елдердегі қандастарымыздың ғұрыптарында әлі күнге дейін бар.

Ақ түс тек тазалықтың, пәктіктің белгісі ретінде қабылданғанымен күні бүгінге дейін оның көне замандардағы өлілер әлемнің символы ретіндегі танымы да қатар келе жатқанын айта кеткен абзал. «Символдар сөздігінде» ақ түстің қорқыныштың, мойынсұнудың белгісі ретінде қабылданғаны туралы айтылады. Мысалы, жаугершілік уақытта ақ ту көтеру берілудің, мойынсұнудың немесе елшінің белгісі ретінде қабылданған. Қытайда, ежелгі Римде, Европа мемлекеттерінің көпшілігінде ақ түс қайғымен бірге, өлген адамды күтіп жатқан әруақтар әлеміне арнау мағынасындағы функцияға ие еді. Әрине, қазіргі таңда ақ түс дәл осындай танымдық мағынада қолданылмаса да біз мысалға келтіріп отырған қыз бала мен әйел адамдардың киім кешектерінің түр-түсіндегі ерекшеліктердің генезисі, нақтырақ айтсақ жаңа түскен келінге ақ жаулықтың жабылуы осы танымдардың негізінде қаланғаны анық.

Ақ жаулық – жас келіннің бетін ашардағы ең негізгі атрибут. Әлбетте, жаңа ортаға

таныстырам дегенге дейін келіннің бетіне ақ жаулықтың жабылып, көпшілікке көрсетілмеуі де заңдылық. Яғни, беташардың негізгі ғұрыптық функциясы – осы жаулықты ашу. Ұзатылған қызға жасалатын ғұрыптар жерлеу ғұрпымен параллель келсе, **ақ жаулықты ашу** арқылы «өмірге қайта әкелу» функциясы орындалады. Бұл функцияның қазақ дәстүрінде дүние салған адамның жүзін ақ матамен жауып, арулап жөнелтуімен параллель екенін де айта кеткен жөн. Мәйітке жасалатын ғұрыптың негізгісі оның **бетін жабу** және негізгі атрибут ретінде мұнда да ақтық (ақ мата) қолданылады. Жоғарыдағы параллельдер беташар салтының тамыры тереңде екендігін аңғартады.

Бүгінгі күнге дейін зерттеу еңбектерде қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының ішіндегі өзіндік ерекшелігімен дара тұрған беташар салтының жанрлық ерекшелігіне, жас келінді жаңа ортаға таныстырудағы тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлінді. Рас, беташардың тойға жиналған қауымға, соның ішінде ақ босаға аттаған келінге берер өсиеті үлкен. Өкінішке орай, бүгінгі беташарлардың танымдық-тәрбиелік сипаты әлсіреп, жасанды шарттылыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Әсіресе, ешқандай халықта қайталанбайтын осы ғажап салттың коммерциялық сипатқа ауыса бастауы көңіл қынжылтады. Бұл ретте тойшы қауым да, беташар жасаушы өнерпаздар да ойланатын мәселелер бар.

Резюме

В статье автор рассматривает параллели семейных традиций, обычаев и казахской песни беташар.

Summary

The author considers the parallels of family traditions and customs, and Kazakh songs betashar.

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ

*Садықова А.Е. –
педагогика ғылымдарының магистрі,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
ғылыми-зерттеу институтының
ғылыми қызметкері*

Мықты болмыс пен рухани наным, өмірге құштарлық пен адами қасиет атаулының қайнары адамзатқа ұлы таланттардан жұғысты болып келеді. Ұлылықтық жолында бәрі – кішік. Бұл – қалыптасқан жағдай десек, ұлылықтың санаға ұялар сәтін кімнен, неден іздейміз? Осы сұраққа қатысты талғамның өзегі, нәзік жібі жалғасып келіп, бір-ақ адамға тоқтайды, ол – ұлылықты ту етіп, келешекке сенім күшін ұялатқан ұстаз даналығы, яғни, нақ осы ұстаздың өр тұлғасы.

Өркениеттің ғалами талабы білімді ұстазды қанаттандырып, жаңашылдық пен ізденіс шыңына қондырады десек, дүниедегі білім атаулының кілті де, құпия, сыры да ұстазға ғана тәуелді екендігіне еш дауымыз жоқ. Мен білетін ұстаз – нақ осы өркениетке лайық ұстаз. Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет, сондай-ақ, ауыр міндет те жоқ.

Жалпы, «ұлылық» атаулының бәрі мені қызықтырып келеді. Оның тылсым құпиясы тым күрделілігімен тереңіне бойлай түсуге шақырады. Бірте-бірте көтерілген саты – баспалдақтай өрге сүйреп, өр тұлғалы кесек бейне асыл қасиеттерімен толыға түседі.

Дана халқымыз: бірде «Биік таудың төбесі көкке тіреледі» – десе, ал, бірде «терең теңіздерді түпсіз» – деуін халықтың надандығынан емес, таңданудың түпсіздігінен, ұлылықты құрметтеуінен деп ұғынамыз. Қандай марапатқа да, қошеметке де лайық қарапайым ұстаздық еңбек жолын, жемісті жылдарын шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, тіл үйрету, ағартушылық бағыттарында да елеулі еңбек етіп келе жатқан ұстаздың бірі – Есенова Қалбике апайым.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дейді атамыз қазақ. Сондай «жақсы ұстазым» Қалбике апай – өзіме ұстаз тұтқан жандарымның бірі.

Мен ол кісімен Абай атындағы ҚазҰПУ-ға алғаш оқуға түскенімде жолықтым. Шынын айтсам, бізді тағдыр жолықтырды. Ол кісіні алғаш көрген сәтімде байқағаным – әр қимылы, әр қозғалысы өзін ерекше етіп тұратындығы еді. Әсіресе, білімгер-студенттердің ортасында отырған қалпы сондай керемет, нағыз ұстазға тән бейнесі көз сүйіндіретін! Осындай өр тұлғалы Ұстаз тәлімін алатын әрбір дәріс шәкірттерінің көңілін көтеріп, ғажап күйге бөлейтін-ді. Мұндай «ажарлы кісінің» алдын көрген, білім алған біз сияқты студенттер қандай бақытты едік деп ойлағаным есімде. Ал, кейінірек, жақынырақ танысып, біле келе Ұстаз апайымның оқытушылық қызметінен бөлек, ғылым жолына терең үңілгендігіне қанық болдым. Иә, ... ұстаз шәкіртімен көрікті, шәкірт ұстаз тәлімімен ғана көктейді. Бүгін де бойдағы бар күш жігерін аямай, зерделі де зейінді шәкірт тәрбиелеу үшін білімі мен ілімін аямай, тынбай еңбек етіп келе жатқан ұстазыма аса құрметпен қарай отырып, ұстаздық өмір жолын ұлылыққа баладым. Біреулер үшін «ұлылық» сөзі тым әсірелеп айтылғандай естілер. Алайда, Мұхтар Әуезовше айтқанда: «Ұстаз есімінің өзі – ұлы есім». Жоғарыда атап өткендей Қалбике Өмірбайқызының өмір жолында көркемдік те бар, қажыр-қайрат та, ертеңгі ұрпақ еншілер өнегесі де мол. Жалпы, қазақ халқы – ән мен жырдың ордасы, ерліктің айрықша символы болған халық. Қазақта ақын да, батыр да, жазушы да, ғалым да, бағлан да көп. Әрине, асыл тумалар ешқашан көптік етпесе керек-ті. Ал шын ғалым, шын зиялы аса көп емес. Қазіргі таңда ат төбеліндей зиялының бірі Есенова Қалбике Өмірбайқызы десем, қателесе қоймаспын!

Гибратты ғалым, ұстамды да, ұлағатты ұстаз Есенова Қалбике Өмірбайқызы әрқашан елімізде болып жатқан еңселі оқиғалардан шет қалмай, бір адамдай атсалысып жүр. Соның нақ айғағы ретінде қазіргі қоғамдағы мемлекеттік тіл рөлін

коммуникативтік сөз мәдениеті талаптарын меңгерту арқылы күшейтуді; елбасымыздың бастамасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасына 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» құрастырушыларының бірі ретінде және «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» жасауға құрастырушы ретінде ерінбей еңбек етуде. 2001 жылдан бері ғылыми кадрларды даярлау ісіне қатысып келеді. Атап айтар болсақ, ол кісі 30-дан астам кандидаттық, докторлық диссертацияларға ресми оппонент болып, тіл мәдениеті, прагмалингвистика салалары бойынша бірнеше ізденушілерге ғылыми жетекшілік жасауда. Осынау көп болмаса да, мағыналы өмір жолында тек жақсының жақсылығын асырып, жаманның жамандығын жасырып, жұртқа жылы сөзін ғана арнаумен келе жатқан апайымыз – сабырлы, салмақты терең ойдың, биік парасаттың иесі.

«Адам бойында бір жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды», - деген екен ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұн. Ендеше, Қалбике Өмірбайқызының бойындағы осындай айтулы қасиеттің бірі – адалдық деп білемін. Бұл – ең бірінші өзіне, қоғамға, қызметтес әріптестеріне, отбасы мен дос-жаранға, ағайын-туысқа деген адалдық. Бұлардың санатында адалдыққа серік болған байсалдылық пен білімпаздық, бір сәт толастамаған еңбек тағы бар.

Ол кісінің біздер үлгі етер, мақтаныш етер қасиеттері: оның еңбекқорлығы, ақ ниеті, анық ойы мен әділеттілігі. Шәкірттері мен дәріс алушы студенттерінің жағдайын жасау, орынды түрде талап қоя білу – ол кісінің тағы бір қыры десе болады.

Рухани үндескен, жаның сүйген жан туралы айта бергің де, жаза бергің де келеді. Сондықтан да, Қалдыгүл апай жайлы әсерлі

әңгімеге нүкте қою мүмкін емес. Ол кісінің сөзінен де, атқарған ісінен де елді, жерді құрметтеу сезімдерін, ұлттық намыс пен абыройды биік қоятыны, ғылымға деген адалдығы бірден аңғарылады. Осы қасиеттерімен де төңірегіндегілерге ардақты да, аяулы!

Өркениетті ғасыр тізгіні – ұрпақтарының қолында, ал, ұрпақтың бар бақыты озық ойлы ұстаздың еншісіне ғана берілмек. Жан сарайыңды жібітетін тәрбиенің үлгісі де, ащы ақиқаттың күмбір күйі де өркениет ұстазының әр сабағында шежіре боп сөйлеп жатады. Бұл жалғандық болмай, тәлім-тәрбиелік үдерістің барлық жүйесінде мазмұнды түрде жүрсе, адамзаттың ой-өрісі дамып, сәулелене түспек.

Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атауылының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп шығару.

Осындай ұрпақ тәрбиелеп, шәкірт даярлауда мәңгі нұрдың қызметшісі, тынымсыз лаулаған жалын иесі – ұстаздардың еңбегі ерен әрі өлшеусіз. Саналы ғұмырын жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге арнаған, бойындағы жақсы қасиеттерін шәкірттеріне дарытып келе жатқан Есенова Қалбике апайым сияқты ұлағатты ұстаздарға айтар алғысым шексіз. Ғылымның шам-шырағына айналған алау оттарыңыз мәңгі алаулай берсін, ыстық шапағат, нұры шарпыған соңыңыздан ерген шәкірттеріңіз көбейе берсін!

Резюме

Статья посвящена кандидату филологических наук Есеновой Калбике. А так же в статье говорится о её ценных качествах, как человека и преподавателя, о её вкладе в науку в сфере образования.

Summary

The article is devoted to the candidate of philological sciences Esenova Kalbike. And as the article states its valuable qualities as a person and teacher, her contribution to science education.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

(М.Мағауиннің «Аласапыран» романы негізінде)

Құрманғали А.К. –

педагогика ғылымдарының магистрі

ХҮІ – ХҮІІ ғасырдағы қазақ пен орыс арасындағы қарым- қатынас, одан туындаған сан қилы оқиғаларды баяндауға арналған көркем шығармалардың бірі – М.Мағауиннің «Аласапыран» романы.

«Аласапыран» – тарихи роман, сондықтан да «автор ғасырлар тереңінен сыр тартып, тарихи құбылыстардың тәркінін таратып, жылнамалық документтерге жан бітіреді, дәуірдің саяси-әлеуметтік антологиясын алдыға жаяды» [1, 12]. Романда суреттелетін оқиғалар тарихи деректермен, тарихи тұлғалармен үндесіп, сол кезеңнің шындық көрінісін береді. Бұл тұрғыда «Аласапыран» романы қазақ көркем әдебиетіндегі тарихи шығармалардың ең сәтті үлгілерінің бірі деп санауға тек оның көркемдік-шығармашылық сипаты ғана емес, тілдік-стильдік белгілері де мүмкіндік береді [2,127]. «Аласапыран» романы – қазақ халқының сол кездегі тұрмыс-тіршілігі, салт-санасын, әдет-ғұрпы-болмысын көрсете аларлық дәрежедегі шығарма [3,15].

«Аласапыран» бұдан төрт ғасыр бұрынғы қазақ өмірін, заманды, оқиғаны суреттегендіктен, оның тілі сол дәуірдің, сол ортаның тілімен сәйкес келіп отыруын – шығарманың негізгі ерекшелігі деп танимыз. Тілші ғалым Р.Сыздық тарихи роман жазуға бел буған жазушының «романды тарихи стиль тезіне салып жазғанда, автор өзі суреттеп отырған тарихи кезеңге тән зат, бұйым, құбылыс, әрекет атауларын келтіруге тиіс, кейіпкерлерін мүмкіндігінше сол кезеңдегі тілдесу үрдісімен сөйлесуі керек, оның өзінде де әр кейіпкерді өзінің әлеуметтік орнына, тәрбие танымына, жасына, жынысына қарай «сол кезеңше» сөйлеткені тіпті абзал» дей келе, «міне, жазушы М.Мағауин осыны жақсы білген» [2,98] деп тұжырымдайды. Ғалымның пікірін

«Аласапыран» романы тілінде кездесетін көнерген сөздер арқылы нақтылай түсейік.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамдағы өзгерістер сөздік құрамның дамуына, толығыуына, өзгеруіне әсер етеді: жаңа сөздер пайда болып, енді бірі қолданыстан шығады, кейбірі көнеріп сирек қолданылатын дәрежеге жетеді. Көнеру процесі – ұзақ процесс: сөз әуелі сирек қолданылады, кейін кейінгі ұрпаққа түсініксіз сөзге айналады. Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшелігіне қарай көнерген сөздер архаизмдер және истаризмдер (тарихи сөздер) болып екі салаға бөлінеді. Архаизмдерге әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қарай әр қоғамда өзгеріп, қолданыстан шыққан сөздер жатады. Ал кезінде, белгілі бір қоғамда, актив лексика қатарынан орын алған, кейін сол заманымен бірге ұмыт болған сөздер тобы истаризмдер деп аталатыны белгілі. 300-400 жыл бұрынғы қазақы өмір, қазақ тарихының бір кезеңі суреттеліп отырған романда көнерген сөздердің молынан кездесуі табиғи құбылыс.

«Аласапыран» романы бойынша жинақталған материалдар негізінде көнерген сөздерді мынандай мағыналық – тақырыптық топтарға топтастыруға болады:

1. Қару-жарақ атаулары
2. Ел басқару, билік, лауазым, әскери атақ
3. Ат әбзелдерінің атауы
4. Киім-кешектің атауы
5. Ыдыс-аяқтың атауы
6. Әшекей, бұйым атаулары
7. Жиһаз атаулары
8. Саз аспап атаулары
9. Жылқы түрінің атаулары.

Бұл топтардағы сөздердің бір шамасы тілімізге қазіргі таңда кәсіби сөздер, термин сөздер түрінде оралып, арнаулы лексика

элементтері ретінде де, жалпыхалықтық сипатта да қолданылып жүргенін ескергеніміз жөн. Мәселен, ат әбзелдеріне қатысты айыл, айыл-тұрман, өмілдірік, үзенгі, шылбыр, тізгін, қамыт,ер-тұрман тәрізді сөздер мен сөз тіркестері әр қазаққа таныс, қазіргі таңда жалпыхалықтық лексикада кеңінен қолданыста жүр, бұлар көнеру процесіне толық ұшырамай, тілімізге оралып үлгерсе, «Қара халық мінген аттар да ер тұрманы оңша бай болмағанмен, құйрығы түйіліп, жалы өрілген, кекілі үкіленіп, ою-өрнекті кезім жабылған» [Аласапыран, 110] (ары қарай «А» - Қ.А.) деген сөйлемдегі *кезім* – көнерген элемент. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөз былай түсіндіріледі:

Кезім – зат. Көне. Кестелеп, оюлап жасаған әдемі ат жабу [4].

Жоғарыдағы топтарды құрайтын сөздердің барлығы дерлік көнеріп, қолданыстан шығып қалған сөздер емес, бірақ мағынасы көмескіленген, салалық мамандарға ғана түсінікті, сирек қолданылатындары баршылық. М.Мағауин өз кезегінде кейбір көнерген элементтерге түсінік беріп отырады. Біздің мақсатымыз – көнерген сөздердің мәнін ашу, екіншіден, қаламгердің «суреттеп отырған дәуір тіліне жақын, танымдық қасиеттері мол, уақыт бедері дәл» келетін тілдік элементтерді орынды пайдалана білгендігін дәлелдеу.

«Кеңестен шет, таяу төңіректе, кейбірі – от басында жантайған қалпы сүйек мүжіп, кейбірі айыл-тұрман оңдап, ішпек, тоқымын күнге кептіріп жатқан» [А, 480] сөйлеміндегі *ішпек* сирек қолданылатын, біреу білсе, біреу білмейтін ат әбзелдерінің қатарына жатады. **Ішпек** – тоқымның астына төселетін жұмсақ ішкілік.

«Аласапыран» романында қару-жарақ атаулары молынан кездеседі. Мәселен, қалқан, қылыш, найза, шокпар, садақ, семсер, қанжар, айбалта, мылтық, сүңгі, зеңбірек, кездік. **Қалқан** – көне. Батырлар оқтан, найзадан қорғанатын соғыс құралы. **Қылыш** – болаттан істелген, өткір жүзді. **Найза** – ұшын темірден істіктеп жасаған ұзын сапты ескі соғыс құралы, сүңгі. **Шокпар** – басы домалақтанып келген,

берік таяқ қару. **Садақ** – көне. Ағаштан иіп жасалған соғыс құралы. **Семсер** – болаттан істелген екіжүзді өткір қару. **Қанжар** – белге байлап жүретін, қос жүзді үлкен пышақ (қару). **Айбалта** - көне. Ұзын сапты жарты ай бейнесіндегі кішірек балта. **Мылтық** – оқ-дәрімен атылатын қару. **Сүңгі** – көне. Темірден, болаттан қырлап жасалған ұшы үшкір найза. **Зеңбірек** – алысқа атылатын үлкен соғыс құралы. **Кездік** – (зат) Кішкентай пышақ.

